

**Марат Түсіпов**

**Абай сөзі –  
даналық көзі**  
*(философиялық-танымдық еңбек)*

Қарағанды 2020

Түсіпов Марат Исабекұлы

**Абай сөзі – даналық көзі**

*(философиялық-танымдық еңбек)*

Кітапта Абайдың күрделі еңбегі – «Отыз сегізінші қара сөзіне» философиялық-танымдық талдау жасалған. Еңбек бірнеше тарауларға бөлініп, әр тақырыптың мәні мен маңызы баян етілген.

Ұлы ойшылдың исламдық танымды байытқан тың ойлары, тұжырымдары сөз етіледі; адамзаттың рухани мұрасына қосқан үлесі айтылады.

Кітаптың екінші бөлімі – Абайдың афоризмдерінен тұрады, олар әліпби бойынша берілген.

Еңбекте ой саларлық жәйттер – баршылық.

## 1-тарау

*Ғалым Ақыжан Жақсыбекұлы Машановтің  
рухына арнаймын.*

## АЛҒЫСӨЗ

Абай шығармашылығының ішінде, оның «Қара сөздерінің орны бөлек: философиялық, рухани-танымдық жағынан биік.

Ал, «Отыз сегізінші сөз» (әрі қарай – «Сөз») биік жартаc іспетті, ерекше оқшау тұрған, бір сырлы дүние.

Зерттеушілер осы «Сөздің» алғашқы атауы басқаша болғаның алға тартуда, ол іс нақты анықталса, айналымға енсе, пайдаланатыны – сөзсіз.

«Сөз» сырына, ғибраты мен маңыздылығына үңілу, зерделеу жалғасын табуда: ұлы кемеңгердің замандастарынан бастап – Алаш қайраткерлеріне дейін, алып Мұқтар Әуезовтен – бүгінгі күнге дейін.

Абай қара сөздерінің – жалпы еңбектерінің – жаңа сипатта танымдық-зерттеу арнасына түсу үшін абайтанушылар аянбай тер төкті. Солардың арасына ұлы ойшылдың жүз жылдық мерейтойында – 1945 жылы баяндама жасаған, өмірден Абай деп, әл-Фараби мен Абайдың ұлылық үндестігін іздеп өткен Ақыжан Машанов; бүкіл ғұмырын Абай әлеміне арнап, оның ізгілікті ілімін өткен ғұламалардың рухани қазынасының жалғасы әрі сабақтастық үлгісі деп тынбай еңбек етіп жүрген Мекемтас Мырзахметов және тағы басқалары бар.

Біз де («мен» деген сөздің орнына) ниеттеніп, «Сөздің» мән-мағынасына, оның қойнауына еніп, жылдар бойы әр сөзін, әр сөйлемін талдап, ұғынуға тырыстық. Тақырыптарына қарай сараланды, ондаған еңбектер оқылды.

Нәтижесінде, «Отыз сегізінші сөз туралы Сөз немесе Даналық кітабы жайында Ой» деген еңбек жазылды.

Еңбек, негізінен, Абайдың өзі жол сілтеген тақырыптары: Алланы тану, өзін тану және дүниені тануға сүйенді. Әрине, олардан туындайтын басқа да мәселелер қамтылды; ұрпақ тәрбиесі, имандылық әрі ғибадат мәселесі, ғылымтанымдық ұғымдардың маңызы, кемелдік және адамдық жолдар, т.с.с.

Сонымен бірге, еңбекте ойшылдың суреткерлігі баяндалады; әр жылдардағы (1961, 2010, 2014) басылымдардың еңбекті шығару сапасына пікір білдірілді; нақты сөздері мен пайдаланған аят-хадистері, ғұламалар ойы топтастырылды.

Абай «Сөзінде», әсіресе, Алланың сипаттары мен көркем есімдері жиі айтылғандықтан әрі иманның жеті шартын еске салғандықтан, оларды қосымша ретінде, сенімді басылымдардан алынып, ұсынылып отыр.

Аталмыш туынды «Абай сөзі – даналық көзі» деп аталады, екі бөлімнен тұрады: біріншісі - жоғарыда айтқандай, екіншісі – афоризмдер.

Ескеретін жәйт: тырнақшаға үзінді ретінде алынған сөздердің басым бөлігі – Абайдікі болғандықтан, аты жазылмады.

Сонымен, философиялық-танымдық еңбегім сіздерге жол тартты.

Құрметті оқырмандар! Қабыл алыңыздар. Сіздерге тыныштық, жақсылық әрі игілік тілеймін.

*Марат Түсінов*

*Жә, бұл сөзден не гибрәтлендік?*

*Абай*

Отыз сегізінші қара сөз – ұлы Абайдың ішкі дүниесінің айнасы. Осы «Сөзінде» кеменгер, негізінен, басқа қара сөздерінде, өлеңдері мен поэмаларында айтылған даналық ойлары, қаракетті ғұмырындағы ғибраттарын сүзгіден өткізіп, толықтырып, жинақтап әрі қорытып, ақыл-ғылым, гадалет-ізгілік кемесіне асыл қазына ретінде салып, келер ұрпаққа аманаттап жіберіп отыр.

Бұл «Сөз» - Кемелді, Толымды сөз, дүниеден өткен ұлылардың ойларымен үндесудің жалғасы, адамзаттың жақсылық жолындағы бағыт сілтер сәнбес шырағы.

«Сөз» - Даналық кітабы.

Бұл «Сөзде» ақыл да бар, ғибрат та бар.

## Ұлы Ескерткіш

«Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса, нетер» дегеніндей, ұлы ойшыл бойына, жанына да, тәніне де – жинаған сарқылмас байлығын, сырлы сөздермен әдептеп, арттағыларға – ұрпақтарына арнап, Ескерткіш («Ядкар») атты кемел рухани әлем қалдырды.

Ескерткіштің табаны да, қабырғалары да әрі ұшар басы да адам баласының қасиеттерінен – мінездерінен тұрғызылған.

Мінез, бұл тұста – кең тынысты ұғым ретінде, ол адамның:

өзіне;

өзгеге;

дүниеге;

Жаратушығ

а; ҒЫЛЫМ

білімге  
қатысы,  
көзқарасы  
және  
әрекеті.

Имандылық пен адамшылық, әділеттік пен ізгілік, бастысы – Жаратушы көрсеткен жолмен жүру – адам мінездерінің, оның қасиеттерінің өлшемі.

Міне, сондықтан, ұлы хакімнің: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып, ядкар қалдырайын» деуінде дүниенің көрінетін һәм көрінбейтін сырларын тануға жетелейтін фәлсәфалық мән-бағдар бар.

Мінез – көп арналы, мағыналы сөз; кемеңгер бір қара сөзінде: «мінез – ғылымды, ақылды сақтайтұғын сауыты. Сол мінез бұзылмасын. Бұзылса – оқып, үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсын?» десе, бір жерінде «ақыл – жүректің суаты» деп, тап басып айтқанды.

Осы себептен, мінез – ғылымды, ақылды сақтайтұғын берік сауыттың да, білім – ғылым дәриясын, адамшылық – имандылық таразысын да сақтайтын жүрек ілімінің ақыл атты суаттың табиғи қаптамасы ретінде тұрған ерекше құбылысты нәрсе.

Абай, әрине, іштегі дертін қозғап, оны өзі емдеп, сыртқа шығарып, улы шөптерден пайдалы дәрі жасаған емшілердей, пенделерге емес «көкірегінде оты барларға», «ғылым таппай мақтанбайтындарға» ұсынып, қол жетпейтін, бірақ, оймен сырласуға, рухани нәр алуға болатын Ғибрат ескерткішін соғып кетті.

## Беташар немесе мәнашар жолдар

Абай ұрпақтарына сөнбес шырақ – Ескерткішті қалдырғанын айтқаннан кейін, қан тамырларына тынымсыз жұмыс істетіп, пәрмен беретін жүрекке, ақыл мен қайратты билеткізіп, даналық үкім айтқан ғалым ретінде, жақсылық пен ізгіліктің, имандылық пен адалдықтың қайнар көзі – махаббатты асқақтатып, «оның үшін махаббатың толады» деп жауап береді әрі паш етеді, әрі мәнін ашады.

Осы сөйлемнен кейінгі бес-алты жол – фәлсафалық-танымдық еңбектің беташары, күрделі баянның өзегі, бағытбағдар беретін жол сілтеуші, сырлы дүниенің мәнін ашушы.

Әрі Даналық кітабының іргетасы.

«Ғибадаттың бір үлкені – намазды», оны оқу шарттарының бірін айта келіп, «Фатиха» сүресінің мағыналарында көп сыр бар» дейтіні бар. Міне, осы пікірді аталмыш жолдарға толығымен арнауға болады.

Не сыр? Сыры – тереңдігінде: махаббат ұғымының мәнін жан-жақты ашуында; жалпы адамзаттық, адамшылық түсінімге жақындатуында.

Ойшыл ой тастайды: махаббатың жасампаздығы және асқақтығы мына нәрселермен:

адамның адамдығы,  
ақыл, ғылым  
дегендермен.

Бұл үшеуі - рухани махаббаттың серіктері, жан жолдастары, толықтырушы арналары, ажырамас бөліктері; махаббаттан нәр алып, жігерленеді хәм көркейеді.

Қасиетті ошағымыздың үш тірегі, сипаттары, егер бірі әлсіз болса, ошағымыз да тұғырынан қозғалып, теңселіп,

әлсірей бастайды, жоғалып кетуі де мүмкін, болмаса, шалажансар күй кешеді.

Адам баласына осындай асыл қазыналарға ие болу үшін не қажет: тынымсыз еңбек етіп, нәтижелі әрекетте болып, рухани жемісін татып, тануға себепшілер нелер; бірде шаршап, бірде тастап кететін шаруаларға қайта мойын бұрғызып, істететін қандай күштер, неге сүйенеді олар:

Таза сезім, таза ниет («хауас салим»);

Мықты денсаулық («тән саулығы»); Яғни,

жан тазалығы әрі тән тазалығы.

Бұл абзал, түпқазықты қасиеттер адамдар жаратылысында, көбінесе, туа біткенінен болады: сезім тазалығы, жан тазалығы, тән тазалығы. Ал, қалғандары – даму, қалыптасу, жетілу сатылары: отбасы тәрбиесіне («жақсы ата, жақсы ана») мектепке («жақсы ұстазға»), қоғамдық, азаматтық, балалық ортаға («кұрбыға») байланысты.

Алғашқысы мәңгілік, ол – «мен»; соңғысы – өтпелі, ол – «менікі». Ойшыл ақынның «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде:

«Ақын мен жан – мен өзім, тән – менікі, «Мені»

мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмеске тағдыр жоқ әуел бастан -,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі» десе, бір

өлеңінде:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол, бірақ, қайтіп келіп, ойнап – күлмес,

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді»

деп, ат қойыпты өңкей білмес» деді.

Мәңгілік: ақыл, жан, ар тазалығының жемістері, егіні, адамның ақыл-ойымен, сезімімен жасалған игілікті, ізгілікті істері.



Ойлы «Сөздің» сырына үңіліп, зейін қойып, зерделеп қарасаңыз, оның басты мақсаты – ғылым-білімге адамзатты махаббаттандыру. Осы ұзақ та күрделі үрдісті ғаламатқа қол жеткізу үшін, көп жағдайда, мағынасы елене бермейтін екі нәрсе бар: бірі – құмарлыққа, құштарлыққа және сүюге, әрі білу мен тануға жетелейтін талап, екіншісі – білімге, танымға, әрі қарай ғылым –білім негіздерін игеруге апаратын ұғым; оның қалыптасауы әрі кедергілерден арылуы.

Рухани ұстаз: талапты – «бес асыл істің» басы етті; «адам баласының ең жаманы талапсызы» деді;

Талаптың шарттарын (42-сөз) анықтады, олар: талапты іске (білім-ғылым жинауға) жарату; ақиқат мақсаттың болуы; талабын, тоқтамын құрметтей білу, қорғау; білім-ғылымды үнемі жинау, берік сақтау; кеселді нәрселерден («бас тарту») сақ болу; шағылмайтын, арлы мінезді бұзбау.

Ұғым, түсінік, таным, оның ішінде, қалыптасқан салиқалы ұғым, жаңа заманның лебін ескеріп, ескінің нәрін қалдыратын жасампаз ұғым-ойдың, ақылдың сәулетшілері.

Ұғым, оны игеріп, бойға сіңіру – сөз мағынасын, өмір сырын, ғылым-білімнің мәнін түсініп, мақсаттарға жету үшін, өрмелеп шығатын саты: неғұрлым төменгі сатыларын нық басып, сеніммен жоғары көтерілсеңіз – соғұрлым оның шыңына тез жетесіз.

«Ұғым», «талап» - сол кезде қазақ даласында айтыла бермейтін «идеяға» жақын, не теңдес сөз; «талабы» - қызығу, іздеу деп бастап, күш-жігерді жұмсауға дейінгі аралықты алады. Ал, идея мен күш-жігер адам бойынан шынайы қажеттіліктен, аңсаған арман – ізгі тілектен, жалынды махаббат отынан туындап жатса, қай салада болсын, асуы биік болар еді.

«Ұғымның» берік орнығуы таза, кіршіксіз болуы қажет; ойшыл ондайда «оңды ұғым» деп, кірлететін мына нәрселерден (43-сөз) сақтандырады:

мақтаншақтық;  
пайдакүнемдік;  
жеңілдік; әрі  
салғырттықтан.

Ұлы ойшыл: «Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады» деген ізгілікті – танымды, пайымды байлауы - асыл қойманың кілтін қолымызға ұстатқандай.

Абай махаббаты – өмірге құштарлық, адамзатты сүю, ғаделет жолымен жүріп, «ғашықтық – мағшұғылыққа» дәрежесіне жету. «Махаббатсыз – дүние бос» хикметі – абайтанымының тұтқасы.

Махаббат сырын, мәнін Абайдай түсінген жан әлемде бар ма екен, болса да шамалы шығар.

## Ұрпақ тәрбиесі

Ұрпақ тәрбиесі – ұлы ұстазды үнемі толғандырған, әрі алаңдатқан мәселе. Оған жазғандарын, өзінің балаларын оқытқаны, алыс-жақындардың балаларын оқытып, тәрбиелеуге байланысты көмек қолын созғандығы, қазақ баласын білім-ғылымды игеруге шақырғаны дәлел.

Ұлы ұстаз өсиетті сөзімен көзашар, бағдар сілтеу жолдарынан соң, толымды «Сөздің» алғашқы тақырыбы ретінде бала тәрбиесі – ұрпақ тәрбиесін сығымдап болса да, жеткізе айтады.

Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды, тапса да, жарым-жартылай болатыны белгілі.

Ынтасын қалай бағыттау, ықласын қалай ояту қажет? Ойынмен («алдаумен»). Ойын - баланың ақыл-ойының, әрі денсаулығының қозғаушы қуаты. Ойын арқылы бала рухани әрі дені сау болып жетіледі. Қазіргі заман ағымы көрсетіп отыр: «ақылды» ойындар ұрпақтың ғылымда, өнерде әрі еңбекте табысты болуына оң ықпалын тигізуде. Енді, баланың әрі қарай білсем екен, көрсем екен деген талабы өрен жайып, өзінің артқа қайтпау ойына бекініп, өзін қамшылап, мәжбүрлеу («зорлау») қалпына түседі.

Ойын – әлі ғылымдану емес, ғылым жолына салудың, ақылмен амалдаған қызықтыру сатысы, әрі қарай – медресе, т.б., яғни қазіргі тілмен айтсақ, түрлі атаудағы мектептер, мектепалды түрлі орындары мен жоғарғы оқу орындары, ең жоғарғы дәрежедегі білім беру нысандары.

Абай үшін бала: адамның бір қызығы, жақсысы – қызық, жаманы – күйік, ата-анаға көз қуанышы, жүрегіннің қуаты, болашағының үмігі.

Ұлы тәлімгер баланың оқуы, білімі және тәрбиесі үшін қажетті жағдайды жасап, аянып қалмауды талап етеді. Ол дегеніміз – жақсы ұстазға, жақсы мектепке беру; қаражат аямау; білімді жақсылыққа жарату.

Ұстаз:

«Кұдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма»; «сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп тауып алмасын», «малды сырап қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмағанды – балаң тапсын»;

«Шала оқудан, не жазудан қалған соң – құр надан», «Заманынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек»;

«Қазаққа күзетші болайын деп, ... халық қатарына қосылудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керектігін» айта келіп, жас ұрпақты аяп, жаны ашып: «жастарға жаппас

- жала жоқ»; «балы тамған жас қамыс ормаңшы көктейін» деп айыптайтын да, жалынатыны да бар. Жас ұрпақты үйретпесе, қалыбынан аса алмайды деп шырылдайтыны тағы бар.

Абайдың баланы оқытуға, білім беруге және тәрбиелеуге қатысты пайымдары қазіргі жаһандану заманында да өзектілігін жойған жоқ, керісінше, маңызы арта түсуде.

Жақсы ұстаз, жақсы мектеп, үлгілі ата-ана, қолайлы орта болуына қоғам, мемлекет те мүдделі. Білім сапасы мемлекет, қоғамдық ұйымдар, алып кәсіпорындар мен жанашыр дәулеттілердің ниетіне, қаржы құюына тәуелді күй кешуде. Ал, білім-ғылымның сапасы - адамның сапалы өмір сүруінің кілті әрі кепілі.

Ата-ананың баласын оқытуда және тәрбие берудегі ағаттығын Абай үкімінен де ауыр «қиянат» сөзімен айыптайды.

«Қиянат» - ар үкімі, «аманат» сөзінің кері ұғымы, адам баласының теріс әрекеттер жиынтығының атауы.

Қиянат – көп тамырлы арамшөп, жақсылықпен жарысып, жаға жыртысып, қоса өседі, әлі келсе – құртады. Қиянаттан құтылу жолы: ақ ниетке қылау түсірмеу; ар-намысты таптатпау; өтірік айтып, жала жаппау; адам игілігіне қол сұқпау; адамның өркениетті еркіндігін қолдау, сақтау; адам баласының тілегін, өзегінен жарып шыққан арызын орындау; жаратушыларға мейіріммен қарау.

Бір сөзбен айтсақ – адамдық парызды орындау, бұдан мемлекеттік парыз, қоғамдық парыз туындап, жалпы адамзаттық құндылыққа айналады.

Әрине, барлық сатыда адамның тұлғалық рөлі кемімейді. Мұхит суы тамшыдан тұратыны секілді,

адамзаттың қалыпты тіршілігі отбасындағы тыныштықтан басталады, әр адамның жеке өмірінен тұрады.

Кең дала шетіндегі кішігірім өрттің, не болмаса, ну орманның ортасындағы шағын өрттің табиғатқа қауіп қандай зор болса, миллиардтаған халықтың, жүздеген мемлекеттің бірінің ішіндегі шағын жанжал адамзатқа кесірін тигізуі мүмкін. Қоғамның зоры – осы. Қиянатпен күрес – Абай кредосы.

Ұстаздың қойған мақсаты – жас ұрпақты қиянатшылдыққа ұрындырмай, оның талапқа да, ұстазға да, ғылым-білімге де, имандылыққа да толыққанды ниетімен келіп, жарым адам, жарым ғалым, жарым иманды адам болып қалудан құтқару. Яғни, Алла жолымен жүру. Ол – Хақиқат, растықтың жолы.

Ал, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекет, қоғам бала тәрбиесіне енжар болса, жарымжан тәлім орын тебеді.

Қиянат («дұшпан») арқылы шақырғанға ақиқат («дос») келе ме деп күрсінуі – биік мұнарада тұрып, жау келеді, қорғанындар деп, ескертіп тұрғандай.

Түпкілікті мақсат-міндет – жас өскінді білім-ғылымды махаббатпен көксерлік дәрежесіне жеткізіп, адам деген ардақты атқа ие болғызу.

Міне, осыдан кейін ұлы гуманист ойшыл өзінің атақты үш сүюін (имангүлін) дамытып, үштануға (үштанымға) ұластырады.

Абай үштанымы – кемелді «Сөзінің» өзегі түпнегізі: іргетасы, қабырғасы әрі төбесі (шаңырағы).

Олар: Алла тағаланы тану; өзін тану; дүниені тану.

Осы үштаным («танымақ») адамзатты түзу жолмен жүруге жетелейді; ғаділет пен ізгілікті ұстануға; ғылым-білімді үйренуге; бейбіт өмір сүріп, қызығын көруге;

яғни, адам баласы мыңдаған жылдар бойы аңсаған

рахметті тіршілікті адамшылықпен өткізуге.

Ұлы Хакім осындай шексіз игіліктерге жету үшін, адамзатты не кемсітіп, не асып-тасып кететін әрекеттерден сақтандырып, құнын жоймас мұсылмандық қағидасын ұстануға үндейді, оның мәні: жақсылықты – жамандықтан; пайдалыны – пайдасыздан;

ақты қарадан ажырата білу, яғни, «жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларын айырмақлық» секілді ғылым-білімді үйрену.

Осындай ардақты да аңсарлы биікке жету жолының бастауында, ортасында және аяғында, яғни, өн бойында бұлақ көзі ретінде, күш-қуат, тірек ретінде – Абай ізгілендірген, нәрлендірген махаббат әлемі тұр.

Бұл тарауда Абай іліміне сүйене отырып, айтарымыз – бұлақ көзін ашқандай, баланың бойындағы, ойындағы туа біткен жақсы қасиеттерді сатылап ашып, оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жолға қойылуы арқасында дамыта түссе, мүдделі жандар мен қауымдастықтар ықлас танытып, жағдай жасаса, оның жемістерін толық әрі сәтті пайдалануға мүмкіндік береді.

## Өзін тану

Ұлы хакім адамзатты жақсылық пен ізгілікке, мейірімділік пен әділетке, ар-ождан мен ұятқа шақырудан ешқашан жалыққан емес.

Бес асылы: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымы;

Іш сүюі (имани гүл): Алланы сүю, оның жолын сүю, адамзатты сүю қағидаттары Толымды «Сөзінде» терең талданып, жүрек түкпірінде жатқан ойларынан ғибратты тәлім-тәрбие маржаны түзіледі.

Осы үш сүю – ойшылдың басты идеясы, сол арқылы адам баласын залалды кемшіліктерден арылтып, кемелді жолға салу.

Елін – жерін сүю, мемлекетін, мемлекеттілігін сыйлау, құрметтеу, туған қаласын, не туған ауылын сүю – пенденің пешеніне берген тағдыр сыйы.

Тағдыр сыйының басты гүлі де, нұры да – адам. Алдында – қартың, қатарласың; артыңда – ұрпағың болмаса, оның не сәндігі бар, не мәндісі қалды?

Өмірдің тоқсан тоғыз тарау жолы – адамды сүйуге, сүйе білудің жолдарын білу.

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос» ғибратын ұсынып, неге деген сұраққа жауап береді, себебі: адамның дүниеге келуі де; дүниеден озуы да; о дүниеде сұралуы да бірдей.

Әрі: бір-біріне қонақсың; дүниеге – қонақсың.

Сондықтан: біреудің бағына; малына күнестік қылу лайық па?

Бәрі – ортақ, тек – қызғаныш, өсек – өтірік, менменшілдік ортақ болмаса екен деген ойға меңзейді.

Абай ақылы – достық достықты шақырады, адамның қарызды ісі – дос көбейту.

Адамшылықтың парызы – жақсылықтың жағасында тұру. Ол үшін:

жаманшылықтың жағасына аяқ баспау; өзгелермен

достық жағдайында (мақамында) болу;

өзін өзі артық көрсетпеу; қастасу,

кемітуден аулақ жүру; күншілдікті

туғызатын мақтаннан безу;

яғни, жинақтап айтқанда, адамның өрескел мінезді, ащы тілі, ақымақтық әрекеті («қылығы») туғызатын жаманшылықтардан ада болу. Жақсылықтың жағасы нұр

береді, жамандықтың жағасы нұрыңды, гүліңді бұзып, адамшылықтың жойылуына әкеледі.

Жақсылықтың жағалары, мұхит жағалаулары секілді, байтақ та кең: онда шүкірлік пен кешірімділіктен, жан жомарттығы мен рақымдылығынан тұратын жылы ұялар салып тастауға әбден болады.

Абайдың көптеген ойшылдардан бір айырмашылығы – жалғызіліктің, жалғыздықтың орнына – көппен, көпшілікпен бірге болғанды қадірлейтіндігі.

Достықтың белгісі – қарым-қатынаста, содан көрініс табады. Ұлт ұясын қорғаушы басқа бір қара сөзінде: «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде, ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салады екен», тағы бір жерде «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» деп, жұртпен араласу ісін кісілік парыз дәрежесіне көтереді.

Кемелді «Сөзінде» де көппен араласуды, бірге болуды («мұғамәлә») құптап, жақсылығын былай саралайды: адамның өзімен өзге жұрттың жақсы қарым-қатынаста болуын аңсау, ниетімен қабылдау; өзінің әрекеттерімен жанашырлық, әріптестік, тағдырлас сипаттарда болып, екіжақты бірін-бірі байытып, өзін де, өзгені де танып, достық жолына берік көпір салу; басқалардан бұрын өзінің адамшылық парызын түсініп, достық әлеміне алғашқы болып қолын созу, дарияға айналатын достық арналарын жасау.

Мұндай ұлы да ізгілікті істі ынсап, ұят өлшемдерін пайдаланып, әділет таразысына салып отыру.

Кіршіксіз достық, өзара түсіністік жалғыздықты, оқшаулықты «улы ашуыңды, кермек ойыңды» жеңіп, татулыққа, бірін-бірі қолдап отыруға жетелейді.

Ұл ойшыл – ақын өлеңдерінде:



«Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
 Қиянатшылықты болмақты естен кеткіз»  
 немесе «Құдай берген бұл достық – кәннің бірі  
 Мұндасқанда, қалмайды көңіл кірі»  
 әрі «Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,

Артық жолдас «таппадым- татулықтан» деп,  
 «Адам деген даңқым бар» қағидасын берік ұстанғанын  
 дәлелдеп, ішкі сырын төгеді.

Достыққа ұмтылу, оны нәрлендіріп, сақтай білу –  
 жақсылық, жаратушының берген ырзығы.

«Достық» ұғымының ауқымы заманына қарай  
 күрделене түсті әрі адамға ғана емес, қауымдастықтар,  
 ұлттар мен мемлекеттерге де қатысты. Достық – татулық,  
 қайтарымсыз көмектесу, бейбіт өмірдің алғышарттары,  
 тіптен, кепілі де болуы мүмкін.

Достық, ең алдымен, адамдар арасындағы жылы  
 қарымқатынас, екі жақ та мүдделі болғанда, оның  
 құндылығы әрі сапасы арта түседі. Өзінді адам ретінде, өзін  
 ғана емес, өзгелер де тани бастады; өзгелердің шынайы  
 бағасын әділ таразылай білу – өзінді танудың бір ақиқат  
 жолы.

Абай түйіні: «Құдай тағала ... адам баласын өссін-өңсін  
 деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап  
 қылып, ізденер қарызды ісінің алды – әуелі, дос көбейтпек».

Адамдармен жақсы қарым-қатынастың арнауы өзгені  
 тануға, бағалауға апарып, жаңа көзқарастың қалыптасуына  
 игі әсер етеді. Басқаларды тану өз кезегінде өзін терең  
 тануға септігін тигізеді.

Пенде мінезінің көп жағдайда, жағымды (жақсы)  
 жақтары – басым, не болмаса, жағымсыз (осал) жақтары  
 басым болады. Бір кемшілік жақсылықтың табанында  
 қалып, еленбей кетуі мүмкін; керісінше, көзге ұрып,

бадырайып, жақсылықты перделеп қоюы мүмкін. Болмаса, бір жақсылық жарқырап, нұрымен жамандық атаулыны жоқ қылады; кейде, жақсылық жамандықтың тасасында қалып, жетімсірейді.

Күнәнің үлкені – кінәні өзіңнен іздемей, өзгеден көру.

Ойшыл – ақынның:

«Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей,

Міні қайда екенін біле алмассың,

Терең ойдың телміріп, соңына ермей» деп айтатыны бар.

Осы жолдардың әрғы түпсіз терең сырларына бармайақ, бергі – бізге түсінікті жағын алып, мәніне үңілсек, мынадай мағына шығады:

бір ұрпақ өзінен бұрын өмір кешкен ұрпақтың істерін саралайды, ой қорытады; болашақ ұрпағының тағдырына алаңдайды; әке бабаларының жолымен іштей, үнсіз сапар шегеді, сабақ алады; балаларының келешек өмірден не алатының түсінбей, ой әуре-сарсаңына түседі.

Кезегімен келеді, кезегімен өтеді, «баяғыдай көрінеді» - өмір заңы қатар жүрген адамдар да бірін-бірі сынайды, мінейді.

Ал, енді, осы кеселді мінді жоюға бола ма, оның емі бар ма? Абай – оның жолын да, емін де тапқан адамзаттың асылы.

Ұлы гуманист паш етті: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», яғни, адам – бауырымыз.

Адамзат арасында:

тілі басқа, түсі бөлек ұлттар бар;

діні әр түрлі, салт-дәстүрі өзгеше халықтар бар; сенімін айырып білмейтін, өмір салтының өзіне ғана тән

ерекшеліктері кездесетін қауымдар бар; түрлі мінезді туыс-  
жақын, дос-жарандар бар; осылармен қалайша бауырлас  
бола аламыз деп  
ойлауымыз – заңдылық.

Өзара сыйластық, түсіністік, төзімділік, бір-біріне деген сенім – бейбіт, тыныш өмір сүрудің бұлжытпас алғышарттары, қазіргі заманда ауадай қажет дүниелер. Бізге керегі – осылар.

Шындап, өмірге зерделі ақиқат көзімен қарасақ, адамдар жақсылық атты дүниенің сарайын салып, оны бекіте түсуден де кенде емес:

бірі – білім, ғылым іздейді, ілім жасайды, жемісін шәкірттері, ұрпақтары көреді; бірі – егін салып, мал өсіреді, сан-салалы шаруашылық түрлерін жүргізеді, адамзатты асырайды; бірі – шығармашылық туындылар жасап, адамзатты ләззаттандырады; енді, бірі – жас ұрпақты оқытып, тәрбиелейді, ұрпақ денсаулығын қадағалайды,

Осының бәрі – жаны да, тәні де таза адам болу үшін, бақытты өмір тіршілігін өткізу үшін.

Абайдың «адам баласына – адам баласының бәрі дос» деуінің мәні осыдан болар.

Иә, Абай ойы – арпалыста. Ойы да, сөзінде түзетумен өмір кешті. Сөз (тіл) ешкімді алаламайды, бірақ, біз оны орнымен пайдалана алмаймыз.

Жақсы сөз, кемел ой, ізгі амалға ұмтылу – өзіңді танудың сара жолы, кемелдік әлеміне апарар алтын көпір.

## Жаманшылықтан арылу

Жақсылыққа жету дегеніміз жаманшылықтан арылу. Адамзатқа түзу жол сілтеуші Абай адам бойындағы кемшіліктерді басқа шығармаларында да атап, саралап, кеселді зардаптарын атап, одан құтылу жолдарын көрсетіп, ескерту жасайды.

Ада болындар деп Абай айтқан жаман қылықтар қайсы, қысқаша шолайық, олар:

Жақсы десін, бай десін, батыр дегеннен гөрі – жаман демесін, жарлы демесін, жүрексіз демісінді ойлайық, яғни, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетпеу;

өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ – бес дұшпан екенін білу; пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі екенін түсініп, одан шошу; мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық

жүрек айнасын кірлетушілерден сақ болу;

қызғаншақтықтың ұятсыздыққа, ұятсыздықтың қылмысқа апаратынын түсіну; парамен құдайды да сатып аламын деген астамшылықты,

жемқорлықты, әділетсіз баю жолынан туындаған зорлықзомбылықты жек көру; әділетсіздік, әділет үшін қаракетсіз болмау; өтіріктің өңін айналдаратындарды, шынның бетін

жалғанменен бояйтындарды тани біліп, «ақ көзді» атанбау.

«Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің» дейтіні бар.

Адам баласының туа бітті мінезі, негізінен, екі арнадан

басталады: өзін жақсы көруден, яғни, жағымды

өзімшілдік, құрметтеуден және көпшіл болудан, бұны ғұламалар да теріс демейді. Өзін сүю, өзінің ісін құрметтеу

өзгелерді де сыйлауға, бағалауға әкеліп, адамшылық

жолымен жүруге ықпал етеді. Ал, теріс пайдалану, яғни, оның дұрыс қалыптаспауы, менменшілдікке, атаққұмарлыққа, кеудемсоқтыққа жетелеп, адамшылықтың ауылын аластатады. Ондайларды халқымыз «қырсық шалғандар» немесе «қырсық жанағандар» деп, айықпас кеселді дертке ұшырағанын меңзейді.

Кемеңгер Абайдың ойы ұлылардың ақылдарымен үндес, ол адамның ниеті, ой-пікірі, іс-әрекеттерінің қалыбын екі жағдаймен анықтайды: біріншісі – жақсылықтың жағалауына тұру, екіншісі – жаманшылықтың жағалауынан безу; бұл жөнінде жоғарыда сөз қозғадық.

Абайдың жағымсыз қылықтардың ішінде жиі қайталайтын сөзі – әуесқой. Айтылар жерінде әуесқойлық ұғымын – ғылым-білімді үйренуге немесе ішкі жан дүниесін байытуға бағытталған әуестенуді емес, мағынасыз бос еліктеушілікті, көзбояушылықты нысанаға алып отыр.

Сырлы «Сөзде», сонымен бірге, ішкі (сыр) дүниесін емес, сыртын әшекейлейтіндерді, олардың тәуір кісі атануы үшін жасаған қылықтарының баянсыздығын көрсетуі – сабақ аларлық нәрсе.

Адамға сыр қасиет бітпеді, не істеуі керек, ол:

сыртын сылайды: бет-әлпетін бояйды, киімін сәндейді, жүріс-тұрысын түзейді; өзін-өзі саудалайды: базарда өтпей тұрған сапасыз тауарларды жарнамалағандай, біреуді алдап, не ақы беріп, мадақтатады, «бәрекелді» дегізеді; еліктеушілерді арандатады: біреулері – «осындай болар ма едік» деп, армандайды, әуреленеді, біреулері – «осындай бола алмадық» деп қорланады, күйінеді.

Осындай жағымсыз амалдарымен өздерін бақытты, дәулеттіміз деп санайтындарды «айнаға табынушылар» тақтасына жазады әрі ескертеді:

сыртыңды бос әурешілдікпен, әуесқойлықпен әрі шығынмен бір ұнатқан нәрсеңе (адамға, қауымға) ұқсатарсың, бірақ – бұл сыр қасиет емес; сыр қасиет «Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ақылыңа бітеді».

Міне, осыдан туа біткен ізгі қасиеттер толысудың орнына, жоғала бастайды, жоғалмаса да, ұлы гуманист айтқандай, үлкен нәрселерге жарай бермейді.

Замана желімен, оның лебімен, желпуімен адамның мінезі өзгеруде, дамуда және гүлденуде әрі қитұрқылануда. Арты ылғалға айналатын қар да, жаңбыр да жерді суландырғаны секілді, өмір суы да екі жағалауды жақсылықпен жамандықты нәрлендіруде: құнарлы балғын шөпті қалай түлетсе, арам шөптерді де солай қаулатуда. Кейде, таза шөбі қайсы, арам шөбі қайсы ешкім біле алмай, дал боласың. Айла да, тәсіл де – түрленуде әрі гүлденуде, аққарасын ажырату қиын. Күш – ғылым жетістіктерімен қаруланған алыптардың қолында, қылышы кімге жұмсалады – беймәлім.

Бәрінің емі – «түпсіз терең жақсылықты сүйемкте», бұл Абай ақылы.

Адамзат ойшылдарынан, оның ішінде ұлы Абайдан, айтылмай қалған адам міні бар ма екен? Жоқ секілді. Сирек болса да, туа бітті міндер бар, өкінішке қарай, жүре бітті міндер бар, соңғысы алдыңғысынан зардабы жағынан кем соқпайды.

Адамның кісілігі, мінезінің сипаты адами қарымқатынастарда, ар заңын сақтап, қоғамдық ережені сыйлауына, ғылым-білімді игеріп, оны пайдалануында

көрініс табады. Адамның кемшілігінен қоғам зардап шегеді, қоғам кемшілігінен адам өрісі тарылады – бірінебірі байланысты.

Ұлы сыншы сындарлы «Сөзінде» адам бойындағы үш кемшілікті алады. Айтады: «күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек»; надандық, еріншектік және залымдық.

Надандық орын алады: жеткілікті тәрбие алмағандықтан немесе оны бойына шала сіңіргендіктен; ортаның жақсы жақтарынан үлгі ала алмағандықтан; білімді пайдасына игере алмағандықтан.

Абай тоқетері: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы»  
Еріншектіктен туындайтын нәрселер:  
талапсыздық, жігерсіздік, ұлтсыздық, кедейлік.  
Еріншектік, жалқаулық –

жалыныштылыққа, жалыныштылық – тілемсектікке, тілемсектік – ұятсыздыққа, ұятсыздық – наннан қағылуға, яғни өз күшімен күн көруден айырылуы. Еріншектің кесірінен адам бойындағы өнерге, ғылымға, кәсіпке деген қабілеттерін жоғалтады. Еріншек өз ермегін іздейді, ол «ермегі» өзін құртады. Өмірде қаншама сабақ аларлық мысалдар бар.

Абай түйіні: «Еріншектік – күллі өнердің дұшпаны»  
Залымдық – ең қауіпті кесел, ол:  
бойына зәрлі улы нәрселерді жинайды;  
адамдарды уландырады;  
жан-жағына, айналасына таратады;  
адамдықтан шығады, жыртқыш хайуандар есебіне қосылады.

Ойшылдардың пайымдары бойынша, залымды ақылдылар бар: олар, көп жағдайда, ашық көрінбейді,

есесіне, надандарды, есерсоқтарды, теzielгiштердi оңтайлы пайдаланып, залымдық әлемін жасағысы келедi. мақсатына жетiп, үлгергендерi бар – тарих куә.

Заман өзгеруде, қоғам мен мемлекеттер жаңаша өмiр сүруде: өмiр ағымы надандық пен ерiншектікті суға ағызып әкетiп жатса, соңғысы – залымдық түрленуде, қанат жаюда. Әдiлдiктің, iзгiлiктің және шындықтың туын жалау етiп, залымды шығармашылдық туындылар да арам пиғылдарын жүзеге асыруда. Залым қоғам: залым мемлекет, залым билiк иелерi пайда болуда – адам баласының басына төнетiн қауiп-қатерлер осылардан.

Абай ой қорытады, ескертедi: «Залымдық – адам баласының дұшпаны».

## Кемелдiлiк жолы

Адам баласының жақсылыққа талаптанып, жаманшылықтан безiп, көркемiнездi болып жетiлудiң түпкi мақсат мұраты – кемелдiкке ұмтылу, яғни, кемелдiктің жолына түсу.

Ол дегенiмiз жан мен тәннiң тынымсыз тазаруы, толысуы. Бұл ұзақ үрдiс: сәбидiң мындаған жылға татырлық жолды тоғыз ай, тоғыз күнде өткенi секiлдi, кемелдiктің де өз сапары бар. Бiреулерi – iлесiп, үйренiп, пайдаланып, адамдықтың жоғары дәрежесiне жетедi; бiраздары – орта жолда қалады; үшiншiлерi –iлесуге де қамданбайды.

Кемелдiк – сезiну, түсiну, тану, игеру және ақылға сыйымды пайдаланудан тұрады. Осы сатылардан аман-есен өту кемелгерлiкке жеткiзiп, жемiсiн бередi, нұр болады.



Абайдың қазыналы «Сөзінің» сырына тереңінен үңіліп, зерделеп қарасақ, саналы таным арқылы өзін танымақтан басталған кемелдікке жетудің жолдары:

Жаратушының берген нығметтерін түсіну, Оны сүю;  
Алланың көрсеткен жолын түсіну;  
кемелдіктің кемесінде болып, өмір айдынынан  
адамшылықпен өту, асқақ қасиеттерге ие болуға ұмтылу;  
дүние ғылымын білу, тану, іске асыру.

Адамға берілген сый жеткілікті: ақыл, ой, сезім және денсаулық, күш-қайрат; басты байлық – жан қуаты мен тән қуатын үйлесімді пайдалану.

Пенде бір нәрсенің қызығын, пайдасын әрі жемісін көрсе, соны жасаушыны, жаратушыны жақсы көрмей тұра ала ма?

Абай «Сөзінде» Құран-Кәрімде айтылған нығметтерді бекіте түседі.

Адам – өзгеше жаратылыс, оның жан-жануарлардан, құрт-құмырсқалардан, өзге хайуандардан айырмашылығы – бар нәрсеге: саналы көзбен, саналы құлақпен, саналы оймен, саналы түсінуден бастап; саналы сезіммен қарай білуінде.

Ең бастысы – «біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп, жаратқаны».

Ой, сезім, әрекет сөзді тудырды, сөз ойды жетілдірді, ол адам ой-сезімдерін, іс-әрекеттерін тасқа қашады, саз балшыққа салды, бейнелерін жасады; дамытып, кемелдендірді, нәтижесі – адамзат дамудың биік сатысына ұмтылуда.

Бұл – жақсылық, игілік емес пе, жаратушының пендені сүйгені емес пе? Абай бұған сұрақпен жауап береді: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?»

Адамзат баласының өзге жаратылыстардан айырмашылығы – ол адамның өзіне тән ләззәт ала білуі, өзіне тән қызықтай білуі, пайдалануы әрі жемісін көруі.

Табиғат сырлары, тамашалары: дәннің, жемістің және өсімдіктердің өсіп-өнгенін көру; бұлақтың – өзенге, өзеннің дарияға айналғанын байқау; дарияның –бұлтқа, бұлттың – буға, будың – суға, судың-теңізге, теңіздің – күннің көзіне байланысты екенін сезіну;

Жердің жемісін, кенін, хайуанның - етін, сүтін, судың – балығын, балықтың – икрасын (уылдырығын), араның – балын, құрттың жібегін пайдалану;

Малды өзінің адамның қызғанышымен қорғалуы; құстардың – ұшқыр қанатымен, аңдардың –күшті қуатымен немесе жүйрік аяғымен қорғалуын, бірінің – биік жартаспен, бірінің – қараңғы орманмен, үшіншілерінің – ойпаң жермен қорғалуын қызықтау, түсіну.

Ақылмен, әрекетпен жасалған фабрика, зауыттардың пайдасын көріп, рахаттану – бәрі адамға берілген сый.

Мұның бәрі – «бәлкім, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын демек». Әрі тәни, әрі рухани азық. Заман табиғаттың қамқоршысы әрі сақшысы адамзат екенін анық білдіруде, басты мәселе – табиғат жемісін орынды пайдалану, оны аялау; осындай шексіз мүмкіндіктерді берген ұлы күшті сүю.

«Бұл жасаушы махаббат барлық адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, Оны сүймектік қарыз емес пе?» деп, кемеңгерлік ой түйеді.

Абай ілімінің, киімнің астары болатыны секілді, тозбас астары бар. Ол – Абай ілімінің қазығы. Ол деп отырғанымыз – Жаратушыны ойлау, толғану әрі оң қорытынды шығару.

Тәңір ақыл-ой мен сезімнен тұратын жанды сыйлады, оларды ұстап тұру үшін ет пен сүйектен жаратылған сауыт

– тәнді берді, жани әрі тәни қызметтерді ақаусыз атқарып, тыныстап тұруға сансыз ағзаларды іске қосты, бәрінің үнемі үйлесімді қозғалыста болуы үшін ешқайсысын алаламайтын күш-қуат көзі, - жанар майы қан айналымын, оның қозғаушысы жүректі берді, жан мен тән жарасымды орнын тапты. Ең бастысы, өмір сыйлады, адамның өмірге қатысты өлшемі – тәңір сыйлаған нығметтерді терең сезінуі әрі әділетті пайдалануы.

Мұсылман әлемінің ұлы ойшылы бұл мәселеде имандылық- ізгіліктің кәусар бұлағы – Құран аяттары ме хадистерге жүгінеді.

Тәңір туралы ойлан («Тәфаккару фиғла иллаһи») деген хадисті, шынында, құдай әділ адамдарды сүйеді («инналаһу йухиббул мукситин») деген аятты мысалға келтіреді.

Тәңір туралы ойлану – оның берген нығметтеріне адамшылықпен жауап беру: оларды қалай пайдаланып жүрміз, қандай істерге жаратудамыз – қадау-қадау мәңгі сұрақтар.

Осы шырағданды мұсылмандық қағидатты көбі білмейді деп, ренішін білдіріп, оған олардың не ықласы, не ақылы, не ғылымы жетпейтінін батырып айтады. Ықласниетті қозғайтын орта болмаса, ықлас-ниеті ақылға, ойға апармаса, ақыл-ойы ғылым мен білімге жол сала алмаса, қалай білсін, қалай меңгерсін?!

Құдай әділ адамдарды сүйеді («инналаһу йухиббул мукситин») Әділ адамдар кім, олар – ойы да, ісі де – бар жан-дүниесі әділдік жағында болатын жандар.

Адамдарға жақсы іс істе деп бұйырыңыз және жақсылық етіңіз, өйткені, құдай жақсылықты сүйеді («әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаһу йухиббул мухсин») және сондай адамдар бар: құдайға иман келтіреді, жақын істер істейді, ондайлардың орны – мәңгі жұмақта

(«уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун») деген құран аяттарының іші толған жақсылық, игіліктігі, ізгілікті іс («ғалимус-салих»), осы ғибратты тағылымды біле бермейміз дейді.

Ізгілік, парасаттылық, адами борыш – бар ұғым осы сөздердің ішіне сыйып кеткендей, мәні: өзгелердің пиғылын да жақсылыққа бұр, өзін де имани тазалығыңды берік ұста; сонда екі дүниенің қызығын көресің, сонда жаратушының разылығында боласын деу.

«Жүз туралы жолдағыларды шатастырған кісі – бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін» деп, адасудан, залымданудан сақтандырады, Алланың сөзімен бекітеді.

Ал, адал жақсы істер атқаратын адамдар оларға берілген жақсылықты (қайырымдылықты) толық қайтарады, өйткені, құдай залымдықты сүймейді («Уа әммәзина әмәну уәғәмилу салиқати фәйуәффиһим ужурәһум уаллаһу лә иухиббуз-залимин») аяты ізгілікті істің залымдықтың дұшпаны, кері («зидди») ұғымы екенін көрсетеді.

Тәңірдің берген сансыз нығметтері - ішінде сыры жасырылған аманат. Оны жаратылыс игілігіне пайдалану – міндет. Ол өз кезегінде бар жаманшылықтан қорғайды, арұяттың ұялауына берік негіз жасайды.

Ынсап, ұят, ар-ождан имандылықтан туындайды, олар ізгілікті, ғадалетті әрекеттерде көрініс тауып, игілікті рухани күшке айналып жақсы бір руханият әлемін жасайды.

Ұлы ойшыл «кімнің әділеті жоқ болса, оның иманы жоқ» деген мұсылмандық салиқалы пайымын мына хадиспен бекіте түседі: Кімнің ұяты болмаса, соның иманы жоқ («мән-лә хаяун лаһу»).

Абай аяттар мен хадистерден рухани кеңістікті ізгілендіруге қатысты тұстарын алып, өз ойларын

таразылап, ұлы пайымдау деп атауға болатын, мағынасы қатпарлы қорытынды жасайды: «Енді, белгілі: иман құр инанышпенен болмайды, ғадаләт уа рафғат бірлән болады».

Ғадаләт уа рафғат бірлән болады! Ғадаләт – рафғат. Бұл не нәрсе? Рафғатты - көтермелеу, жоғары ұстау, асқақтату деп түсіндіріп жүрміз. Осы түсіндірулер оның мәніне ашуға жақындап келсе де, түбіне толық жете алмаған. Мәнмағынасы – тереңде.

Бұл сұраққа жауапты, меніңше, Абайдың өзі беріп отыр, зер салайық: «иманмақтығың құр ғана иманмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың; пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады! Пайданы қалайша алуды білмек керек».

Яғни, иманмақтық (илану, сену), оның жемісі оң пайдалана білуден көрініс табады. Әрі қарай дамытсақ: ғадаләт уа рафғат дегеніміз бар нығметті әділдікпен пайдалану. Бар әлемде қалыпты өмір сүрудің кілті – не нәрсені болса да, әділеттілікпен пайдаланып, іске асыруда.

Сондықтан, ғадаләт-рафғат, иман-рафғат, ғылымрафғат, ақыл-рафғат, дүние-рафғат ұғымдарын пайдаланып, бәріне ғадаләт-рафғат тіркесін ұялмай қосуға босады.

«Ғадаләт-рафғат» ұғымы да, оның жазылуы да, абайтану ілімінің айналымына өзгеріссіз енгізсе, көкжиегі кеңі түсер еді.

Бұл ұғым адамзатқа да тиесілі, адам баласының қаракетін бағалаудың өлшемі.

Бір-екі мысал келтірейік:

Ұлы ойшылдардың адамзатты алға дамыту үшін ғылым-техника салаларында ашқан жаңалықтары теріс пайдаланылып, орны толмас зардаптар әкелгені мәлім, әлі де орын алуда. Атом энергиясының қуаты игілікке

айналдыруда ғадалет-рафғаттың орын алмауы – осыған дәлел.

Біраз ғалымдардың пікірінше, заманынан озық туған ғылым иелері, ашқан жаңалықтарының теріс пайдаланған жағдайда, әлемге қайғы-қасірет әкелетінін біліп, жасырып кетті деген де әңгімелер бар.

Жасанды интеллектің жасалуы, роботтарды пайдалану, алып державалардың ғарышты әскери-барлау нысандарына айналдыруы – «на хвосте коброй стоит вопрос» дегендей, қай әпжыланның уы адамзатқа шашылатыны белгісіз.

Тарих, қоғамтану салаларында да орын алған оқиғалар, тарихи жағдаятқа байланысты қарастырылып, дұрыс байлам жасалынбай, бұрмалануда; бұл өз негізінде жас ұрпақтың өміртануына кедергі жасайды.

Дін исламның хақиқаты да мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрден ажыратылып, ғылым қағидаларынан алыстатылып, «заманның өзгеруіне қарай, қағидалардың да өзгеруі мағлұм» деген Абайдың жол көрсетуін ұмытып, жіктелініп, таласқа түсуде; күн түбінде – жеңіс бәрінің басын біріктіретін ақиқат жағында болатыны хақ.

Кеңістік шексіз болса да, адамға қажетті ауа тарылуда: біреулер – аштықтан, біреулер – судан, шөлден, енді біреулері – әділетсіздіктен азаптануда.

Көне тарихты, бағзы замандарды әрі бүгінгі күндерімізді көкірек көзімен шолып өтсек, еріксіз мына ойға ораламыз. Ғылымның жетістіктерін адамшылықпен пайдалану, адал жолмен тапқан байлықты жарлы-жақыбайлармен бөлісіп, оларды кіріптарлық халге түсірмеу, діни қақтығыстарды ушықтырмай, салиқалы саясат ұстану, жалпы адамзаттың мәселелерді өзгелердің мүдделерімен бірлесіп шешу. Кілті мемлекеттердің,

зиялылар – саясаткерлер, орасан байлыққа ие дәулеттілердің қолында – әрі халықтың.

Осындай сан-алуан мәселелердің шешу жолы – ұлы гуманист көрсеткен «ғадалет-рафғат» жолы, яғни, әділетті пайдалану.

Абай ойы, пайымы ғұлама әл-Фарабидің «ақылға сиымды», «орынды пайдалану», «жөнін білу», т.с.с. әділетті ұстанымдармен үндес. Ұлылар өмірін мыңжылдықтар, ғасырлар бөліп тұрса да, оларда ақыл, ой үндестігі, сабақтастығы – мәңгі заңдылық.

Кемелдікке жету жолы – ұзақ жол. Кемелдік – адамның ғылым-білім, өмір тәжірибесі арқылы жетіліп, ісәрекеттерінде ізгіліктің, ғадалет-рафғаттың көрініс табуы. Әр заман ғұламалары бұл мәселеге қатысты көзқарастарын білдіріп бақты: бәрінің ойлары кемелдік – игілік, игілік – бақыт дегенге саяды.

Шығыс ғұламасы Әл-Фараби: «Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені, ол белгілі бір жетілу болып табылады» деп, кемелдену жөнінде «жетілу дегеннің өзі бір игілік» деп анықтама беретінін бар.

Абай, меңінше, кемелдікке жету жолында, оған қолы жеткен кемел адамның да сипаттарын айқындап берді.

Кемелді «Сөзінде» сырлары тереңде жатқан, ұғымдарға адамдардың зер салып, ой туғызу үшін, жиі қолданатын сөз орамдары бар: «Халқыңа – махаббат, халық ғаламға шапқат... болсын»,

Махаббаттың – халыққа да, уа халық – ғаламға (махаббаты-М.Т) бек зоры табылмақ керек»; «Ғадаләт – шапағаттан босанбаңдар».

Қарапайым тілмен айтсақ, бұл дегеніміз: адамның жүрегінде жаратушыға деген шексіз махаббаттың орнығуы, берген нығметтерін сезіну, түсіну әрі оған адамшылыққа

лайықты істермен жауап беру, оны сүю; ғаламға, яғни, адамзатқа, табиғатқа – барлық жаратылысқа терең, сүйіспеншілікпен қарап, оны аялау әрі бағалау;

Тәңірді, оның жаратқан барлық ғаламын, оның ішінде, жаратылыстың ең сапалы бөлігі – адамзатты жаратып, оған махаббаттың ең ұлы көрінісі – жауапкершілікті артып, міндетін абыроймен атқару үшін ақыл, сезім бергеніне ризашылық білдіру, шүкіршілік жасау, берген нығметтерін махаббат деп танып, оны ғадалет-рафағатты пайдалану.

Ғибратлы «Сөзде» кемелдік жолына түскен пенденің бойына сіңіретін үш қасиетін: ғылымды; рахымды; ғадаләтті айтады.

Ғылым сипаты – ыждаһаттылықта («ижтиһат»), рахым сипаты – мұсылмандықта, ғадаләт сипаты – кемел адамгершілікте («толық инсаният»).

Яғни, үнемі талаптану, іздену, саралау, ой қорыту да ыждаһаттылықты талап етеді, бұл істе – адалдық, әділдік, тазалықты сақтау, сөз жоқ, ғылымға жетелейді.

Яғни, рахымдылықтың сипаты – мұсылмандық; рақымдылық, мейірім, қайырымдылық барлық халықтарға, ұлттарға тән қасиет, барлық діндердің кітабының әрі уағыз тақырыбы. Мұсылмандық адамзат құндылығы – рақымдылықты, мейірбандықты нәрлендіре түсіп, барша әлеуметті бірлікке, ынтымаққа шақырады.

Яғни, ғадаләттің сипаты – толық инсаният; адамшылық, адами қасиеттің сапалы жолмен жетілуі – кемелдіктің белгісі. Кемелдіктің мәні – ғадаләтті – рафағатты болудан көрінеді.

Сонымен, ғылымнан, рахымнан, ғадаләттен ыждаһаттылық, мұсылмандық, кемел адамгершілік сипаттары туындайды немесе ыждаһаттылық, мұсылмандық, кемел адамгершілік



сипаттарының бұлақ көздері – ғылымда, мұсылмандықта әрі ғадаләтте.

Абай өзінің жария еткен аталмыш адами құндылықтарын ғасырлар бойы ұлылардың еншісі болған ұлағатын – мейрімге толы, қайтарымын тілемейтін мәрттіктің, кемелді көңіл жомарттығын білдіретін ұғымы – жәуән мәрттілікті сипаттап, адам атты жанды, саналы жаратылыстың сипаттарын байыта түсіп, кемелдендіреді.

Жәуәнмәрттілік, ұлы гуманистің айтуынша, үш адами сипатқа сүйенеді: шындық («сиддық»); ізгілік («кәрәм»); даналық («ғақыл»).

Шындықтың өлшемі – «ғадаләт», ізгілік мұраты – шапағат, даналық нәтижесі – «ғылым».

Шындық, ізгілік, даналық жолы – ауыр да күрделі жол, үнемі рухани тазару жолы, үнемі жамандықтан алыстау жолы. Үш қасиетті («хаслатты») олардан туындайтын сипаттарды иеленген адамды кім деп атаймыз? Кемел адам, таза мұсылман, толық адам, кәміл иманды адам, әлде ізгі адам дейміз бе? Бірінсіз бірінің күні жоқ: бірін алып, бәрін қамтуға болмайды; бәрін жинақтап, тоқетер бір тоқтамға келу – күрделі нәрсе.

Аталған үш қасиеттің – сипаттың түпкі мақсаты – ғадаләт, шапағат, ғылым емес пе еді? Бәрінің көркі, мәні, мағынасы, сыры неде? Шапағатты болуында! Әділетті – шапағатты болуында. Ол дегеніміз әр сипаттың, яғни, адам кемелдігі көрінісінің әр пендеге жәрдемі, көмегі, шарапаты тиіп, шапағаттың ғадаләт-рафғатты нәтижелі болуында. Бұл қағиданы түсінбесек, соған сай әрекет етпесек, істің бәрі зая кетеді, өзіміз қуыс кеуде пенде, болмаса, жартылай адам болып қалғанымыз.

Бұл қасиеттер барша адамдардың бойында бар: бірінде – көлемді, енді бірінде – шамалы.

Ғадаләтті патша, ізгі ғалым, кәміл мұсылман, қарапайым еңбек адамы, әрбір билік пайдалы ғылым-білім, пайдалы ғибрат-өнеге, пайдалы әрі нәтижелі әрекет жасаса, ғадаләтрафғат фәлсафасының жүзеге асқаны.

Осы қасиеттердің бәрін Жаратушы адам бойына дарытқан, сіңірген гүлдендірген пенденің міндеті – кәмелетке жету жолында болу.

Сөз етіп отырған қасиеттердің иелері кімдер? Ғұламаның айтуынша, әуелі – пайғамбарлар, одан кейін – әулиелер, одан соң- хакімдер, соңында – кәміл мұсылмандар. Әр қайсысына анықтама береді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед салаллаһу ғалайһи уәсәлләмді – Алланың елшісі деп атап, бұрыннан айтылып келе жатқан өзгермес қағиданы бекіте түсіп, өнегеліғибратты ойларын, сөздерін («хадистерін») келтіреді.

Әулиелер тәңірлік ілімді пайғамбарлардан үйреніп, көпшілігі бұ дүниені тәрк етіп, нәпсісіне тыю салып, жанын пида қылып, рухани тазару жолына түсіп, әулиелік сопылық ілімінің негізін қалап, исламның тарап, бекітуін өлшеусіз үлестерін қосты.

Үшінші сатыдағы тұрған хакімдердің тарихтағы рухани, діни-танымдық әрі ғылыми орнын тап басып айтып, «дүниеде тиетін пайдасын сөйледі» деп көрсетеді.

Абай ойының түбі – әулиелерге де, хакімдерге де түсіністікпен қарау, яғни, мынаны есте берік сақтау:

екеуінің де ойлары, әрекеттері ғибрат көзімен қарауды талап етеді; екеуінің де ойлары, пайымдары бірінен-бірі алшақ  
 («жырақ») кетпейді; екеуі де залымдықты, адам адамды алдамақты жек

көреді; екеуінің де пікірлерінің соңы –  
ғибрат.

Бұл мәселеде Абай бағасы – осы.

Осы жерде Абай пайымы әл-Фарабидің ежелгі дүниенің ой алыптары Платон мен Аристотелдің басқаларға қарамақайшылықтағы пікірлер болып көрінетін тұжырымдарын шеберлікпен, тереңдікпен бітімдестіретінін еске салады.

Қазіргі пікірталас, оның ішінде, фәлсафаның әрі дінитартыс заманында, әр тараптың пікірінен ғибрат тауып, бүтіндеп,ымыраға келтіретін күш бар ма, айтулы тұлғалар бар ма? Болса, оларды ұғатын көпшілік бар ма? Өмір жолы – ұзақ, дін жолы- көп, ақиқат – жалғыз.

Әрі қарай айтсақ, аталмыш асыл қасиеттер иелерінің соңы – кәміл мұсылмандар. Ең маңыздысы да, керегі де осы, себебі, пайғамбарлардың да, әулиелердің де және дін ойшылдары мен насихатшыларының да – бәрінің мақсаты – адам баласына ой салу; біз қайдан келдік, бізге нығметтерді кім берді, адами борышымыздың мәні неде, қалай жауап береміз деген секілді, бәрінің мақсаты – адамзатты әділет жолына салу, екі дүниені де бағалай әрі пайдалана білу. Ал, мұсылман адам өз кезегінде олардың айтқан әрі қалдырған өнегелерін – ғибраттарын бойына жинап, шама-шарқысы келгенше, өмір сүру іс-әрекеттерінде орынды әрі пайдалана білсе – ғұламалардың жасап кеткен ілімінің жемісі осы болар еді. Жеміске жету жолы – ұзақ та күрделі жол.

Абай «бұл жол – бек шетін, бек нәзік жол» деп ашық көрсетеді.

Бұған жетудің шарттары: шынайы қалпын сақтап, ауыр жүкті мойынға алу; ғылым-білімнің жеткілікті болуы;

шындықты ұстанып, ақыл мен қайраты бірдей болуы;  
жаратушыға – махаббатың болуы;

халықтың ғаламға махаббатының болуы дей келіп, осы қасиеттердің бір адамның бойында болуын қатаң да қасаң қағида етіп қойғысы келмейтін секілді.

Ұлы мұрат – ұлы қазына, сарқылмас рухани бұлақ. Пайғамбарлар мен әулиелер өмірлері алыстап барады, ол қалдырған рухани әлемі - мәңгілік.

Пайғамбарлар әрі әулиелермен және кәміл мұсылмандар арасында берік көпір салушылар – ол мұсылман хакімдері мен ғалымдары. Олар – дәнекерлер: ақиқат жібiнiң басын ұстап тұрған пайғамбарлар мен әулиелердiң, екiншi жағынан – жiптiң соғын ұстап тұрған мұсылмандардың арасын жалғастырушылар, асыл жiптiң үзiлiп кетпей, жарамды болуына қызмет етушiлер.

Екеуiнiң iске деген адалдығы, берiлгендiгi бiрдей болғанымен, бiлiм-ғылымын пайдалану танымы дәрежесi бiрдей емес.

Абайдың бұған қатысты атақты нақылы бар: «Әрбiр ғалым – хакiм емес, әрбiр хакiм – ғалым».

Хакiмге анықтамасы –Жаратушының даналығын, күдiретiн өз ақылымен жетiп түсiну, әр iстiң себебiн iздеу, ой қорыту, бiр ғана хақты табу; ғалымға – нақлияға жүйрiктер дегенге саяды. Осы жерде түсiнудi талап ететiн терең ұғымдар бар: Хакiм мен ғалым; ғақлия мен нақлия – хакiм ғақлиясы, ғалым нақлиясы; тақлиди мен якини – иман тақлиди, иман якини, заһир(и) мен батин (и) – ғылым заһири мен ғылым батини немесе заһири иман, батини иман.

Хакiмдер – кеменгерлер, ойшылдар – олар ғылымды терең меңгередi; жан-жақты зерделейдi; тұжырымдарын ақылмен дәлелдейдi, не жоққа шығарады; нәтижелi ой қорытады, яғни, iлiмi ғақлияға (даналыққа) айналады;

жасаған ілімі үйренушілердің жүрегіне жетіп, якини дәрежеге (осындай сатылардан өткен берік сенімге) ұласады; көпшіліктің бойына сіңіп, батини иман (осындай баспалдақтардан өткен шынайы сыр имандылық) орын тебеді.

Ғалымдар – ізденушілер, зерттеушілер – ғылымды жақсы меңгереді, әрбір тармағын жан-тәнімен қорғайды, пікірлерін өзгерте қоймайды; ғылымды түсіндіруге, таратуға шебер қалыптасып, айтқандары нақты дәрежесінде (айту, түсіндіру шеберлігіне осы жолмен жетіп) болады; көпшілік те оның айтқандарын, жазғандарын оқып-үйреніп, естіпбіліп тақлиди аясында (қабылдау, түсінуге – сол жолмен жетіп) қалады; алған білімі, таратқан ілім захири ғылым (иман) өресінде өмір сүреді.

Сонымен, хакім сипаты – ғақлия, якини, батини ұғымдарымен көрікті, ол, ғалымға – нақлия, тақлиди, захири ұғымдары жарастықты.

Көріп отырмыз: кемелдік жолы – ұзақ та ауыр, күрделі де жауапты жол, бірақ, кемелдікке ұмтылу – парыз.

## Дүниені тану

Кемелдену жолының, оның ажырамас бөлігінің бірі – дүниені тану. Ұлы ұстаз Кемелді «Сөзінде» дүниені тануға қатысты мәселеге бірнеше рет оралып, таным-сырын аша түсіп, қанатты сөздерімен қатар, айқын мысалдар келтіріп, кемел қорытынды жасайды.

Бірден кесіп айтайық: бұл жерде Абай дүние тануы – қалыпты адами өсір сүру танымы.

Кемеңгер дүниені кемелді тану жөніндегі ойын мұсылмандық қағидамен астарлап, ұрпаққа ашық жайып салады.

«Бәлки, дүниенің ғылымын білмей қалмақтың – бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген...» дейді.

Дүние ғылымын, яғни адал өмір сүру ғылымын білу дегеніміз, Абайша айтқанда: кәсіпке, байлыққа, еңбекке («малға») ынта-жігерін, күш-қайратын, ақылын аса ықыласпен, адалдықпен («махаббатпен») жұмсау; жақсылықта, қиыншылықта адамдарға жәрдем беруде («ихсанда») қолдың қысқа болып қалмауы;

біреулерге кіріптар, тәуелді болмау; өзгенің арқасында өмір сүрмеу («тамғылы болмау»); ізгілік жолы осы-ау деп, таза уағызды, өсиетті жолды ғана таңдап, адал кәсібімді табам («халал кәсіп») деудің дұрыс шаруаға («дүниеге») жатпайтынын түсіну. Бұл жерде де Абай ғылымсыз сөйлемейді, айтады:

ғылым да, мал да – кәсібіміз;

өнер (қолөнері, сауда өнері, диканшылық өнері, т.б.) – өзі де мал (нәсіп), үйренсең иһсан (жақсылық);

өнер ғадаләттен шықпасын, шарғыға муафик (дін қағидаларына үйлесімді келсін) болсын, бәлкім, адамшылықтан (имандық) шықпасын дегендігі болар, «ынтамызды бұзбастық – иманымыз» дейді.

Абай ғалымдарды – адамзат үшін пайдалы, ерекше жаңалық ашқандарды ұлы ойшылдар («хакімдер») қатарына қосады.

Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына зор әсер еткен жаңалықтарға арналған жолдарда ұлы хакімнің мына сөздеріне зер салайық: «уахсусан (әсіресе), адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пен батылды айырмақты

үйреткендігі – баршасы нафиғлық (өнегелі) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дауа жоқ».

Хақ пен батыл, яғни, ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, ақиқат пен қиянат – Ұлы термин.

Осындай сыры терең, мағыналы ұғымды енгізуі – Абайдың Шығыс, көне грек ойшылдарының ғана емес, Батыстың философиясының көрнекті өкілдерінің еңбектерімен таныс болғаны, оларды оқып, зерделеуінің нәтижесі; оның жемісін көру дегеніміз ақыл-пікірді ұстарту, ой-өрісті кеңейту, пайдасын көру. Абайдың Батыс философтарының еңбектерімен танысқандығы туралы мәлімет кезінде баспасөз бетінде берілген болатын.

Абай дүниені тану, яки, дүние ғылымын түсіндіруде Шығыс әлеміндегі замандастарының көбінен иығы оқ бойы озық тұрды.

Тағы да оның мына жолдарына зер салсақ: «Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты». Яғни, жан иесі (Жаратушы);

әуелі жансыздарды: тау-тас, өзен-бұлақ, топырақ, ауа, т.б.;

одан соң – жандылар: құрт-құмырсқалар, аң-құс, т.с.с; одан соң – адамды «жаратыпты».

Сабыр, сабыр... Бұл Абайдың – Жаратушыға қарсы шыққандығы емес, жаратылысты дүние ғылымының жолымен де түсіндіруі. Дарвин десе төбе шашымыз тік тұратыны да белгілі, онымен Абай таныс болды деген мәлімет бар секілді.

Келісейік, келіспейік, ымыраластыратын заман келді, барлық жаратылысты - ғалымды Тәңірдің ілімімен түсіндіру

бар әрі сол Тәңір дарытқан, жаратқан дүние ғылымының көзқарасымен түсіндіру бар. Бірінен туындаған екіншіні оған қарсы қою – өркениет белгісі болмайтыны хақ.

«Заман өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм...» - Абай сөзі, есімізде болғаны жөн.

Абай – алып тұлға, оның жан-жақты іліміне бір жақты, оның ішінде, діни көзқарас тұрғысынан қарау жеткіліксіз, онда олқылық орын алады. Әлемде болып жатқан өзгерістерге, атап айтсақ, жаңа түрпатты, прогресті өндіріс салаларының пайдалы бағыттарын түсіне білді, жақсылыққа бағалады.

«Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрика адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе?» Кім сені сүйсе, оны сүйместік қарыз емес пе? деп, сол заманның өкілдері айтап алмаған сөздерін айтады.

Заманауи зауыт, фабрикалардың қалыптасып, дамып, өріс алуы – батыстықтардың еншісінде болғаны белгілі. Бастауы еңбеккерлерді қанаудан басталса да, бұл өндіріс орындары адамзатты алға қарай сапалы жылжуына орасан зор әсер етті: қалалар пайда болды, білікті жұмысшы – мамандар қалыптасты, білім-ғылым ошақтары шоғырланды, жаңа қарым-қатынастар орнады. Мәселе – осы нығметтердің жемісін ғадаләтті-рафғатты болуында еді.

Кемеңгер пайдакүнәмділікке емес, дәулеттілікке, тәркі дүниеге емес, мағыналы тіршілікке шақырады.

«Адамзат тірлікті дәулет білмек,

Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» деуі – адамзатқа арналған өсиет. Соңғы жолдағы әр мағынасы, қос сөзден тұратын тіркесті, тамырлы үш буынды алып, зерделеп



қарап, жүзеге асырсақ – одан артық игілік, қызық бола қояр ма екен?

Адам баласы әрбір істен: ғылым болсын, өндіріс болсын, қарапайым жұмыс орны болсын- одан күш-қуатын арттырса, ләззат алса, табыс тапса, ол дүниенің жақсылығы емес пе?!

Абай сөзін, ойын бекіте түседі: «Дүниенің мәгмұрлығы (қызығы, игілігі, жақсылығы) бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе».

Адамзатқа, қарапайым еңбек адамы үшін қызық деген не, ол:

адамзаттың жарастығы, бейбіт өмірі;

ел тыныштығы;

отбасының амандығы;

ұрпағының оқып,білім алуы, болашағына сенуі;

білімнің, дәулеттің – жиналған қазынаның орынды

жұмсалып, пайдаға асуы.

Дүниенің қызығына, дүниенің барлығына әрі игілігіне қарсы ұғым, ол – жоқшылық. Жоқшылық қолды байлайды, ыза тудырады, адамзатты жек көріп, бүлікшілікке итермелейді.

«Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады» - Абай ескертуі.

Замана сипаты сәт сайын өзгеруде, бірақ, ұлы гуманист ескертуі өзектілігін жойған жоқ.

Қарапайым тіршілік игіліктерін көре алмай отырған жандар бар: баспана жоқ, жұмыс жоқтықтан сенделгендер, әсіресе, жастар бар; аштықтан жапа шеккен халықтар бар. Бір жағынан, өркениетті әлем мұндай жағдайларға көңіл бөліп, бірлесіп жұмыс атқаруда. Бірақ, алда атқарылар жұмыстар ұшан-теңіз, бастысы – көп жағдайда, сол езілген

халықтардың, олардың жер байлықтарының есебінен жиналған байлықты орнымен әділ жолымен бөлісу.

Адам баласының жарық дүниеде жасаған жақсылықтары, ізгілікті істері мен әрекеттері – мәңгілік өмірде (о дүниеде) есепке алынатын нәрселер.

Алып ой ілімінің бұ дүниесі – о дүниенің егісі, егіндігі («әд-дүния мәзрәғәтул – ахирет») деген ғибратты ислам қағидасын еске салады. Бұл қағида – мәңгілік қағида: адам Жаратушы алдында қандай жауапты, есепті болса, халық алдында да өмір бойы жауапты; өмірден өткеннен кейінде де, істері таразыға салынып, бағаланады; замана ауысуымен адамды бағалау өлшемдері ауысып отыруы мүмкін, ал, Жаратушының үкімі – ақиқатты болып қалады.

Жомарттық – дәулеттілердің тапқан байлығының бір бөлігін жарлы-жақыбайлармен бөлісуі, ғылым, өнер, т.б игілікті істерге жанашырлық танытып, демеуші болуы; ерлік – Отанды қорғау, жер-Ананы қастерлеу, қиын сәттерде батыл, ойлы іс-әрекеттерге бару; игілікті – саналы ұрпақты тәрбиелеп, біліміне әрі денсаулығына қамқорлық жасау; әділеттілік – биліктің адал да әділ басқарып, кемелді қоғамның қалыптасуына, дамуына үлес қосу; имандылық – шүкіршілік, кешірімділік және рахметшілдікті өмір ережесіне айналдыру; төзімділік – бар адамзатқа, ұлтқа, ұстанып сеніміне, салтына, жүрген тарихи жолына сыпайгершілікпен әрі құрметпен қарау.

Бұның бәрі не үшін керек – бүгінгі күннің тілімен айтсақ: жаһандану дәуірінің жақсылығын алу, жаманынан қашу, ел ретінде, ұлт ретінде қалып, басты сипаттармыз – тіл, сенім, жағымды өмір бірлігін сақтап қалу.

Қазіргі аумалы-төкпелі заманда, сын сағаттарда игілігі мен жыртқыштығы теңдес алып күш – жаһандану дәуірінде қолымыздан не келеді? Елдікті, мемлекеттілікті қалай

сақтап қаламыз? Жауап – әркімнің өз орнында болуы: ғалым болсын, өнер иесі болсын, кәсіпкер болсын, мемлекеттік қызметкер немесе қызмет иесі болсын, әр түрлі мамандық иегері немесе қарапайым еңбек адамы болсын, бірақ, бәрінде ортақ мүдденің болуында.

Осы пікірлер Абайдың Алла ғылымын және дүние ғылымын зерттеген зерделі пайымдарына сүйеніп, айтылып отыр. Тәркі дүниелік, яғни, әулиелік – дін ақиқаты, жан тазалығы, ар тазалығы үшін күрес жолы, адамзатты әділетке, мархабатқа, махаббатқа жақын болып, тоқтамға келуі әрі бұл жолдың ауыр да күрделі, шетін де нәзік жол екенін баян етеді. Бір адамның басында терең ғылымның, мұқалмас қайраттың, жаратушыға –өшпес махаббаттың, ғаламға, адамзатқа – сүйіспеншілігі мен қалтқысыз жәрдемінің болуы – оңай шаруа емес. Басты нәрсе – адами жолды ұстану.

Енді, Абай сөзіне құлақ асайық: бәріміздің кемелділігіміз әулиедей болса, дүние қызығын жоққа шығарып, тәрк етсек, бәріміз ағым жолдарында болып, айтыс-тартыста болсақ:

малды кім бағады (шаруамен кім шұғылданады);

дұшпанды кім тоқтатады (Отанды кім қорғайды, шекараны кім сақтайды, ел тыныштығы үшін кім күзетеді);

киімді кім тоқиды (мақта, матаны кім шығарады);

астықты кім егеді (дәнді, жеміс-жидекті, көкөністі кім егеді, жинайды, тамақ жасайды);

Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді (жердің жемісін, кенін; судың – балығын; фабрика-зауыттың рахатын, пайдасын; ғылымның жетістіктерін, ақыл-ой иелерінің даналығын).

Айтылғандардың бәрі – Тәңірдің берген жақсылықтары, игіліктері («нығметтері»), оған ықылассыз қарау, ескерусіз

қалдыру – ақылға, әдепке дұрыс нәрсе емес; шүкірлігің жоқ болса – әдепсіздік, күпірлік; Мұның бәрі – «адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» - Абай тағлымы, міне осы.

Дүние ғылымының сырын түсінуге ұмтылу, оның рухани һәм материалдық игіліктерін жасап, қызығын көру – адам баласына тән қасиет.

Ғұламалар айтады: «бала-шағасын адал табысымен асырауға тырысып жүрген жан Алланың жолындағы күресушілерімен тең. Ар-ұятты сақтап, адал дүниені іздегендер шейіттермен деңгейлес».

Байлықты адал жолмен жинап, адал жолмен жұмсап, әділетті пайдаланғандар тарихта жетерлік, олар құрмет көрсетілуге лайықты жандар. Абайдың айтуынша: «әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді, ғашәранмүбәшәрәдан (тірі кезінде жұмаққа баруы сүйіншіленгендер) хазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф уа сағид бил Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді».

Сонымен, бізге мәсхабымыздың негізін қалаушы Әбу Ханифа да кәсіппен – саудамен айналысып, тіптен, Пайғамбарымыз да қой бағып, сауда ісімен шұғылданған кезі болды.

Сау ақыл, терең ой және нәтижелі, пайдалы іс-әрекеттердің жемісін көру – кемелдік белгісі. Қазіргі таңда, замана жақсыларына ұлы жаңалықтарды ашушылар ғана емес, соны шеберлікпен, әділетпен, яғни, адамшылықпен пайдаланушылар да жатады. Бүгінгі жасаған жақсылығымыз – ертеңгі азығымыз.

Ғалымдар: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Лә илһә иллалаһ» деп айтып, екі дүниеде де табысқа жетіндер» дегенін айтады.

Екі дүние – екі тізгін, бірдей ұста – міне, мәңгілік ақиқат қағидасы.

Адамзатты, адам баласын асқақтатып, дәрежесі мен мәртебесін көтермелеуде Абайдан асқан ойшылдар, оқымыстылар болды ма екен?!

Мына түпкі мәнін түсінуді қалайтын – егер оны басқа біреулер айтса, тыжырынып, ат тонымызды ала қашатын – сөздеріне сабырмен назар салайықшы: «Өз пиғылдарыңды соған (Жаратушының пиғылдарына), өз халіңше, ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ»,

Анық, айқын, түсінікті айтылып тұр. Түсінуі жеңіл көрінгенімен, танымдық сыры әріде. Әрі жасқана, әрі тәуекелге бел буып, қысқаша баян етуді жөн көрдік. Басты шарт, түсінгеніміз, - оның пиғылдарына ұқсау. Пиғылдары дегеніміз – Оның ұлық істері, сипаттары мен көркем есімдері, олардан туындайтын шексіз Жақысылық, Ізгіліктің, Әділеттіліктің, Көркем мінезділіктің – сол қасиеттердің, түйіршіктің немесе талшықтың мыңнан бір бөлігіндей болса да, адам бойынан табылуы, тіптен болмаса, тозаңы жұғуында. Тозаң да – ғаламат дүниенің бастауы.

Ал, мысалдадық.

Біз де (адам баласы) – бармыз, Жаратушы да бар (ұжуд); біз де – тіріміз, Ол – мәңгілік («бақи»). Ұқсастық нышандары бар, бірақ, мүлдем бірдей емес. Жаратушының барлығы да, тірлігі де басқаша – оған танымымыз жетпейді, тек үнемі Оны тану, сезіну жолында боламыз.

Жаратушы сыйлаған ғұмыр өзгермелі, ұзақ та ауыспалы: ұрпақ – ұрпаққа, замана-заманға, дәуір – дәуірге, қоғам – қоғамға ұласып, бірі бірінің жалғасы болады. Бірі – ондаған, бірі – жүздеген, енді, бірі – мыңдаған жылдар өмір

сүрер, бірақ, келтелі. Мәңгілік – Жаратушы, оның жаратқан әрі өзгеріп отыратын әлемі: жансыз, жанды дүниелері – он сегіз мың ғалам. Бұл дегеніміз – тіршілік мәңгі, сабақтастық мәңгі, даму мәңгі дегеніміз.

Бәрінің негізінде – ғылым жатыр, заңдылық, үйлесімділік бар. Алла – ғылым иесі, адам – ғылым өкілі. Бір ғалым адам ғылымның бірнеше саласын өзінше түсініп, ізденіп, меңгеруі мүмкін; ал, жүздеген ғалым ғылымның мыңдаған сырларын ашып, ғылымның, жаратылыстың, болмыстың шексіз де шетсіз құпиялы құбылыстарын танып біліп, адамзаттың игілігіне жаратуы мүмкін. Мұның бәрі – Жаратушының нығметтерін тану жолы, ол жол – мәңгі бітпейді, үзілмейді, жалғасын таба береді. «Бәрін танып білдік» деген адам баласының ақыл үкімі ешқашан болмақ емес, өйткені, өміршендік сақталады, ал ол өз кезегінде – жаратушыға тиесілі, басты сипаттарының бірі.

«Өз пиғылдарыңды Соған, өз халіңше, ұқсатуды шарт қыл» дың ішіндегі пікір Оның тоқсан тоғыз көркем есімдеріне де қатысты.

Ол Мейірімді, Қайырымды, бәрін Естуші, бәрін Білуші, Кешірімді, т.б. кемел қасиеттерге – сипаттарға ие екендігі белгілі.

«Мейірімді» атты сипатын алайықшы. Бізге қатысы бар ма? Бар. Адам баласы да – мейірімді. Бала-шағаға, туғантуысқандарға, қызметтес әрі достарына – мейірімдіміз, «жеті қазынаға» – мейірімдіміз, дін бауырларымызға және тілі тамырлас халықтарға – мейірімдіміз, тау-дала, аң-құстарына, өскен жердің көлдері мен бұлақтарына мейірімдіміз; ал, барша жаратылыстың жанды да жансыздарына, барша адамзатқа, оның ыстығы мен суығына, шөлі мен аштығына жанымыз ашып, мейірімділік көрсете аламыз ба? Қиын. Себебі, бір адам бәрін бір мейірім

құшағына сидыра алмайды, шамасы жетпейді, өйткені, шектеуліміз. Барша адамзат қана бірігіп, «мейірімді» деген атқа ақыл-ойымен, әрекетімен, махаббатымен жетуге қадам жасайды. Бәрі жиналып, Алланың мейіріміне жетпейді. Түп иенің мейірімін сансыз кішірейтіп, бір теңіз деп алсақ, біздің мейіріміз сол теңіздің бір тамшы суынан пәлендей бөлшегі ғана. Ал, қаншама бұлақ, мұхит сулары бар, қиялдап, елестетіп көріңіз, ой сезімін қосыңыз. Бұл қарапайым мысалымыз, Оның басқа да сипаттарына қатысты осы ойды басшылыққа алсақ, ол адамды тәкаппарлықтан, өзімшілдіктен, көпбілемділіктен, атаққұмарлықтан сақтайды. Әрине, мұның бәрі әділет үшін, қару-жарақпен емес, ақылменен күресіп, зұлымдыққа кедергі болуды жоққа шығармайды.

Аса әділетті, жомарт Жаратушының сипаттарына қатысты кәміл ақыл иесі сұрақ қояды:

Жаратушының сегіз ұлық сипатынан тайып, басқа жолға түссек, мұсылман болып аталана аламыз ба; осы сегіз сипатын әрі аттары анықталған Оның істеріне, қасиеттеріне біздер өз істерімізді, ақыл-ой әрекеттерімізді ерту немен табылады, қалай табылады дейді. Біріншісіне – жоқ, екіншісіне – білу қажет дейді.

Әрине, ұқсамақтың жөнін білейік, сырына үңілейік. «Ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасымен емес, соның соңында болмақ» деп, бір өлеңінде:

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,

Мүмин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ» деген ойшылдың ақиқатты, көп арналы сөзі талап қылуға, үйренуге, бір түйірдің мың сан түйіршігіндей («зәррә») болса да, пиғылынды оған жақындатуға жетелейді.

Абай пенденің жамандықтан – жақсылыққа, яғни, надандықтан даналыққа жету жолына бағыт көрсетті.

Күрделі өмір тәжірибесі арқылы, ислам құндылықтарын зерделеу арқылы, шығыстың әрі батыстың ой алыптарының еңбектерімен танысуы және олардың таза дәнін алып, пайдалану арқылы.

Пенде – адам, пенде – кәміл мұсылман, пенде – ғалым, хакім, пенде – әулие-әмбия, пенде – Жаратушыға пиғылымен, ісімен жақындаушы жан. Пенде ісінің салмағы жер қыртысының, яғни, топырағының бір түйіршігіндей ме? Пенденің жақындауы – түп нүктеден қашықтығы миллиондаған, миллиардтаған шақырымнан жақындауы ма? Беймәлім, шексіз дүние. Оған он сегіз мың ғаламды қосыңыз, пенде ісінің салмағымен оның Оған жақындауын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Бірақ, адам баласы ондаған мың жылдар бойы ізденуде, әрекет етуде – Жаратушының пиғылына жақындау үшін. Іздену, адал да әділ жолмен жақындау – мәңгілік құбылыс.

Абай, көк егін-жайдан арамшөптерді жұлып тастағандай, адам бойынан кемшіліктерді аршып алып, кемел сипаттарды ұялатты. Адам туралы ілімді кеңейтті, молайтты, оған жаңа өріс ашты.

Өнегелі «Сөзден» не таптық, не танып түсіндік, не түйдік – адамға қатысты. Жаманшылықтан арылып, ізгілік жолына түскен, жетілген адамды қандай адам деп атаймыз?

Ұлы хакім еңбегінде: кәміл иманды адам, кемел адам, таза мұсылман, толық адам, жаны жомарт (жәуәнмәртті) адам, ғадаләтті адам, арлы адам қасиеттерін сипаттайды.



Дін: оқу орындар,  
қызметшілері, ғибадат  
мәселесі

Ислам әлемі бір замандары – шамамен тоғызыншы – он төртінші ғасырларда ғылым мен білімнің әр салаларында ірі табыстарға жетті.

Ислам өркениеті арқылы батыстықтар көне елдердің бай, рухани мұрасымен танысты. Мысалы, еуропалықтар ұлы ойшылдар Аристотель, Платон еңбектерімен әлФарабидің еңбектерінен танып білді.

Қазақстан жерінде де, әсіресе, оңтүстік аймақтарда, діни білім ордаларында ағартушылық, жалпыадамзаттық құндылықтарды үйренудегі танымдық бағыт сақталды.

Алайда, аталған ғасырлардан кейін, уақыт өте келе, діннің ағартушылық-ғылымдық бағыты өзгере бастады, енді, жалаң, уағыз-насихаттарға, жаттанды оқуларға, сыртқы сипаттағы құлшылықтарға (намаз, ораза, т.с.с.) көбірек көңіл бөлінді. Бұл жағдайдың орын алуына сол кездегі қайшылықты тарихи оқиғалар да әсер еткен болуы керек.

Абай заманында біраз жерлерде – Оңтүстік өңірлерде, арқадағы Семейде қалыптасқан діни оқу орындары оқыту, тәрбиелеу жүйесінің сілемдерін сақтағанымен, уақыт талабына толық жауап бере алмады. Рухани биікке көтерілуінің алғашқы баспалдағы осы діни оқу орны – медресе болса да, сыншы Абай сол заманғы оқу жүйесінің сапасын қатты сынға алды, ол басқа мұсылман елдердегі оқыту жағдайынан хабардар еді.

Абай заманы – XIX ғасыр, қазақтың жалтақтаған заманы, өзін өзі билеудің нақты жол бағыттары жоқ заман;

Абайдың шығармашылық, азаматтық қалыптасу кезеңі – негізінен, ХІХ ғасырдың екінші жартысы.

Абай дүниетанымында медреселер, молда-имандар үлкен рөл атқарса да, уақыт өте келе, елдегі білім-таным кенжелеп қалғанын және қалыптасқан озық кәсіп түрлерінің болмауын, игіліктерін көре алмай отырғандарын сыни көзбен екшелеп, өмірге қажетті пәндердің жоқтығын меңзеп, діни оқу орындарын, қызметшілерін өткір сынға алды.

Сол заманғы ғылым-білім беру ісі («тәхсилғұлум») жүргізілуі ескі медреселердің жағдайы қалпында («ғұрпында») болып, заманға пайдасы жоқтығын кесіп атты.

Бағасын берді, жеміссіздігін көрсетті, ол дегеніміз:  
 шәкірттердің ұзақ жылдар бойы өмірін мәнсіз өткізуі;  
 ғылым-білімді қалыптастырудың орнына, ұзақ, қыңыр таласты күндердің («бахас») орын алуы;  
 өмір сүруге, тіршілік дүниеде («мағишат») ессіз адам болып қалу;

нәтижелі іске («қарекетке») ыңғайының («лайықты») сай болмауы;

бәлки, ауқаттылардың ақша-мүлкін, көпшіліктің демеуін пайдалану, шәкірттерді көптеп тарту («адам аулауы»), яғни, сапа емес, санды ойлау; қажетті білімін беріп жатырымызды желеу етіп, ескіше оқыту жеткілікті деп, ата-ананы да, балаларды жұбатуы («адам алдауы»).

Нәтижесі – мұндай заман талабына түсінгендердің («ессіздердің») насихаты да, тағлымы да, көбінесе, әлсіз, әсерсіз («тасирсіз») болады.

Ұлт ретінде алға жылжу жолымызды іздеген Абай өзге елдердің білім берудегі озық үлгісін атайды. Соның бірі – Түркия. ХІХ ғасырдың екінші жартысында осы елде және Татарияда жәдитшілдік ағым орын алып, дін сабақтарымен

қатар басқа да пәндерінің, оның ішінде, жаратылыс және гуманитарлық пәндерін қоса оқытылуы күн тәртібіне шығарылды әрі жемісін де берді.

Осыған байланысты, Абай Түркияда («Хұсманияда»): соғыс өнерін үйрететін мектеп («харбия»); әртүрлі пәндерді оқытатын мектептер («рушидиялар») салынды; оқыту жүйесі жаңа сатыға, жаңа сапаға көтеріліп, жаңа өлшемге («низам») ие болды деп, сол кездегі діни мектептеріміздің (медреселердің т.б.) замана сұраныстарна қарай, алға жүру керектігін меңзеп тұрғаны айқын көрінеді.

Абай терең Танымды «Сөзінде» дін ғұламаларында қатысты сындарлы, ой түбінен шыққан, басқаларға ұқсай бермейтін – пікірін білдіреді.

Оның пайымы бойынша, мұсылман ойшылдары мен басқа («ғайри») діннің ойшылдарының («хакімдері») ілімі – асыл рухани қазына, мұрат.

Сондай жоғары ілімі деңгейде болса да, олардың кемшіліктері бар, ол мынадай:

ізденсең – танысың, талап қылсаң – табасың («әғәрше фатлубни тәжидуни») дегенді басшылыққа алса да, дүние әрі адам сырына жетсе де, - діннің ақиқаты – Алланы танып білуіне («хақ мағрифатына») жете алмағандар; екіншіден, Алланы тануға ұмтылса да, құдіретін сезсе де, иманның жеті шартының қалған алтауына (пайғамбарларына, кітаптарына, т.б.) бірі – күмәнді, бірі – сенбей, қарсы болып, мойындамайтындар, себебі, олар – Оны талдап, танып, түбіне жете («тахиклай») алмағандар.

Абай талдай отырып, дін ойшылдарына ғибратты баға береді: олар дін ұстазымыз болмаса да, Пайғамбарымыздың адамның жақсысы – зиян келтірмеген адам, яғни пайда

келтіруші кісі («хайрун нас ман йанфағу нас») деген сөзін басшылыққа алып отыруға шақырады.

Абай заманында әрі одан бұрын да, дін қызметшілердің ішінде халыққа жақыны – молдалар мен имандар болды. Шәкірттерін оқуға, білімге әрі рухани жетілуге үйреткендер де – солар; яғни, олар сол кездегі ұстаздың рөлін атқарды. Бірақ, туып келе жатқан жаңа заманның тегеуіріңді талаптарына сай діни оқыту ұрпақты ғылымға жетелейтін сабақтастық үрдістерімен байланыстыра алмады, оған ой-өрелері де жетпеді және білім-ғылымның танымдық іргетасы қаланбады.

Ғұлама Абай хакімдердің дүние ғылымына қосқан үлестерін және адамзатқа пайдалы деген ашқан жаңалықтарн тізбелей келіп, өзегін өртеген мәселе, сол заманғы кемшіліктерін, соның ішінде, молдалардың ойөрісінің тарлығына, білімсіздігіне налиды.

Термелеп айтсақ, не ғылымы, не білімі жоқ молдалар: ойшылдарды, ғалымдарды түсінбейді, олардың досы емес, дұшпаны. Құранда адамдардың көңілі жаманшылыққа ауып тұрады («әл-инсан ғәдду ләма жәһилге хисап») дегендей, олар білімсіздіктерінен зиян әкеледі; шәкірттері жұртқа пайда әкелмейді, үлгі көрсетпейді, зиянды нәтижелер («зарарлар хасил») жасайды, себебі – жарым-жартылай, сауатсыз үйренген араб-парсы тілін таластартыс, (айтыс «бахас») үшін пайдаланады; есерлік, құр айқай («һай-һой»), мақтауы қауымды адастырады, жаңылыстырады; рас

сөзге ор қазып, тор жасайды;

бос сөз, құр мақтан, білімсіздік адам баласын бұзатын жаман іске – жөнсіз өзімшілдікке, менменділікке әкеледі.

Бұл келеңсіз кемшіліктерден арылу жолы: надандықтан құтылып, жақсылықтан ғибрат алу; ар-намыс, ынсап

арнасына түсу; растың аты-хақ, хақтың аты- Алла екенін тану һәм оның мәнін асқан ыждаһаттылықпен («тәптіштеумен»), ғадаләтты танып түсіну; жамандықтан безіп, жақсылыққа ұмытылу бойымыздағы мұсылмандық қасиеттерді әлсіретіп, одан шығып кету («күпір») қаупін ескертеді.

Дін исламның көрнекті өкілдері – имандар да сынға алынады. Олардың кемшіліктерін атап, сынамастан бұрын, ұлы сарапшы дүние ғылымын, яғни, дүниенің мархабатты қызығының да нұры-шапағаты бар екеніне, парасатты дәулеттілікке және жоқшылықтың зардабына, құрғақ уағызнасихаттың зияндылығына тоқталады.

Осыған қарағанда, өз заманындағы кейбір имандарды сынау себептері – олардың дүние ғылымынан алшақтауында; уағыз – насихат арқылы дәулет іздеуінде; өзгенің жақсылыққа, тапқанына сүйенуінде.

Ишандар, оларды ғалым деп атаса да, молдалардан да бетер ауыр сынға алынады – не үшін; ұлы сыншының тілімен айтқанда:

көбісі – білімі, уағыз – насихаты пайдасыз болғандықтан,  
еңбегі зая кететін («фитнә») ғалым; шарифат мағынасын – үкімін («хүкім») таза білмейді,  
надан; өзін-өзі дін жолының бір мектебі («әһіл тариқат») біліп, біреудің ішкі дүниесін өзгертуге («біреуді жеткізбек дағуасын») әрекеттенеді.

Әрі бұлардың:

сөйлегені, айтқаны – жалған;

сүйенгені, сенгені – надандар;

дәлелдері – тәсбиғы мен шалмалары.

Дін ғылымын дүние ғылымымен ұштастыра алмауы, адам жанын, ішкі дүниесін жалғыз діни уағыздармен ғана

толтыру басымдығы – олардың білім аясының тарлығынан, таяздығынан және жаңа заман талаптарына жауап бере алмағандығынан болды, сондықтан: бұл іс – олардың сыбағасы емес; бұлардың жеткізбегі – екі талай («мұхал»); бұл іс – шынайы, таза («хаттә») дінге де залалды.

Абай сыны өмірдің барлық жақтарын қамтыды, орайы келіп тұрғанда, сәл шегініс, жасап осыған тоқтайық.

Оның үш сыны – пікірі көпшіліктің бәріне бірдей ұнай бермейді, олар:

қазаққа, яғни, ұлтына қатысты сыны;

ел аузындағы ақындарға, бай-манаптарға қатысты сыны; имам, молда, ишандарға қатысты сыны.

Біреулер – не үшін сыналғанын түсінеді, біреулер – сынның, күшін бәсеңдеткісі келеді, енді, біреулері – ойшылдың артық кетіп қалғаны деп, «күнкілдеп берер сазанды» демекші, жақтыртпайды, не кемшілігіне апарып тірейді

Шын мәнінде солай ма, пікіріміз:

Өз халқын сынағаны – қараңғы түнегі басым заманды сынағаны, кейін келген зиялылардың «оян, қазақ» деген ұранына, қозғалысына себепші болған дабыл қағуы, өзге елдерге қарағанда, ғылым игеруден, кәсіп жасаудан, өнер табудан артта қалғаныманызды ашық айтуға, кінәні өзімізден іздеуді меңзегені. Қазақтың жауы – қазақ деген ойы бар. Ащы шындық, тарих куә; сан елдің, мемлекеттің әлсіреуі, не жойылуы – іштей іруден, талас-тартыстан басталған. Сондықтан, бар кінәні бөтеннен іздей беру жақсылыққа апармайды. Заман өзгерді: пікірталас қажет, бірақ, ол да адамшылық қасиеттен аспауы қажет. Тарихтан сабақ алу – ақиқатқа жетелейді, кемелдікке апарды.

Байларды, дәулетгілерді сынады, себебі: олардың көбісі байлығын адал жолмен жинай алмайды, не адамшылық жолмен жұмсауды білмейді, жоғарыдағы ұлықтарға да, төмендегі ұры-қарыларға да тәуелді; Абай

сыны – жаңашырлық сын.

Ал, ақындары кім? Өткен заманның ірі жыраулары: Шортанбай, Дулат, Бұқар-Жырау. Заманның сақшылары, сөз зергерлері, алдағы болар күннің зиянын тап басып, айтушылар, тарих сахнасынан түспегендер. Осындай ақындарды сынауы – Абайдың ойшылдық, танымдық өресінің олардан биік тұрғандығында, ол – жаңа заманның ақыны, жазба ақыны, Шығыс пен Батысты емген ақын, ойшыл, әрі олардың сынауға тұратындығында.

Абай олардан жаңа заман лебін, тынысын іздеді, жаңаша жазу мәнерін көргісі келді. Аталмыш жыраулар өмірі әріде еді, олардың сол заман аясынан, шеңберінен шығып, өзгеше жырлауы мүмкін емес болатын.

Көптеген зерттеушілер, кейбір әсірешілдерге қарағанда, Абай сынын дұрыс түсініп, нақты бағасын беруде.

Абайдың қарадан бастап, ел басына, топ басына және дін басына болсын, қадап айтқан сөзі – ол иман жайындағы толымды ойлары.

Иманның ұлы сенімнің тазалығын қорғауда, сырын, ішкімәнін сақтауда Абайдың айтқан байламды пайымдарының маңызы зор. Ол өлеңдерінде иманның ішкі сырына, кемелді болуына ықыластығын баса көрсетсе, Гибраттық «Сөзінде» аталған мәселелерді тағы бір түйіндеп, шегелеп, сыртқы ғибадаттарды, оның ішінде, намаз рәсімінің әрбір ажырамас бөлігіне тоқтап, сыр қозғайды. Намаз оқу барысын баяндауы – бір жатқан құбылысты дүние, сананы сілкіндіретін тұжырым.

Ғибадат, құлшылық, тағат – бәрі иманнан туындайды, иман, имандылық – басты шарт, қалғандары оған қызмет етеді. Иман жоқ жерде, қалғандары әлсіз, ажарсыз, мәнсіз, сыртқы көріністер ғана болып қалады. Абай, сондықтан, жеріне жеткізе:

«Руза, намаз, зекет, хаж-талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен татымды бермес жеміс» десе, енді, бір жерінде «Иман білмес тағатты қабыл демен», «Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай, Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған» деп, имансыз құлшылықтардың бәрі татымсыз келетінін ескертіп тұр. Имансыздың дүниеқоңыздылығы, жеңілдікке, ескерлікке, салғырттыққа, менмендікке апарып, пайдасыз дүниеге ынтықтық туғызып, иманды, оның қуатын бәсеңдетеді, ақын тілімен айтсақ: «Дүниеге ынтық, маһшарға амалсыздың Иманын түгел деуге аузым бармас» дегеніндей.

Имандылық Абай ұғымында, ол – ғылымды, халықты, жаратылысты жақсы көру, ізгіліктің, әділеттің, қайырымдылықтың, мейірімнің үстем болуы. Осының бәрі оның үш сүюінде («иманигүл») кемеліне келтіріп, айтқан болатын:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы деп әділетті  
Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл.  
Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл.



Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы  
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы».

Осы жолдар – иманның толық анықтамасы, кемелді адамшылық пен адамгершіліктің ұраны.

Халқымыздың: «Иман байлығын бер», «Иманың жолдас болсын», «Екі дүниенің абыройын бер» деуінің астарында да терең мағыналы, тәрбиелі сыр жатыр.

Рухани ілімнің білгірі иман мәселесінде оның ішкі әлемі сыртқы дүниесімен, яғни, көріністерімен үйлесімдік табу талаптарына әрі қажеттіктеріне ерекше мән берді.

Бар нәрсенің саналы үйлесім табуы – Абай кредосы. Әрі Жаратушысының ешбір нәрсені даналықсыз, ізгіліксіз («хикметсіз») жаратпағанын, әрі ешбір нәрсеге, яғни, пендеге артық міндетті жүктемегенін кемеңгерлікпен айтуы («хикметсіз тәклиф қылмады»), ұлы ойшылдың келтіруі - ақылды дәрістің ойлы өзегі. Ол дегеніміз әрбір мұсылман баласы ислам құндылықтарын шамасына, мүмкіндігіне, білімі мен қабілетіне қарай игеріп, бірақ, қандай мөлшерде болса да – саналы түсініп, тани білу, әрі әділетті пайдалану.

Рухани, діни әлемнің ішкі сырына үңілген «Сөзден» әрі басқа шығармаларынан өлеңдерінен ғибадаттың:

ішкі, сырлы, жасырын, көзге көрінбейтін, яғни «батин» құлшылыққа; ораза, намаз, зекет, қажылық, яғни, сыртқы «заһир» құлшылыққа бөлінетінін байқаймыз әрі осы әрбір құлшылықтың саналы, ойлы, ізгілікті және мағыналы болып, ниеттенудің жоғары сатысына («қасд») жетіп, бар амал шынайы ниеттен шығуы қажет («иннамал-ла ағмал, бин-ниет»).

Сіздің сыртқы құлшылығыңыз сыр ғибадатқа жетпегені кемшілік емес пе деп сұрақ қоя отырып, ойшыл: сыртқы ғибадаттың иманды болғанын талап етеді.

Ой түйіні: сыртқы ғибадат – ішкі ғибадаттағы иманның көлеңкесі; сыртқы ғибадат – иманның нұрландыратын көркі;  
 иман – жалғыз («біреу»); иман  
 ізгі тағатпен нұрланады;  
 тағат жоқ болса, күңгірттенеді, сөнуі мүмкін;  
 ғибадаттың ішкі сырын түсінбеу – иманның әлсіреуіне, сөнуіне апарды; бұйырғаны осы деп жүре  
 беру – қауіпті.

Абайдың «терең ойдың телміреп соңына ермей» деп, әрбір нәрсенің сырын, мәнін білу үшін, оған терең үңілудің қажеттілігін айтатыны бар.

Оның сыртқы тағат, құлшылықтар жайында қарапайым, бірақ, түбіне жетуді қалайтын – «Ол – ғибадат күзетшісі» деген сөзі бар.

Бұл сөздің сыры неде екен:

Ол – құлшылық күзетшісі;

Құлшылық – ғибадат күзетшісі;

Ғибадат – иман күзетшісі дегені ме?

Күзетшінің міндеті ояу тұру, іштегі күзетілген нәрсенің тазалығын сақтау, кірпік ілмей, сақ болуы, егер іштегі нәрсенің амандығын, тазалығын ойламай, оның бүлінуіне жол берсе, ол күзеттен ешқандай пайда жоқ; басты мақсат: іштегі асыл дүниенің – иманның амандығын, тазалығын сақтау.

Мысал ретінде астық қоймасын алайық. Қойма жабық, кілттеулі. Сыртында оның күзетшісі: бес қаруын асынған, кірем деген кез келген аңды, құсты әрі жәндікті атып тастайды. Кірер тесік жоқ. Сыртынан қараса – бәрі аман.

Күзетші мәз.

Ал, ішіндегі астық не болып жатыр? Астық қызып, шіріп, қалған бөліктерін шарпып, дәнді бүлдіріп, есіл еңбек

зая кетуде. Күзетшінің мұнымен ісі жоқ, сырты – бүтін. Іштегі дүниені отқа айналып, өртенгенде бірақ біледі. Міне, күзетші ішкі әрі сыртқы міндетін білмегендіктен, асыл дәнді – ел қазынасын ауыр халге ұшыратты.

«Мақсат – күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?» - бұл Абайдың қатал қойған сұрағы, сұсты ескертуі.

Абай ойдың да, амалдың да ниетті, саналы болуын талап еткен ойшыл. «Ей, ишараттан (тұпсалдап айтудан) хабарсыздар, қара» деп бастап, ізгілікті «Сөзінің» жаңа тарауын ашады: «тән қылған құлшылықтардың ғадалетті, мархабатты», ізгілікті және саналы болуын, тән арқылы жасалған құлшылықтардың сыр ғибадатқа жетіп, иманның іштей де, сырттай да қорғауын, сақталуына әрі жарасым табуын қалайды.

Әрбір құлшылыққа, нақты айтқанда, намазға, оның құрамдас әрі ажырамас рәсімді амалдарына берген анықтамасы, түсіндірмесі – кемел ойды поэзия тіліне татырлық қара сөзбен өрнектелген асыл дүние.

Оқыған сайын, түпкі ойына үңілген сайын, мұсылман баласының көкірегі ашылады: жасаған әрбір денеуи қозғалысы, әрбір сөзі, тілегі, жалбарынуы (дұғасы) тәңірлік танымға жетелейді.

Тәни амалдардың бәрі деуге болады – «ишарат» сөзімен аяқталады, бұл сөздің мағынасы – астарлы, сырлы, қатпарлы.

Ишарат – пенденің Жаратушының алдында жан-тәнімен, ақ ниетімен, ақыл-оймен, жүрек-сезімімен есеп беруге ұмтылысының көрініс белгісі.

Бұл рухани амалдарда жалбарыну да, шүкірлік ету де, кешірім сұрау да, үміт ету де – бәрі бар.

Енді, ұлы ұстаз келтірген тәни құлшылықтарға тоқталып, қарапайым қазақ тілмен баяндайық.

Намаз:

ғибадаттың бір үлкені; ниеттену;

дәрет алу («истинжа»); бет-қолды

жуып шаю («таһарат»);

аяқты сулау («мәсіх»), мүмкіндік болған жерде – толық жуу; намазға дайындалу («шуруғ қылмақ»); амалды орындау.

Намаздың бес парыздың бастыларының бірі екенін айта отырып, истинжа дегеніміз: сезімді тазалыққа кіру; кәміл ықласын көрсету; ішкі дүниенің тазалығын («сафлығын») көрсету;

халық көретін сыртқы ағзаларды әрі көзге көрінбейтін ағзаларды тазарту («пәк ету»);

Аллаға дұға айтуға әзірлену – міне, осылар.

Адал («пәк») ниетпен адал («халал») дәмді ішу, - яғни, ішкі дүниенің тазалығын әрі дайындалған дәмнің тазалықта болуы қалай талап етілсе, намазға дайындық та сондай ниетті қалайды әрі қалған шарттарының мәнді орындалуына ізгілікті ықпал етеді.

Құлақ қағу:

Жаратушының жоғарыда да, төменде де тұратын орны, мекені жоқ екенін түсіну («мәкән исфат етпеу»); күнә дәриясына батқанын («ғарық болдым») білдіру; дүние әуестігіне батырмаудан көмек сұрау; құлағының жұмсақ ұшын биязылықпен, ақырын, шамалы ғана созып, күнәлары үшін кешірім өтіну және алдағы жаманшылықтардан құтылу жолында жәрдем сұрау белгісі.

Мәні – жасалған дәриядай күнәдан жирену, мойындау, кешірім сұрау; жамандық әкелетін әуесті дүниеден сақтану, қуат іздеу, жалбарынуының қабыл етуін тілеу ишараты.

Намаз оқығанда, түрегеп тұру («қиямда»), қол байламақ; қожайынның («қожа») алдында тұрған

күлдан артық; патшаның алдында тұрған көпшіліктен («бұқарадан»)  
 артық тыңдау, орындау; құдайдың құдіретін, күшін («қадірлігін») мойындау («ықары»); өзінің әлсіздігін («ғажиздығын») мойындап түсінген ишараты.

Құбылаға қарау («қыбылаға қарамақ»): тағы да Жаратушының мекені, тұрағы жоқ екенін білу; халық көкейіндегі Оның тылсым «зиратына» (Мекке, Медина жаққа) бет жүзін бұру; сол қасиетті орындарға барып, басында жасалған дұғалардай қабыл болуын тілеу ишараты, ниетін қиял-ой арқылы оған жақындау ишараты.

Сырлы, мәнді ишарат: ақыл мен сезімнің, ой мен ниеттің бірлігін, толығын талап етеді. Аят оқу («қырағат»): «Фәтиха» сүресін оқу; оның терең сырын ұғыну.

Абай «Фәтиха» сүресінің мағыналарында көп сыр бар дейді.

Шын мәнінде «Фәтиха» сөзі «ашушы» деген мағынаны білдіріп, дін ғалымдарының пікірінше, ол сүре – Құран Кәрімнің мән-мағынасын, сырын жеті аятпен тереңінен ашып, көрсетіп тұр.

Намаз оқығанда, тізеге қол қойып, еңкею («рұқуғ»):

Хазіреттің (дін басының) Құдайдың алдында тұрғандай, ниет көрсету ишараты. Яғни, рұқуғ жасаушының дін ғылымын, қасиетін түсінетін, білетін әрі танитын білімпаздардың әдебіне жақындап, құлшылық ету.

Маңдайын жерге тигізу («сәжде»): әуелі – жерден шыққанын, жаралғанын мойындау белгісі;  
 екінші – жерге қайтатынын мойындау белгісі;

үшінші – бас көтеру; тіріліп, жарық жалған дүниедегі өмірінің қалай өткеніне есеп беруге дайын екендігінің белгісі («сұрау бермегіне ықпалының ишараты»).

Осы тұста ұлы ойшылдың «Адам баласына махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында ғадаләт һәм махаббат бар» дегенін еске алсақ, тек адамнан ғана жауап алынатындығын көреміз, бұл дегеніміз адамға деген асқақ баға, асқан жауапкершілік, берілген нығмет әрі махаббат.

Намаз аяқталарда, соңғы отыру («қағадат ул-ахир»):

Аллаға сәлем беру, Оны пәктау әрі мадақтау; береке тілеу, куәлік беру («Әт-тахият-Тәшәһуд»);

Пайғамбарымыз Мұхамедке (с.ғ.с) игілік тілеу;

Жаратушыдан жақсылық тілеу;

Барша мұсылмандарға сәләмәттілік пен рахмет (амандық, игілік) тілеу, аяқтау.

Намаздың әрбір шартының орындалу мәніне, баяндаудың сырына үңілсек, терең мағына – терең ғылым жатыр, хикмет нығметі байқалады. Мақсат – мәні – тәни құлшылықтардың жүрек құлшылығының дәрежесіне жетуі, сыртқы ғибадаттардың сыр ғибадатқа айналуында.

Мұсылмандықтың жер бетінде миллиондаған адамдардың жүрегінен орын алып, құлшылыққа бет бұруында намаздың бір оқ шығармай, шешуші рөлдердің бірін атқарған тарихта мәлім.

Сыртқы саналы құлшылықтың, көп жағдайда, ішкі құлшылыққа қарағанда, әсері көп болатыны бар. Бір ғана әділ әрекет – бірнеше үнсіз ойдан артық.

## Алланы тану

Ұлы рухани таным иесінің Кемелді «Сөзіндегі» ең күрделі баян – бұл Жаратушыны тану жөніндегі ой

толғаулары, пайымдары мен кесімді пікірлері. Кемеңгер бұл мәселеге бір емес, тақырыптардың ашылуына немесе баяндалуына қарай бірнеше рет қайта оралып отырады. Бәрін жинақтап, зерделеп, ой қорыту, өзі айтқандай «терең ойдың телміріп, соңына ермей», түсіну – ауыр мәселе.

Жаратушының есімі оның шығармасында сексеннен астам рет аталады: Алла, Алла тағала, Алла табарака уатағала, Құдай, Құда, Құдай тағала, Құдай табарака тағала, Халлақ, Раббым, жан иесі, жасаушы махаббат, сені сүюші, саниғ, т.с.с.

Алла туралы түсінік-ұғымы, Оның даналығы – фәлсафасы («хикмет») жайында кемеңгер мағыналы маңызды ойларын бұрынғы өткен ойшылдардың пікірлерін бекіте түседі әрі жаңаша баяндап, тың ойларын ұсынады.

«Алла деген сөз жеңіл Тағрипқа (түсіндіруге) тілім қысқа, аһ», «Алла – мінсіз әуелден, Пайғамбар – хақ», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген айтылған ойларын тереңдете түседі. Оны танып білуде ақыл-ой мен сезім ғана емес, тағы бір тылсым рухани күштің қажеттілігі сезіледі, ол да аз көрінеді, аһ, түсіндіруге тілім қысқа деп, осындай халде болғанда айтатын болар.

Абай: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі, өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды», «Құдай тағала – ниһоятсыз (шексіз) жол» дейді.

Ал, өлшеусіздік пен шексіздік біздің ақыл-ойымызға, көңілімізге (сезімге) шек қою деген сөз емес, керісінше, өлшеусіздік – шексіздікті, яғни, мәңгілікті білуге, тануға үнемі ұмтылуды көздейді.

Адам баласының қабілетін (ақыл, әрекет, сезімін) де шексіз деп айтамыз. Бұл – Құдайдың дәрежесіне жету деген сөз емес; іздену әрекет, ақыл-ой қорыту арқылы, оның жемістерін ізгілікті пайдалану арқылы жетістікке жетіп,

шексіздіктің бір сатысынан екінші сатысына көтерілу; бірақ, соңғы – шексіз биік саты – әрқашан көтерілген сатының көз жетпес алдында тұрады. Өмір – таным осысымен қызықты, сонысымен алға жетелейді, алға дамуды талап етеді.

Адамның сәби кезінде еңбектеп жүріп, жаратылған жерінен «жып-жылы, күс-күс қолын алғашқы рет төбесінен жоғары таң қала көтергенінен» бастап, оны тастап, білім-ғылымы арқасында көкке самғап көтерілгеніне дейінгі жолы осының дәлелі емес пе? Адамзат әлі талай жеңісті де жемісті шерулерді бастан кешіреді. Көктің әр жағында сансыз көктер жатқаны тағы мәлім, шексіздіктен – шексіздік.

Таным да шексіз, оның көздеген нысаны – одан бетер шексіз, Таным соңына ереді, сырын ашады – нысан күрделене түседі; ашылған, танылған нәрсе тағы бір шексіздікті туғызады.

Бұл – шындық. Шындықтың аты – хақиқат. Хақиқат Аллаға тән: шексіз, шетсіз, өлшеусіз. «Алла тағала өзі – хақиқаттың, растың жолы» дейді ғұлама.

Жаратушының хақиқаты – оның барлығында, бірлігінде, құдіретінде, ғылымында және сипаттары мен көркем есімдерінде.

Адам хақиқаты – ғұмырында, өлімінде, ғұмыр-хақиқат, өлім-хақиқат. Ғұмыр – тіршілік, өлім – қайту.

Ғұмыр – екі түсті бояумен сырланған дүние: ақ пен қара, аманат пен қиянат, ғадаләт пен зұлымдық атты шындықтың екі жағы, өмір жолының соқпақтары. Жақсылықты ұстанып, жамандықтан құтылу жолы – Алла ғылымына әрі дүние ғылымына сүйену.

«Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ



Иілтіп, екі басын ұстаған хақ» деуі – ұққан жанға ғұмырлық қағида.

Осы жерде сәл шегініс жасап, кірістіретін нәрсе – мынау. Екі ұшты, екі басты ғұмыр дүние әлемінде, жоғарыда айтқандай, адам баласының екі дүниеде де – жарық (жалған) әрі мәңгілік – пайдаланатын бір заты бар, ол – топырақ. Дүниеге келгенде қуат алып, үстінен жүреді, дүниеден озғанда топырақты жамылып тыныстайды, әрі ауа жұтып, су ағымының лебін сезеді. Топырақ – табиғат. Адамның топыраққа, суға, ауаға қатысы – оның өмірге қатысы, адамдық, парыздық өлшемі.

Табиғат адамзаттың іс-әрекеттеріне, оның сипаттарына қарай, үнемі парапар жауап беріп отыратын секілді: игі ниетке игіліктерін жаудырып, жерді нұрландырады; жыртқыштық ниетке – залалдарын жасап, жердің құтын қашырады, «пәле неден болды» деген сауалға үнсіз, бірақ, шамданған әрекетпен жауап береді.

Адам мен табиғат егіз ұғым дейміз, ал, адам табиғатсыз өмір сүре алмайды, керісінше, табиғат – адамсыз өмірі жарасымсыз әрі құнарсыз болса да, өмір сүре береді. Адам жерді тастап, басқа ғаламдарға ауысса да, табиғаттың, мүмкін, оның басқаша құрамдарымен, өмір сүруге мәжбүр болады.

Көтерілген мәселеге жауаптар мұсылман әлемінде, оның қағидаттарында ертеден айтып қойылған. Алланың адамға берген нығыметері; оның ішінде, табиғат арқылы берген сансыз жақсылықтары – мекен ету, жемістерін көру, пайдалану әрі қызықтау – бәрі шындық.

Оның сөзінде кемел баяндалған. Абайдың:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас  
сөз ешуақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас» деген жолдарында хақиқат та, діни-рухани дәуірге шолу да, иманның негізін іздеу жолын көрсету де бар.

Иманных хақиқаты:

Алланың бірлігіне,

Құран – Оның сөзі екендігіне;

Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) – Оның елшісі екендігіне илану: жүрекпен, тілмен, амалдармен орындау.

Төрт кітабы:

Тәурат – Мұса пайғамбарға;

Зәбүр – Дәуіт пайғамбарға;

Інжіл – Иса пайғамбарға;

Құран – Мұхаммед пайғамбарға түскендері.

Төрт кітап та, алдында түскен парақшалар да, Құдайды тануды мойындайды әрі адам бойындағы әділеттілікті, ізгілікті бәрінен жоғары қояды. Соңғы кітап – Құран аталған пайғамбарлардың жақсылыққа, игілікке шақырған еңбектерін атап, бағалайды әрі оған құлақ аспаған қауымдардың айықпас зардап шеккендерін баяндайтын тұстары бар.

Бұл кітаптарда және әр дін ғұламаларының еңбектерінде Жаратушыны тану ілімінің негіздері қаланған.

Жаратушыны толық танып білу – қиынның қиыны, бірақ, оны танып білуге ұмтылу – әрбір кәміл мұсылманның міндеті.

Руханият ойшылы:

Заты түгіл, хикметіне (Алланың) ешбір ойшыл (хакім) ақыл ілестіре алмайды;

Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі;

Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды;

Рас сөзге ор қазып, тор жасау – құр өзіншілдік;

Растың аты – хақ, хақтың аты – Алла, оған қарсы қаруланғанша, мәнін ұғып, ғадаләтпен пысықтау, қажеттігін айтады.

Бұл жолдардан Алланы танудың күрделілігі мен жауапкершілігін түсінуді, өзімшілдікпен шындықты бұрмаламауды, мәнін терең түсініп, білуге шықырғанын көреміз.

Сонымен қатар, шыншыл да сыншы ойшыл адам баласы Жаратушының махаббаты мен сенімін арқалап, ақиқаттың, нақты айтқанда, шүкіршілік пен қанағат жолдарынан айырылып қалмауды тапсырып, ескертеді.

Ол ескертулер:

Алланың берген жақсылығын («мәрхаматын») ғадаләттің иман шартынан деп есеп қылу; өнер ғадаләттан шықпай, шарғыға үйлесімді («муафиқ») болуы; білім, ғылым құдаға жалғасы ретінде еріп, ілесуі («мұқтәди»), яғни, жарасымды дамуы.

Бұл ақыл-үкімді жолдарда сыр жатыр: «шариғат, иман шарты» сөздерін қолдана отырып, ойшылдың айтқысы келгені, бәлки – пенденің өз бойына қандай да болмасын биік адамгершілік қасиеттерді жинамасын, білім-ғылымның қандай да биік шыңдарына шықпасын – мұсылмандық әлемнің өміршең, озық қағидаттарынан шықпау, яғни, жаратушының хақиқатты жолынан адаспау дегенді білдіргені болар.

Және де, тағы да, Хакімнің мына сөзін, өмір алға жылжып, дамыған сайын, еске алып отырған жөн болар: «қағида шариғаты өзгерсе де, Тағриф Алла (Алланы тану) еш жерде өзгермейді».

Абайдың қағидалардың өзгерілмегі туралы айтқанын былай әңгімелесек:

Пайғамбарымыз өзінің замандастарымен әрі шәкірттерімен сұхбаттасып отырады.

Өңгіме арасына Пайғамбарымыз:

- Ақыр заманда бір жылдық – бір күн болар, - дейді.

Тындап отырған шәкірттері, замандастары («сахаба-икрәмлары») шу ете түсіп:

- Сонда, бір жылдық күнде намаз нешеу болар?, - деп сұрайды.

Пайғамбарымыз ойланып;

- Оның пәтуасын (үкімін – шешімін) сол заманның ғылымдары білетін болар, - деп жауап береді.

Абай пайымы: «оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер» деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен – қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады».

Иә, замана, дәуірлер өзгереді; жаңа ғасырлар, мыңжылдықтар келеді, тарихи кезеңдер алмасып отырады; меніңше, ақыр заман – ескінің аяқталуы, жаңаның басталуы, дүние құрып кетеді дегенді білдірмейді, себебі, Жаратушы – мәңгілік, мәңгілік бар жерде – оның болмыстары, жаратылыстары – жаңа сипатпен, жаңа мән-мағынамен дамып, өркендеп отырады.

Мысалға бүгінгі күнімізді, бір сәтімізді алайықшы, ол – жылдарға, тіктен, бір ғасырда болатын оқиғаларға, жаңалықтарға парапар, сондықтан, «ақыр заманда бір жылдық – бір күн болар» деп айтылуда- көрегендік болжау бар.

Абай руханиятты «Сөзінде» Алланы тану үшін, Оған ғана тән («зятія») сипаттарды, ісіне қатысты («субутія») сипаттарды және көркем есімдерін («тоқсан тоғыз әсма-и хұсналарын») білуді, мағынасын түсінуді әлі кәміл үйренуді талап етеді, нақты келтірсек, мына сөздері дәлел:

мен Аллаға, оның есімдері мен құдіретті сипаттарына («әмәнту биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи»), («әмәнту оқымаған кісі бар ма?») сенемін деңіз;

Алла тағаланың ұлықты, көркем есімдерінің («фиғыл ғазимләрінің») мағынасын біл;

Алланың ісіне қатысты («сифат зәтия») сипаты деген не, кәміл үйрен;

Жаратушы кітабында ісіне лайықты сегіз сипаты және тоқсан тоғыз көркем есімдері толық берілген («құдай табарака уатағалы кітаптарда сегіз сүбутие сипаттары бірлән, уа тоқсан тоғыз әсма-и хұсналар бірлән білдірген»); бұлардың барлығында Алла тағаланың өзіне ғана тән, меншікті («зәтия») және ісіне нақтылы қатысты («субутия») сипаттары берілгені мәлім.

Абай Жаратушының сипаттарының басым бөлігінің сырларына үңілген, дін ислам әлемінде қалыптасқан ұғымды бекіте түседі, болмаса, жаңаша баяндайды.

Зәтия сипаттары, оның бірі – өздігінен бар болу, мұқтаж болмау, мекені болмау («қиям бинәфсихи»).

Бұл сипат мына жолдармен айғақталған:

Алла тағаланы көкте («жоғарыда») деп, орын бар, мекені бар («мәкан исфат») деп, есептемеу;

Құдай тағалаға ешбір орын көкте де, жерде де мүмкін емес.

«Мекен берген, халық қылған Ол лә мәкән» (мекенсіз, орынсыз, тұрғынсыз).

Осы сипаттама Жаратушыны бір нәрсеге, нысанға теліп қойып, түсіндіруден сақтайды әрі терең зерделеуді қажет етеді.

Алла ғылымын терең зерделеуші Абайдың тың мағыналы түсіндіруінің бірі – ол Жаратушының зәтия

сипаттарының уаһданият (бірлік, жалғыз, ортақ болмау) белгісі.

Ой салатын, жаңаша түсіндіру, бұрын мұндай ұғындыру болды ма екен, болса да – көпке беймәлім.

Абайша айтқанда:

«бір» дегеніміз ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз;

«бір» демелік те Алла тағалаға лайықты келмейді;

«бір» деген сөз – ғаламның ішінде; ғалам

– Алла тағаланың ішінде.

Мұндай пайымының себебін былай түсіндіреді:

қандай да бір нәрсе, зат («мүмкинат») бар («ұжуд») деп айтқанда, санын («бірліктен») бір, екі, үш деген секілді айтудан құтылмайды; ескі, көне («қадимге») ұғымға жаңа сөз («хадис») толық түсінік («тағриф») бере алмайды немесе жаңа пайда болған сөз, немесе біреуден-біреуге тізбелеп айтылған сөз ұғымның бастапқы, ежелгі ұғымды толық түсіндіре алмайды. Жаратушының барлық сипаттары мен көркем есімдерін бір сөзбен мағынасын толық беру, болмаса, түсіндіру – әрине, өте күрделі дүние.

Сонымен, бұл – «бір» сипатын тарқатып көрейік. Алланың «бір» деу жеткіліксіз екен, оны жалғыз, бірлік (един), дара, біртұтас, оқшау, сол секілді, лайықты-ау деген басқа сөздерді келтірсек те, ешқайсысы Оған лайықты емес. Түпкілікті ұғымға жақындау үшін, ұғымның тиянағы үшін «бір» деп айтуға мәжбүрміз.

Жаратушыны «бір» деп айтудың қиындығына әрі жеткіліксіздігіне бір-екі қарапайым мысал келтірейік:

«ауа» ұғымын алайық, оны бір ауа, екі-үш ауа деп айта аламыз ба, санмен білдіреміз бе? «Пәленше» текше метр ауа, не болмаса, ауаның қысымы «пәленше» деп қана, ауаның титтей сипатын айта алармыз.

Кәдімгі пайдаланып жүрген суымызды біреу десек, не болады, ұғымды білдіре ме? «Пәленше» текше метр су «пәленше» тонна су деп жақындаймыз. Ал, бұлақ, өзен, теңіз, мұхит және жер асты суларын қосыңыз – өлшемі бар ма, қиындау шаруа, жобалап қана айтылар.

Ауа мен судың өзін «бір» деген, басқамен де анықтай алмай отырғанда, олардың өзі Жаратушы жаратқанның кішкентай бір бөлшегі екенін ескерсек, Аллаға «бір» сөзі, Абай айтқандай, жеткіліксіз екені – ақиқат.

«Көне» дейміз, «ежелгі» дейміз, «ескі» дейміз, ал, сол көнелілік, ежелгілік әрі ескілік қай заманға, дәуірге тиесілі; оны олардан мыңдаған жыл кейін пайда болған сөздермен, жәдігерлермен түсіндіруге ұмтыламыз – ол айна-қатесіз түсіндіре ме? Тек қана, ғылымның соңғы жаңалықтарымен; дұрыс та ыждаһатты ой және тәжірибе қорытындылары арқылы түпкілікті ұғымды танып білуге жақындауға болады.

Осындай қарапайым көрінетін дүниенің өлшемі атауын білмей тұрғанда, Жаратушының «бір» деген сипатының сырын қалай түсінеміз?

Айтылғандар да, айтылмаған жәйттардың бәрі де – ғаламның ішінде, ғалам – Алланың ішінде. Бұл ақиқатты ұғымға Ғылым ғана жауап береді әрі жақындатады.

Абай Жаратушының субутия сипаттарына да тоқталады, өзінің зерделі ой түйіндерімен толықтыра түседі. Ерекше мән бергені – Ғылым мен Құдірет, қалған алтауын – бұл екеуін түсіндіруші, анықтаушы, айқындаушы («шарх») дейді.

«Ғылым» сөзін ойшыл еңбегінде қырық шақты рет аузына алады, бұл ғылымды талмай үйрету – оның өмірлік ұстаным қағидаларының бірі болғандығын паш етеді. Ғұламаның пайымдауынша:

ғылым – Алланың бір сипаты;  
 ғылымға ғашықтық – ақылдылық, даналық, кемелділік,  
 «Хаһлық һәм адамдық»;  
 ғылымға ғашықтық – адамдықтың белгісі;  
 ғылымды үйрену – махаббаттан туындайды;  
 ғылым залымдықты, адамның адамды алдауын жек  
 көреді;  
 ғылым – білімнің хақиқатын атақпен, құрметпен,  
 байлықпен табуға болмайды;

Алланың ғылымы – шексіз, шексіздіктің сан қырлы  
 сырлары бар.

Адам баласы ғылым – «шексіз», сырлары сансыз деген  
 сайын, оның хақиқатын білуге, тануға ұмтылады,  
 құштарланады.

«Мұсылманға – ғылым парыз» деген қағиданы еске  
 алсақ, әрбір дін исламның пендесі, өркениетті елдердің  
 өкілдері секілді, ғылымға махаббаты, ниеті арта түсуі қажет.  
 Заман күрделенді, ғылымның ғарыштан дамуы  
 қиялғажайып ертегілердегі айтылатын оқиғаларды басып  
 озып, өмірдің барлық салаларына енуде; ғылым шексіз  
 ғаламның түпкір-түпкірін аралап, дүниетануымыздың  
 көкжиегін кеңейтіп, нәтижесінің, жемісінің дәмін  
 татудамыз. Ғылым салалары дамып, салалары тағы бірнеше  
 кіші салаларға бөлініп, өз отауын тігіп, өзге бір салалармен  
 жымдасып, дербес ғылыми алаңдар пайда болуда. Адамның  
 ойын жүзеге асыратын ғажайып құрылғылар, кванттық  
 компьютерлер, қауіпті бағдарламалар пайда болуда;  
 ғылымды пайдалануда қуатты мемлекеттер жарысқа түсуде:  
 жер астында, жер үстінде, ғарышта, шексіз әлемде. Ғалама  
 жетістіктердің жақсылық, игілік әсерімен қатар, адамзатқа  
 қауіп-қатер төндіретіндігі де әлемді алаңдатуда.



Барлығының өлшемі – ғылым жетістіктерін адамзат игілігіне әділетті пайдалануда. Ос жерде ұлы Абайдың гуманистік тәмсілі – «ғадаләт-рафғат» идеясы алға шығады. Бұл дегеніміз – ғылымның жетістігін, жемісін әділетті, орынды пайдалана білу. Осы идея – қағида адамзатты рухани әрі материалды дағдарыстан алып шығады, ол өз кезегінде, жаһандық мәселелердің оң шешілуіне ықпал етіп, адаспау құралы әрі ақыл-мизан құралы – темірқазак қызметін атқарады.

Абайдың аса мән беріп, ұғымын жаңаша берген сипаттарының бірі – Құдірет.

Халқымыздың «Құданың құдыреті», «Құдіреті күшті Құдай» деген тәмсілді сөздері бар.

Аталмыш ғибрат «Сөзде» «Құдірет» сипаты кемелді мағынаға ие болады:

Құдірет - шексіз («нихоятсыз»);

Құдірет – ғылымды Құдірет; Құдірет – Ғылым әрі Рахмет.

Мұндай тұжырым, әсіресе, ұзақ ойлы ізденісті, зерделеуді, өзіндік ой қорытуды талап етеді. Құдіретті шексіз, абсолютті дейміз де, оның «өзіне тән сипатымен» (Халифа Алтай) шексіз, құдіретті екенін ескере бермейміз.

Даналық кітабында «Құдірет» сипатына қатысты айтсақ, көкіректі, яғни, жан сарайын жаңғыртатын тың ойлар бар, ол пайымдар – әрі батыл, әрі тәлімді.

Абай ойының сүзілімі бойынша:

Ғылым, Құдірет – екі хисап, яғни, есепке алынатын екі нәрсе; негізі, екеуінен бір ғана («бір-ақ») ғылымды Құдірет болуы тиіс.

Ғылымды Құдірет. Құдірет ғылымды. Ғылым – Құдіреттің басты сипаты, қорегі, бәлки, ұлы әрекеттерінің әділетті болуының көрінісі.

Ислами танымның білгірі бұл ойын тарқата отырып, ғылымды құдірет болмаса; басқа сипаттардың бірі – соңынан еруші («тәбиғ»); бірі – соңынан ерітуші («матбуғ») болады.

Бұл Алланы тануға («тағриф раббығы») апармайды, бұлардан өзі де емес, басқа да емес, беймәлім – берекесіздік («лағаиру уәлә һәу») болса, өз алдына көпшілік, жиын («жамиғат») шығады; олар жиылып, біріне бірі табынып, сеніп, Құдай болған болады; бұлай деу – теріс, қате, қиянат («батыл»).

Ғылымды Құдірет ұғыммен енгізудің мәні – Жаратушының қалған сипаттарының маңызын жоққа шығару емес, олардың – адамдардың барлық сезімдерін жүрекке бағындырып, ғылымға жөн сілтеткені секілді, ғылымды Құдіретті басшылыққа алып, әрбір сипаттың бірінсіз бірінің күні жоқ екенін сезініп, әрқайсысының да мағыналы, тағылымды болуында, бірлігінде.

Жүрек мықтылығы – қайраты мен ақылында. Құдірет мықтылығы – ғылымында.

Абайдың даналық ойының бір тамаша көрінісі – оның «Құдірет» сипатына берген пайымында көрініс тапқан, бұл – ізгіліктен, ғадаләттен әрі ілімнен түзілген ұлықты ұлы ой қорытындысы.

Рухани жол көрсетушінің: «Алла Тағалада баған Құдірет-ғылым һәм рахмет» деуінің жеті қабатты терең сыры бар. Мұндай анықтама тарихта болды ма екен?!

Құдірет – ғылым, яғни, құдірет ғылымға сүйеніп, негізделгенде, құдірет ғылымды болғанда, басқа сипаттар өздеріне тән қызметтерді атқарып, ынтымақты, жарасымды үндестікті құрайды.

Ал, Құдіретін – рахмет деу – ізгілікті анықтаманың шығуы. Осы бір сөзі үшін ғана, Абайды ұлы гуманистер қатарына қоюға болады.

«Рахмет» сөзі несімен құнды, қасиетті? «Рахмет» сөзін «рахым» және «рахман» сөздерімен, мағынасы жақын болса да, шатастырмау әрі араластырмау керек.

Рахмет – қайырымды, рақым – мейірімді, кейде, екеуінің орны ауыстырылып та айтылады, жазылады. Біз сені (пайғамбарды) күллі әлемге тек қана рахмет қылып жібердік, құран сендерге рахмет үшін түсірілді деген аяттар бар.

«Рахмет» сөзінің түпкі мәні – игілік, мүмкін, әріде. Игілік, жақсылық (мархамат) пен әділетті біріктіріп тұр, бәлкім «рахмет» - екеуінің қосындысы болар.

«Рахмет» ұғымы – қатпарлы, сырлы, ауқымды ұғым. Шындық та, әділет те, мейірім де, қайырым да, жақсылық та игілігімен құнды, игілік әкелуімен бағаланады.

Рахметтану - күрделі үрдіс, бұл дегеніміз рахметті ой, рахметті әрекет, рахметті ой қорыту.

Ұлы Абайдың бейнетті ойының нәтижесі – «Рахмет» сипатын Алланың 99 көркем есімінің қатарына енгізуді болатынын жариялануында.

Абайдың айтуынша, Рахмет сипаты сегіз субутия сипатының ішінде жазылмаса да, оны Алла Тағаланың мейірімді («Рахман»), рақымды («Рахым»), кешіруші («Ғафур»), сүюші («Уадуд»), қорғаушы («Хафиз»), арашашы («Сәттар»), ырзық беруші («Раззақ»), пайда беруші («Хафиз»), басқарушы («Уәкил»), жақсылық жинаушы («Латиф») деген есімдеріне сүйене отырып («биннән»), бір ұлық сипатынан есептеуге («Хисаптауға») жарайды.

Әрі бұлай есептеуінің себебіне екі дәлел келтіреді: бірінші – оқығандары, білгендері және сенгендері негізінде («нақлия») жасаған дәлелі; екіншісі – оқығандары, білгендері, сенгендері әрі ақылмен ой қорыту негізінде («ғақлия») жасаған дәлелі.

Ал, адам баласының құдіреті бар ма, яғни, құдіретке ие бола ала ма? Иә, бар, иә бола алады. «Құдірет – пендеде болған қуат» дейді хакім. Адамға қатысты құдірет – оның күш-қайраты, ерік-жігері. Абайдың іліміне сүйене отырып, айтатынымыз: адам баласының құдіреті да ғылым-білімге әрі игілікке («рахметке») негізделуі қажет деп есептейміз, әрине, пенде құдіреті – Алла құдіретінің соңында. «Соңында» дегеннің не білдіретінін, терең сырын айтқан болатынбыз.

«Рахмет» сөзі – мұсылман қауымының ең қастерлі, ең жиі қолданатын жылы, жағымды әрі нұрға тол сөздерінің бірі. Рахметтің ішінде кешірім де, шүкіршілік те және сенім де бар.

Адам дүние келгенде де, айтатынымыз – рахмет, дүниеден өткенде де – рахмет; біреу жақсылық жасаса да – рахмет, тіптен, ренжітсе де – кешірдім, болмаса, әлі түзелер деген үмітпен, ниетпен – рахмет дейміз. Адам баласымен қарым-қатынастанған игілік тілеу, яғни, рахмет деу – мұсылмандықтың шынайы бейнесі, өшпес белгісі.

«Жаман дегеніміздің арты қайырлы болуы мүмкін, ал, жақсы дегеніміздің арты шерлі болуы мүмкін» деген мұсылмандық қағида – адам үмітінің ешқашан сөнбейтініне дәлел, болашаққа сенім.

Сонымен Құдірет – Ғылым әрі Рахмет. Құдірет – ғылымды Құдірет. Абай түйіні: ғылым, Құдірет шексіз; ғылымында кемшілік («ғафләт»), құдіретінде епсіздік және

нашарлық жоқ. Дәлел – жақсылық жасаушының («саниф сұңғаты») істерінде.

Ойлаймын: Жаратушының құдіретіне саналы түрде еліктей алатындар – тек адамзат баласы ғана деп; жаратушы құдіреті – өлшеусіз, шексіз; адам құдіреті – өлшеулі, шекті, бірақ, сол өлшеулі және шектеулі өмірімізді мәңгілік құрметтеп, нәр ала отырып, қоректеніп, ғылымданып әрі пайдаланып, жаратушыға жақындай түсетініміз – хақиқат; ол, «жақындай түсу» дегеніміз – ғасырларды, мыңжылдықтарды қамтитын адамзаттың ақыл-ойы, ісәрекеттері хәм «ғадаләт-рафғаты».

Ұлы зердешінің тағы да тоқталып, түсінік беретіні – субутия сипаттар: қалаушы («ирада») барлыққа келтіруші («тәкуин»), көруші («басир»), естуші («сәмиғ») және сөйлеуші («кәлам»).

«Ирада» сипатына қатысты:

Ирада – ғылым, сипатының бірі-кәлам;

ғылым бар болса, қаламақ та бар;

қаламақ ешнәрсеге харекет бермейді;

харакет беруші – Өзі (Жаратушы), бәлкім, Оның ғылымды құдіреті. Бұл жерде ойшылдың «ирада» сипатына өзгеше ұғым беруінің мәнісі – қалау да, яки қаламақ та ғылымды, ілімді болуында, ал, олардан игілік, жақсылықтың туындауында.

«Кәлам» сипатына байланысты:

кәлам – сөйлеуші деген сөз;

сөзі – қаріпсіз, дауыссыз;

айтар сөзін біледі, жазады көру әрі есту арқылы, әрине, Оның құдіретінің аясындағы өзіне тән күш-куатымен. Және де басқа сипаттармен – көруші, естуші – байланысы да бар, айырмашылықтары да, бірін-бірі толықтырып, Жаратушының құдіретімен іске асатындығы мәлім.

«Басир» және «сәмиғ» сипаттары жайында:

көзбен көріп, құлақпен естімейді – біз секілді, көргендей, естігендей білетұғыны – ғылымның бір сипаты, яғни, Жаратушы өзіне тән сипатпен көреді, естиді; яки, қорытып айтсақ, көруде де, естуде де ғылымдық сипат, өздеріне тән байланыс, іске асыру бар.

Жаратушының осындай бар қасиеттері ешкім айтпаса да, ешкім көрсетпесе де, ешкім көрсетпесе де, көріп, ести білетіндігі – адам баласының жағымсыз ойларын, әрекеттерін жасырғанымен, Оның алдында, яғни, Ар алдында жауап беретінін еске салады.

Абайдың: «Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла. Пендеге қастықпенен кінә қойма.

Распен таласпа, мүмкін болсаң,

Ойлан, айттым, адамдық атын жойма» дейтіні, Шығыстың ғұламасы Әнуари Ад диннін: «Кінәлама босқа – артынан арыңнан кешірім сұрамасқа» деген жолдарымен ғажап үндестік тауып жатыр.

Тағы бір ұғындырған сипаты – барлыққа келтіруші («тәкуин»).

Тәкуин, абайша – барлыққа келтіруші деген сөз, яғни, бар қылушы.

Сонда, тәкуин, өз алдына тәуелсіз, жеке әрі дербес сипат па, ондай жағдай орын алса, оның халі қалай болады, жауап;

Алла тағаланың сипатындай ежелгі («қадім») һәм әуелден («өзәли»), һәм мәңгі («әдәби») болғансиды; үнемі («һәмиша») барлыққа келтіруден арылмаса, босанбаса – бір сипаты бір сипатынан үлкен, ия, кіші болуға жарамайды; ғылым, құдірет сипаттары секілді босанбай, һәм уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады; ол ықтиярсыздық Алла тағалаға лайықты емес; Оның барлыққа келтірмегі – құдіретіне ғана бір түсінік («шарх»).

Осы тұста «босанбаса» сөзінің мағынасы екі түрлі, екі ойды білдіретін секілді. Біріншісі түсінікті – яғни, барлыққа келтіруден арылу қажет; екіншісі – «ғылым, құдірет секілді босанбай» дейді, сонда, барлыққа келтіруші – ғылым, құдіретпен тең дәрежеде ме? Мәселенің мәні – бәлки, тәкуиннің ілімі, қуаты Құдірет пен ғылым дәрежесіне жете алмайтындығында. Олар секілді әрекетке бара алмайтындығында, осы ойдан арылмаса – уақытты бос өткізуінде. Ғұламалардың тәннің басты органын – жүрегін ешқайсысы билей алмайды дегені секілді, барлығы – құдіретке «шарх».

Сонымен, субутия сипаттары – оның құдірет сипатына қызмет етіп, оның ғылымды құдіретін аша түседі; олай болмаса, Жаратушыны тану, түсінуге («тағриф Раббы») ауыр тиеді.

Абай Тағлымды «Сөзінде» Жаратушының сипаттарын танып білуді міндет деп санап, оның күрделілігін және жапуапкершілігін айтады. Оның сөзімен сипаттасақ: ол – Алланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж; жоғарғы жазылған сипаттар бірлән тағрифлап (түсініп) танымаққа керек; біз Алла тағаланың білінген құдіретін («қадыры») ғана білеміз, түгел білу қиын; заты түгіл, даналығына ешбір ойшылдың ақылы жетпейді;

Жаратушының затына пендесінің ақылы жетпесе – ерекше ғашықпын деген де орынсыз; аталған сипаттарды түсінбесек, Жаратушыны тану қиын болады

Абайдың ұлылығы әрі батылдығы – Жаратушыны танудың, Оның сипаттарын білу жолдары қандай қиын әрі күрделі болса да, оларды адам баласының ұғымына жақындатуы, керісінше, Оның сипаттарына – адамды жақындатуы, яғни, пенденің оларды түсіне алатынына, істеріне ұқсас істер атқара алатынына сенім туғызады.

Мына пайымдарға салайықшы, тағы да:

«Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе»,

«өзіміздің бойымыздағы сегіз зэрра (титтей, өте кішкентай) сипаттарымызды Алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан бас бұрғанда, өзге жолға салмақпен, біздің атымыз мүслим (мұсылман) бола ала ма?»

Сипатына – сипатымызды, анықталған істеріне («Ағламланған фиғыл») – ісіміз неден табылады, оны білу керек;

Ұқсамақ – дәл бірдейлік жағдаймен, әрекетпен («дағуаысыменен») емес, соның соңында болу. Осы жолдарды ұлы ойшыл ақынның:

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ, Мүмин болсақ, үйреніп, сен де ұқсап бақ.

Құран рас, Алланың сөзі дүр ол,

Тәуилін білерлік ғылымын шақ» деген өлең жолдарымен әрі «растың бір аты – хақ, хақтың бір аты Алла, бұған қарсы қаруланғанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеу керек» деген оймен түйіндеп, Оны танудың, шамамыз келгенше, жолдары бар дегіміз келеді.

Жаратушының сипаттары жайында Абайдың айтқан ойларын зерделей қарап, пайымдасақ, мынадай пікір туындайды, яғни, сипаттар:

басты, бастаушы мен қостаушы, толықтырушы;

бағыттаушы мен бағытталушы; ерітуші мен



еруші болмауы; дербестігі мен  
байланыстылығы; түсіндірілуші – түсіндіруші;  
бәрінің иесі – Жаратушы екендігі, бәріне – Ол қарекет  
беруші.

Алланың сипаттары түпсіз терең мағыналы, көркем есімдері ұлықты, әлемі шексіз, сол шексіздік адамзатты алға жетелейді, танып-білуге, өмір сүруге, өмірде әділетпен пайдалануда.

«Аллаһ тағала шыбын шіркейді де...мысалға келтіруден арланбайды» деген аятты әрі рухани жетілудің жаршысының «өз пиғылыңды Оған ұқсатуға шарт қыл» дегенін ұстана отырып, адам сипаттарына қатысты айтарымыз, ол да: естиді, көреді, сөйлейді, қалайды - ізгілікті істерімен, өзіне тән сипаттарымен, яғни, әрекеттердің бәрі сезім, ақыл (ғылым) таразысы арқылы күш-жігер, қуат, қайрат (күдірет) пәрменімен ғаламат әлемге айналып, жүзеге асады.

Абайдың «ғылымды күдірет болуға тиіс» дейтіні осыдан болар, яғни, адамға қатысты айтсақ, пендінің күшқайраты, жігері – ақылды, ғылымды әрі ізгілікті, рахметті болуы қажет.

Алланың сипаттары мен көркем есімдері – бір-бірімен байланысты, біртұтас дүние, танымның мәңгілік тақырыбы.

Сонымен, Абай Жаратушы жайлы, оның сипаттары мен көркем есімдеріне ерекше мән беріп, терең баян еткенін байқаймыз. Басты пайымдарының өзегі неде? Жаңалық болып көрінетін, болмаса, бұрын айтылған, не ұмтылған пікірлерді жаңғыртып, елең еткізер ерекше әрі батыл ойлары қанда?

Олар мынадай:

Алланың бірілігіне анықтама беруде – ерекше терең мән беруі: Оны бір деп айтудың өзі жеткіліксіз, «бір» деген сөз – ұғымның тиянақты болуы үшін ғана айтылған сөз;

Жаратушының шексіздігін, Оның құдіретін ғана сезіне алатынымызды, заты түгіл берген игіліктеріне ақылымыз жетіп, ғадалетті пайдалана алмайтын шектілігімізді көрсетті;

Сонымен қатар, адамзатты асқақтатты: пенде өз бойындағы кішкентай сипаттарымен, істерімен Оның істеріне, Оны тануға жақындауға болатындығын;

Жаратушының ұлықты сипаттары: Құдірет мен Ғылымды – ғылымды Құдірет деп айтуға болатынды, яғни, Оның әрбір сипатында ғылым, ілім, білім әрі тәлім жатқанын ескерту;

Басқа субути сипаттардың Ғылым, Құдіретке түсінік екенін айтып, бәрінің берік біртұтас болатынын көрсетті;

«Рахмет» сипаты Оның 99 көркем есімдерінің қатарына қосуға болатынды айтуы.

Сонымен, Абайдың, пайымдауынша, Құдай – кім?

Құдай – Жаратушы, барша жаратылыс иесі, түп негіз, түпсебепші. Құдай – Ақиқат (әл-Фараби де осылай дейді) пен Ар. Құдай – Ізгілік пен Ғадалет.

Құдай – Құдірет иесі, яғни, Ғылымды құдірет иесі; жанды әрі жансыздардың иесі – адамзат әрі ғалам иесі.

Саналысы – пенде, яғни, қарапайым адам баласы, жердегі орынбасарлары, яғни, орнын басатындар – ісін жүзеге асыратындар: сөз, ой, әрекет арқылы.

Абай адамды асқақтатады: істеріңді Жаратушының істеріне жақындатындар деп.

Абай адамды сақтандырады: әділеттен, ізгіліктен асып кетпеңдер, қайратың мен ақылың да, білімін мен ғылымың

да Жаратушы Ғылымына, Құдіретіне үйлесімді, жарасымды болсын деп.

Ол деген сөз – ақиқат, ар мәселесі бір адамның, болмаса бір заманның мәселесі емес, оны бағалау, іске асыру ғасырлар бойы өзгеріп отырады, тек Оның Ақиқаты ғана мәңгі.

Ізгіліктің де, әділеттіліктің де заманына қарай өлшемі бар, тек Жаратушы ізгілігі, ғадалеті мәңгілікті.

Ақиқат – мінсіз, кінәратсыз, оны тануда біздер қателіктер жасаймыз.

Жаратушыға әр пенденің, әр ұрпақтың, әр халықтың, әр заманның жақындауы бар, ал Оған жақындаған сайын, Оның күрделеніп, алыстауы бар. Дұрыстығы – бір Жаратушыға мәлім.

Жаратушы – сана жаратушысы, сөз жаратушысы. Сол нығметтері арқылы саналы әрекет етеміз.

Әрекеттерің мәні – ғадалетті рафғатты болуында.

## Абай – суреткер

Абай – ойшыл да суреткер. Даналық кітабының біраз жерлері өлеңмен өрілген, яғни, поэзия тілімен жырланған. Даналық ойларын қысқа да, нұсқа да жеткізеді. Терең пайымдарының түбіне жетіп түсіну үшін, ұзақ толғануды талап ететін ойларын бір сөйлемге, бір ауыз сөзге сыйғыза салады.

«Талап, ұғым махаббаттан шығады»: үш тіректі ұғым, бәлки, - «мен жүректі қаладым» дегендей, - бәрінің қожайыны махаббат болар.

«Алла тағала – хақиқат, растықтың жолы» - кемелді «Сөздің» өн бойында осы қағиданы түсіндіру бар.

«Дұшпаны арқылы шақырғанға, дос келе ме?»: досы кім, дұшпаны кім – жеткілікті баяндалған.

«Пікірлемектің соңы – ғибратламақ»: әрбір айтыстың, әрбір пікірталастың нәтижесі өнегелі сабақ алуға жетелесе – одан артық не керек?

«Ғадалет – барша ізгіліктің анасы»: барша әрекеттің әділетті болуын қалау – ойшылдың өмірлік ұстанымы

«Күдірет – пендеде болған қуат», «Алла тағалада болған Күдірет – ғылым һәм рахмет»: тоғыз толғанып, тоқсан ойланып, түп негізін түсініп жақындауға болатын сырлы дүние

«Рас сөзге ор қазып, тор жасау – не деген нысап...», өткен өмірдің де, бүгінгі өмірдің де ащы шындығы.

Осы іспеттес сыры жасырын жатқан ойлар жеткілікті; ізденіп, саралап, оларды рухани өмірімізде жаратып жатсақ – ұлы кемегердің арманының орындалғаны.

Қара сөз. Қара өлең...

Сырлы «Сөзді» оқи отырып, Абайдың тақырыбын тереңнен толғап, биіктен самғап, ойын өлең іспетті жолдармен өрнектеп, төгіп-төгіп жіберетініне көзіңіз жетеді.

Әсіресе, «адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді» жаратпай, жаратушының оған берген нығметтерін суреттегенін оқысаңыз, оны поэтикалық шабытпен паш еткенін аңғарасыз.

Адамға ыңғайлы екі қолды қызмет еттіріп, аузының үстіне мұрынды қойып,  
оның үстінен тазалығын байқарлық екі көзді беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда, қажалмасын деп, кірпік жасап, маңдай терісі тура көзге

ақпасын деп, қаға беруге қас беріп,  
оның жүзіне көрік қылып,  
бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке,  
біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп,  
жаратпақтығы махаббат емес пе.

Бір-біріне жарасымды қызмет етушілер: бас, екі қол, мұрын, көз, қабақ, кірпік, қас, тіл, ой, бастысы – сөз. Ой әрекеті сөзді туғызады, сөз – ойды қозғаушы, оның көрінісі; ой да, сөз де қозғалыста, әрекетте болады, нәтижесінде, адамзат жетілу жолына түседі.

Жаратушының сыйын айтап келіп, ұлы ойшыл суреткер «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де Оған махаббат қылмағың, қарыз емес пе?» деп, ойды толқыта, бойды шымырлата сұрақ қояды.

«Алланың ішіндегі» жаратылыстың бірі – табиғаттың сыйын сипаттауына зер салайықшы:

«Ақыл көзімен қара: күн қыздырып,  
теңізден бұлттарды шығарады екен,  
ол бұлттардан жаңбыр жауып,  
жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп,  
жемістерді өндіріп,  
көзге – көңіл, көңілге – рахмет гүл –  
бәйшешектерді, ағаш – жапырақтарды,  
қант – қамыстарын өндіріп,  
неше түрлі нәбатәттәрді (өсімдіктерді) өстіріп,  
хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен  
болып, өзендер ағып – дария болып,  
хайуандарға, құсқа, малға – сусын,  
балықтарға – орын (мекен) болып жатыр екен.

Күннің теңіз суын қыздыруы – теңіз суының буға айналып, бұлтқа айналуы; бұлттардан жаңбырдың жаууы –

жеміс-жидектердің, өсімдіктердің өсуі; судан – бұлақтардың, бұлақтардан – өзендердің, өзендерден – дарияның болуы; судың – мал, құсқа, хайуанға сусын, балықтарға – мекен болуы. Бәрі – себепті, салдарлы сабақтас құбылыстар ретімен біріне-бірі оң әсер етіп, өмір атты әлемнің тынысын білдіріп отыр.

Кемеңгердің адам мен хайуанның арасындағы байланысқа қатысты суреттейтін жолдары сырлы ойға да, әуезді ойға да толы:

Адам баласы қанағатсыздықпен, хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір көрсетпесін деп, малды адам баласының қызғанышына қорғалтып, өзге хайуандарды:  
 бірін – ұшқыр қанатына,  
 бірін – күшті қуатына,  
 бірін – жүйрік аяғына сүйентіп:  
 бірін – биік жартасқа,  
 бірін – терең тұңғиыққа,  
 қалың орманға қорғалатып,  
 ...әрбірін өсіп-өнуге құмар қылып,  
 жас кезінде кішкене уақыттарында,  
 шафғат сахәрімен бастарын байлап қамқор қылып,  
 қоймақтығы – адам баласының өсіп-өніп,  
 теңдік алып емес,  
 бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік.

Осы бір мағыналы да бағаналы, жырлы ойдың басты лейтмотиві – хайуандарды сақтау, оларды адам игілігіне пайдалану, ол үшін:

малды адам баласының қызғанышымен қорғалату, яғни, үй жануарларын (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі, қаз-үйрек т.б.) асырау, қорғау, қажетіне пайдалану.

Осыған қарамастан, адамдар тарапынан әрі өзінен зор жыртқыштар тарапынан болатын қауіп-қатерлерге қарсы қолданатыны:

ұшқыр қанаты (қыран құстар, қаздар т.б.): - күшті қуаты (арыстан, жолбарыс, қасқыр т.б.); жүйрік аяғы (арқар, киік, бұғы, қоян т.б.).

Немесе аң-құстардың өздерінің аман қалуы үшін табиғаттың берген сыйын:

биік жартасты (ұя салатын құстар, жәндіктер, т.б.); қалың орманды (орманды мекендейтін аң-құстар, т.б.); терең тұңғиықты (інге, апанға тығылатындар, т.б.)

пайдалану, қорғану.

Бәрінен де құндысы – аң-құстардың, жәндіктердің, дала әрі су жануарларының, баршасының өмір сүруге ұмтылуы:

бір-біріне құмарлығы;

жұптасуы;

бірігіп сақтануы;

тұқымын өрбітіп, қанаттандыруы, асырауы әрі қорғауы, бәрі – өмір үшін күрес.

Ұлы ойшыл гуманист ойын түйіндей келіп, Құранда да айтылған Жаратушының нығметтерін жалғастырып әрі қорытып, осы айтылғанның бәрі «адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» дейді. Осы сөздің алдында «бәлки» деген сөздің тұрғанын ескерсек, «азық» деп отырғаны – тағамы ғана емес, әсемдік тұрғысынан ләззат алу. Олар да – табиғаттың құрамдас бөлігі, оны тамашалау, қызықтау әрі сақтау, қорғау және дамыту – әрбір ұрпақтың еншісінде.

Заман өзгерді: адамның айласы артып, хайуандардың қанаты да, қуаты да, жүйріктігі де әрі қараңғы орманы да, тұңғиығы да, биік жартасы және судың тереңдігі де – ешнәрсе кедергі болудан қалды.

Жалғыз ғана қорғаныш қаруы – ол адамның адамшылығы, ар алдына және ұрпақ алдында жауапкершілігі, яғни, табиғатты қорғау, берген сыйын орынды пайдалану, әділетті болу. Оған адамзаттың қазіргі таңдағы әуелеті жетерлік.

Абай күрделі мәселелер бойынша ойын, көбінесе, әңгімелеп, түсіндіріп отырған секілді әсерде боламыз. Дін жолын, оның ұстау жолын толық түсінбей, еліктеушілік орын алғанда әрі дін ағымдарына алда – артын ойламай кіріп кетсе, дүниенің бұзылатынын («ойран») ескертіп, қадау-қадау сұрақтар, қойып, кірпіштей қалайтыны бар: Бұлай болғанда: малды кім бағады; дұшпанды кім тоқтатады; киімді кім тоқиды; астықты кім егеді;

дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?

Тәркі дүниелікті түсіндіргенде де, жан ауруы мен тән ауруын салыстырып, асыл сөздерді ой түбінен суырып алып, мұхит түбінен көтеріп алған асыл тастар секілді, зерделі адамның санасына сыналап жеткізіп, шынайы «тәркі дүниеліктің» әулиліктен шығатынын, оның ауыр да нәзік екенін көрегендікпен әрі даналықпен жеткізіп, адамзатты қандай нәрседе (әрекетте) болмасын, шектен шығып кетпеуден сақтандырады.

Әрине, дүниеге «тура адаспай, жол іздеген» әулиелі жандар да, ұлы ойшылдар да қажет, сонымен қатар, өмірге тіршілікті сақтау үшін малшы да, сақшы да, тоқымашы да, диханшы да, әсіресе, Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын іздейтін, табатын және адамзат игілігіне пайдаланатын сан мыңдаған кәсіп, өнер иелері де керек.

Абай дүние ғылымын танудағы әрі оны ашудағы жетістіктерге жетіп, оны адам игілігіне, рахатына, дамуына пайдаланған ғалымдарды хакімдер қатарына қосатындары



бар. Жаратылыс саласындағы ашылған жаңалықтарды сығымдап, бір сөйлеммен бірнеше ғана жолға, өлеңмен жазғандай, сиғызатыны бар:

Бұл хакімдер: ұйқы, тыныштық әуес –  
 қызықтың – бәрін қойып, электрияны тауып,  
 алыстан жайды бұрып алып, мың адам істей  
 алмаған қызметті істетіп, әсіресе, адам  
 баласының ақыл-пікірін ұлғайтып, хақ пен  
 батылды айырмақшы үйреткендігі –  
 баршамызға нафиғ (пайда, ырзық) болған соң,  
 біздің оларға міндеттілігімізге дау жоқ.

Физика саласындағы жетістіктер: электр, магнит өрісі, алғашқы рет алыстан сигналдар қабылдау, радиоқабылдағыш, будың күшін пайдалану; бумен жүретін көліктер, аспаптар, фабрика, зауыттар, т.б., әсіресе, мәңгі қайшылықты ұғымды – шындық пен жалғандықты, аманат пен қиянатты, жақсылық пен жамандықты айыруға үйрететін, адамзаттың ақыл-ойын кемелдендіретін білім-ғылымның пайдалы болуы әрі игерілуі – адамзатты алға бастайтын ақиқатты жол.

Ислам құндылықтарының сұңғыла білгірі әрі зерделеушісі сыртқы ғибадаттың сыр ғибадатқа жетуін қалай отырып, құлшылықтың бір үлкені – намаздағы құлақ қағуды:

күнә дариясына ғарық (тойдым) болдым;  
 енді, дүние әуесіне ғарық қылдырмай,  
 қолымнан тар деп, жәрдем сұрауының  
 белгісі немесе қол байлауды;

алланың қадірлігін (күдіретін) мойындауы; өзінің ғажиздығын (әлсіздік) түсінуінің белгісі деуі – осы аз ғана жолдарда кешірім сұрау, шүкіршілік, тазару, жетілу және кемелдену талаптары жатыр емес пе? Ал, жерге маңдайды

тигізу («сәжде») ишарасын: адамның, әуелі, жерден жаралғанының белгісі; екінші – оның жерге қайтпағанының белгісі; бас көтеріп, тіріліп, сұраққа жауап берудің белгісі деп, саны белгісіз, уақыты белгісіз өткен өмір мен мәңгілік болашақ өмірдің арасында тұрған бүгінгі өмірдің – жалған болса да, жарық дүние пендесінің бар нығметтің үлкені – тіршілік үшін жауап беретінін айқын меңзеп тұр.

Данышпан Абай адам баласының рухани жағынан толысуын, кемелдеуін бейнелейтін қастерлі, сырлы сөздері барынша, кеңінен әрі орнымен қолданады.

Ақылды инсан (адам), хакім (кемел ойшыл), ғалым, таза мұсылман, толық адам, ақыл иесі, кәміл мұсылман, толық инсаният (адамшылық), асыл үш қасиетті құрайтын жәуәнмәрттілік: сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік) және ғақыл (ақыл) сынды терең ұғымды атаулардың, әрбірінің мағынасынан «бұлақ ағызып – өзенге құйғызады, өзендерден – дария жасап», - бәрі жиналып, Адам деген асқақ атты ұлықтайды.

Бұған жеткізетін сынбас, тозбас алтын көпірлер: ниет халис (таза ниет, ниеттің ақтығы, адалдығы), хауас сәлим (мөлдір сезім, сезім тазалығы), ғамалиус салих (ізгілікті, игілікті іс, әрекет), ижтиһат (талмай ізденіп, кемел ой қорыту).

Күтілетін нәтиже – нақлия дәлелден ғақлия дәлелге жету, яғни, ақылдан – даналыққа жету; тақлиди иманнан – якини иман дәрежесіне көтерілген кәміл мұсылман болу.

Абай, сонымен қатар, аманатқа қиянат жасаушыларды, адами қағидаттарға мойынсұнбайтындарды қатты сынға алып, қапаланып, надан-хайуан деп атап, себебін надандық пен қараңғылықтан, ілімсіздік пен білімсіздіктен іздейтіні бар. Дегенмен аса ауыр тиетін сөздерді айтқанда, әдептен аспайтын секілді. Адамды құрдымға жібермей, оны жарым

адам, жарым молда, жарым мұсылман, шала мұсылман деп жайсыз айдар тақса да, ол рухани жарымжан болса да, тән жарасының күтінсе, емдесе, жазылып кететіні секілді, уақыт өте келе, ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, «өзінен есеп алып», оның айығып кетуіне жол бар екендігіне үміттенгендіктен болар.

Абай кесек-кесек тұжырымдарының алдында «ең болмаса», «бәлкім», «болса керек» секілді нақты кесімі жоқ сөздерді қолдануы – айтқанымызға дәлел.

Мақсатым – шығарма тілінің көркемдігін айтарлықтай талдап, ашып көрсету емес, тек көзіме түскен шұрайлы да құнарлы, мағыналы да сырлы тұстарын атап өту, тіл ерекшелігін талдауға, толық ашуға ұзақ дайындық қажет.

Дегенмен, жүрегіне отырып, мына бір тосын ойды ұсынғым келіп отыр: әрине, бұл ой талас, қарсы пікір туғызатынын түсінемін.

Ол – сөз зергерінің өзінің «Сөзінде» тым сирек деп айтуға болмас – етістікті (баяндауышын) зат есімнің (бастауышының) алдына шығаратыны, яғни, қоятыны, мысалы:

Менің қаупім бар...

Енді, ниет еттіңіз...

Енді, біліңіздер...

Менің ойыма келеді...

Көзім күнде көреді...

Әрине, жаратты..., т.б., яғни, ойшы осы сөздерден кейін ербітеді.

Басқа қара сөздерінде де бұл тәсіл ұшырасады:

Бағана айттық қой...

Ақыры ойладым...

Жұрттың бәрі біледі..., т.с.с.

Бізде қатаң ереже бар: баяндауыш бастауыштан кейін, яғни, сөйлемнің соңында тұруы керек. Ауызекі сөздің өзінде осыны сақтамаса, сынап жатамыз.

Кейде, ойға шомасың, көзің көріп жүр: жұртты елең еткізер ойың – пайымың сөйлемнің соңында шұбатылып, күңгірттеніп, жетер жеріне жетпей қалады, жалықтырады да.

Неге айтпасқа, неге қолданбасқа?

«Мен ойлаймын», «мен есептеймін», «біз қолдаймыз», «мен ұсынамын», «біз қарсымыз», т.с.с. басты ұстанымыңды («былай дегенді қоспай-ақ») айтып, өзегін келесі сөздермен ашуға болатын секілді.

Біздің шабан ойлап, ұзақ сонар сөзге салынып, басы бар, аяғы жоқ түсініксіз ұғымға әкелетіндігі – ережені қатаң, өзгеріссіз сақтағандықтан емес пе?

Әрине, тұрақты емес: орынды жерінде, әсіресе, байламды ойды білдіруде, Абай тәсілін қолданысқа енгізгенің айыбы жоқ деп ой түйгім келеді.

## Абай сөздерінің сыры хақында

Абай шығармаларында, оның ішінде, қара сөздерінде араби сөздер жиі қолданылады. Қазақтың имандылыққа, ислам құндылықтарына қатысты сөздері, негізінен, құран түскен жерден – елден, сол елдің тілінен бастау алады.

Ұлы ойшылдың өз еңбегінде араб (кейде, парсы) сөздерін, аят-хадистерін, ғұламалардың ойларын жүйелі пайдалануының себептері:

сол заманның талабымен санасуында, пайдалану қажеттілігін түсінуінде; ислам құндылықтарын бойына сіңіріп, жаңаша ойын

жеткізе алуында әрі тілін терең меңгеруінде; ең бастысы – әрбір сөзге, әрбір сөйлемге және әрбір ойға, ұғымға тереңдік беріп, мән-мағынасын биіктете түскісі келген ниетінде; әрі, мүмкін, осы тәсілі арқылы келешек ұрпақтың адамзат құндылығын ислам тұнығынан іздесін деген ой болғандығынан болар.

Абайдың:

ғадаләт – рафғат;  
 мүсілім – тәсілім;  
 хақ пен батыл;  
 аманат – қиянат;  
 ғылымды күдірет;

ғұмыр – ақиқат сөз орамдары исламтанудың әрі өміртанудың талай жолдарына жүк болатын дүние.

Алып ой иесінің рухани-танымдық ұғымдарда араби сөздерді пайдалануының мәні – оларға «ең терең», «ең биік», «ең жақсы», «ең сырлы» мағына беруінде.

«Тағрипқа (түсіндіруге) тілім қысқа, аһ» деп өзінің айтқанындай, яғни, ұғымына ең түпкі сырын немсе ең биік нүктесін «ең», «аса», «өте», «нағыз» күшейткіш сөздермен түсіндіргісі келеді, мысалы, ғадалетті іс, яғни ең әділетті іс, нәтижесі көрінген әділет, т.с.с.

Зер салсаңыз, сөздер сатыланып, кәдімгі сатының баспалдақтарынан көтерілген секілді, мән-мағынасы сырланып, биіктей түседі. шын – рас – хақ – ақиқат – хақиқат; тілек – ниет – қасд;

сую – ғашықтық – махаббат – мағшұғлық;

шындық – әділет – ғадалет; тағат –

құлшылық – ғибадат;

ішкі ғибадат – сыр (жасырын) ғибадат – батин ғибадат;

сыртқы құлшылық – заһир құлшылық; жұрт – көпшілік

– жамағат, халық – ғауам; адамшылық – адамгершілік –

инсоният; мейірімді – рақымды – кең жүректі – ақ пейілді –  
 жәуәнмәртті; көмектесу – қорғау – шапағат; өлшеусіз – шексіз – ниһаятсыз; мейірім – жақсылық – игілік- рахмет;  
 жақсылық – иһсан; түсіну – тану – тағриф – ғараф; белгі – ескерткіш – ядкар; жетілу – толысу – кемелдену – кәмалат; шынайы – нағыз – кәміл;  
 қолдану – көтермелеу – пайдалану – рафғат; қайырымдылық – ізгілік – кәрәм; мүмін – мұсылман – кәміл мұсылман; теріс – қателік – кемшілік – қиянат – батыл; сүйену – негізге алу – бинаән; пенде – адам – инсан; ілім – білім – ғылым; ғалым – ойшыл – хакім;  
 игілікті іс – ізгілікті іс – ғамалус салих;  
 қайшы – қарама-қарсы – зидди;  
 араласу – байланыста болу – қарым-қатынас жасау – мұғамалә; мойындай – бой ұсыну – ықрар; қайратсыз – әлжуаз, әлсіз – ғажиз; міндет – борыш – парыз – аманат; көрсету – белгі – ишарат;  
 жақсы сезім – мөлдір сезім – таза сезім – хауас сәлим,  
 т.б.

Әрине, тізбені жалғастыруға да, орындарын ауыстыруға да болады, мағынасын көбейте беруге болады, бірақ, соңғы сөз араби сөз – қорытынды сөздің биігі, иә, тереңі болып қалады. Хақиқат – шындықтың шыңы, қаракет – әрекеттің

нәтижесі, қасд – ниеттің жоғарғы белгісі, т.с.с. Сөздер сатылаған сайын, мағынасы құлпыра түседі.

Уақыт дүбірімен, замана желмен әрі өмір ағымымен аталмыш араби сөздердің орнын басатын, олардан кем түспейтіндері табылар да. Дегенмен, Абайдың ұлылығын, оның адамзаттың рухани тынысын терең түсініп, мұсылмандық әлемнің бай қазынасына жолықтыратын дүниелері жеткілікті. Сол дүниенің кілтін ашатын сенімді құралдары – ақиқатты әрі аманатты сөздері бар.

Оларды тездетіп оқып, аттап өте шығуға да болады, бірақ, олардың мағынасын білу – төрт қастерлі ұғымды: Алла, халық, ғалам, махаббаттың бірлігін білу, оны білу – адамзатты астамшылықтан сақтандырып, жарасымды өмір сүруге үндейді.

Мәтіннен кесіп алғандай күйде келтірейік:

«махаббат – халлаққа», «халық – ғаламға», «халлақына – махаббат», «халық-ғаламға шапқат», - бұл дегеніміз Абайдың үш сүюіне (иманигүлге) үйлесімді болатын – Алланың жаратқандарын (ғаламды, табиғатты, адамзатты), берген рухани жолдарын (кемелділікке жету, имандылықты ұстану, кәміл мұсылман болу) жақсы көру.

Іргетас іспетті ұғымдардың қосарлана берілуі – олардың астарлы сырына терең үңіліп, бағдарлы желісін басшылыққа алып, өмір қағидасында пайдалануға жөн сілтеу болып табылады.

«Ғадалет-шапағат» мағынасы әрбір ойдың, әрбір амалдың, әрбір әрекеттің, әділдігін танып, сезініп, онымен пайдаланып немесе пайдалануына жәрдемдесіп, нұрлы сәулесінен айырылып қалмауына шақырса; «мұслимтәслим» ұғымында «біз – шәкірт мұсылманбыз, Сіз – ғалым ұстассыз», «біз – үйренушіміз, Сіз – үйретушісіз», «біз жол іздеушіміз, Сіз – жол сілтеушісіз» түсінігінің

жатқанын әрі төбемізде адаспас үшін рухани бағдаршам ілулі тұрғанын елестетеді.

Рухани-танымдық айналымға айналдырып, қай тілде болса да өзгертпей, тұрақты қолдануға жарайтын ұғымдардың бірі – «ғадалет-рафғат».

Бұл ұғымды Абайдың өзі түсіндіргенін еске алайық, ол жөнінде жоғарыда баяндаған болатынбыз.

Мағынасын тағы да еске саламыз: ақыл-ойдың жемісі болсын, іс-әрекеттің жемісі болсын, ұлы ғылыми жаңалықтардың жемісі болсын, ұлы биліктің көрінісі болсын, өлшемдері – әділетті пайдаланылуында, яғни, ғадалеттірафғатты болуында.

«Ғадалет – барша ізгіліктің анасы» - Абай даналығы, яғни, әр нәрсеге Абай көзімен қарасақ, оның ілімінің бір қабырғасы – «ғадалет-рафғатты» қолдансақ, жер бетіндегі зұлымдық пен жауыздық, әділетсіздік пен арамдық – қиянат әлемі бірден жойылмаса да, олар жақсылық пен ізгілік, әділет пен ақиқат арқалаған – аманат әлемінің алдында тауы шағылып, күші бәсеңдер еді.

Жоғарыда аталған танымды ұғымдардың қатарын жалғастыра беруге болады, даналық кітабында жиі ұшырасады.

Аталмыш, қастерлі, сырлы, танымды ұғымдарды айналымға енгізіп, әрі идеясы істерімізден көрініс тапса – рухани байлығымыздың қазыналы бола түсетіні – ақиқат.

Абайдың жиі қолданатын кейбір мағыналы сөздеріне де аз-кем тоқталып кетуге тура келеді, олар: мал, пенде, дүние, бұлар сөз ғана емес, көп мағыналы дүние. Кейбір адамдар үшін, әсіресе, жас оқырмандарға аталмыш сөздер сырын ашпай, жасырын түрде қалуы мүмкін.

«Мал» деп отырғаны – жұмыс, еңбек, кәсіп пен (диқаншылық, малшылық кәсіпті, т.б.) шұғылдану, яғни,



ақша, қаражат, несібесін табу, бала-шағасын асырап әрі, мүмкін болса, жақындарына көмектесу, дәулетке қол жеткізу.

«Малға махаббатын аударғандар болмаса» деген тіркесі бар, мәні – адамды кәсіпке, еңбекке, шаруаға ықласын салып, ауқатты болуға шақыруында; әрі қарай, жақсылықтың жаршысы «малға махаббатын аудару» ізгілікті шаруаларды орындауға мүмкіндік беретінін айтаныны бар.

Әрине, «мал» сөзінің жағымсыз мағынаны да беретіні бар: «ол да - бір, мал да – бір» десек, адамның надандығын, қараңғылығын, ештеңемен ісі жоқтығын көрсетседі.

«Мал» сөзі – қазақпен біте қайнасқан сөз. «Мал-жаныңыз аман ба?»-ның сыры – «жағдайың қалай, үй-ішіңіз аман ба?» деп суыртпақтап, отбасының амандығына қанығу, жайсыздық болса, көмек қолын созу ниеті де бар: не ісімен, не сөзімен.

«Пенде» сөзі де әр мағынада қолданылады, кейде адам, кісі, тұлға.

Аталмыш еңбекте «дін исламның жолындағы пенделер» деген жолдар бар. Бұл жердегі пенде – адамдар, дін жолындағы жандар, жанашырлар. Керісінше, тұлға да, адам да – «пенде».

«Ол да – пенде ғой», «Бәріміз де пенде емеспіз бе?» деп те жатады. Мәні – адам болсан соң, қателеседі, адам болған соң, артық-кем кетеді, бәлкі, кешіріммен қарау керек болар деген ұғымды білдіреді.

«Әй, пендешілік-ай», «пенделігі басым болды-ау» деп, күнәлі әрі кінәлі істер жолына түскендерді айыптап, өкініштерін білдіріп жатады.

«Пенде» сөзі де қолданысына қарай, мағынасы өзгеріп отырады.

Қарастырылып отырған сөздердің ішіндегі ең күрделісі – «дүние» сөзі.

«Дүние» - әлем, өмір, жаратылыс, ғалам; «дүние» - материя, идея; «дүние» - нәрсе, зат, мүлік; «дүние» - бұл дүние (жарық та жалған), о дүние (мәңгілік); «дүние» - заман, дәуір, кезең, уақыт; «дүние» - таным, ғылым; Жаратушы ғылымы және дүние ғылымы.

Кемелді «Сөзде»: «дүние ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық, ол Құранда сөгілген» деп, зерделеуді қажет ететін құнды ой тастайды.

Мұндағы «дүние ғылымын» – өмір сүру ғылымы, тіршілік жасау ғылымы деген мағынада қолданғанын түсіну қажет. Әрі оны білудің мақсатына айқындап бергені бар.

Сонымен бірге, «дүниенің» екінші беті бар, ол дүниге алдану, дүниеқоңыздыққа салыну, нәпсінің жетегінде кету, яғни, «бір жыртқыш хайуан қисабына қосылу».

Ұлы ойшыл – ақын бір өлеңінде:

«Дүниеге дос, ақыретке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей боп, орныға алмас.

Дүниеге ынтық, мағшарға амалсыздың, Иманын  
түгел деуге аузын бармас» дейді.

Осындағы «дүниеге дос», «дүниеге ынтық» дүниеқұмарлықты, малдан басқа ойы жоқтықты сынап, есеп дүниесінде имандылықпен сыйыспайтынын айтып тұр.

Түбіне терең бойлауды талап ететін ұғымдар, сөздер Абай шығармасында жеткілікті, сондықтан, көпмағыналы, қатпарлы сөздерді, тіркестерді біржақты ұғып, қабылдау – еңбектің түпкілікті мән-мағынасын, мазмұнын, идеясын түсініп танудан алшақтатады.

Ерінбей үйрену, іздену, зерттеу арқылы әрі өзіндік ой қорыту арқылы ғана, Абай сырының құпиясына жақындауға болады.

## Абай «Сөзінің» басылымы жайында

Кемеңгердің шығармашылығы жөнінде мыңдаған мақалалар, зерттеме материалдар жазылғаны мәлім. Еңбектері әр жылдары, әсіресе, ойшылдың мерейтойы қарсаңында шығарылуда. Абайтанушылар тарапынан игілікті істердің атқарылуымен қатар, баспа кемшіліктері де айтылып келеді. Қаншама тәжірибе жинақтасақ та, баспа кемшіліктері жойылмай отыр. Баспа кемшілігі қарапайым оқырмандар түгілі, хакім сөздерін зерттеушілердің өзіне қиындық туғызады, екі ой салады. Оқушылардың қызығушылығын, ықыласын бәсендетеді.

Менің пікірім – Абай ойының шыңы немесе тереңдігі «Отыз сегізінші сөзге» қатысты, нақты ұсыныстарым бар, әрі өзгелерден көмек сұрайтыным да бар.

Қолымда үш басылым:

1)1961 жылғы, неге екені белгісіз, осы басылым зерттеу материалдарында көрініс таба бермейді; 1945 жылғы шыққанды атап, 1961-ді секіріп, басқа жылдардағысы аталады.

Бұл – Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы, шығарушы – Қазақстан Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 75 мың дана, дайындаған – Әбіш Жиреншин.

Еске алатын жәйт – ұлы абайтанушы Мұхтар Әуезов еңбектің шыққанын көре алмай кетсе де, дайындалуы барысы жайлы хабардар болғанына, мүмкін, ақыл-кеңес бергеніне толық сенімдіміз.

Басылымның басты құндылығы: толыққандылығы, мәліметтер мен түсіндірулердің болуында.

Кемшілігі – көп жағдайда, азат жолдардың (абзацтардың) сақталмауында, ұсақтау шрифтің пайдалануында.

2) Абай «Қара сөздері» - Алматы: А13 Өнер, 2010., Кім дайындады – белгісіз.

Баспаның бас директоры – Ә.Көпіс. Данасы – белгісіз. Алғысөздің авторы да – белгісіз.

3) Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы.

2014ж., 2-басылым, 2000 дана.

Құрастырушы әрі редактор – Баязи Әбдешев.

Кіріспе ретінде, М.Әуезовтің мақаласын алған.

Соңғы екі басылымда, біршама, азат жолдарды сақтап, үлкендеу шрифтімен басылғаны байқалады.

Абай «Сөзінде» терең түсінуді, дұрыс бағамдауды талап ететін сөздер, сөз орамдары, сөйлемдер, тұтас бір күрделі ұғымдар көптеп орын алады. Абай сөздері, исламдық қағидалар; орнын ауыстырып, ойнатып (құбылтып) отыратын сөз тіркестері – бәрі ыждаһаттылықты қажет етеді. Тақырыпты қолға алған соң, ауыр жауапкершіліктің жүгін арқалап, «Сөздің» түбіне үңілесіз.

«Мына бір сөз, не термин», т.б. «әр баспада, әр авторда қалай түсіндірілді екен?» деген ойдың мазалауы – орынды нәрсе.

Осы аталған басылымдардағы көзіме іліккен кейбір олқылықтармен ой бөліскім келеді.

Олар мынадай:

Бір сөйлем жайында:

а) 1961 ж басылымда: «махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен»;

ә) 2010 жылғыда: «Әуелі адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселермен»;

б) 2014 жылғыда: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен»;

Енді, талдап көрейік. Сөйлем қалай жазылды, солай беріліп отыр, тыныс белгілері де өзгеріссіз.

1961 жылғыда - сөйлем анық, махаббаттың үш нәрсеге сүйенетіні, не үш нәрседен тұратыны, не толысатыны айтылып тұр;

2010 жылғыда – сөйлем, мүлдем, түсініксіз;

2014 жылғыда – «махаббаттың» орынын «адамның адамдығы» алмастырып, оны екі нәрсемен (ақыл, ғылым) байланыстырып отыр.

Қорытынды: 1961 ж басылымдағы сөйлем қалуы керек, өйткені, Абайдың: «ғылым – білімге махаббаттандырылмақ әлгі айтылған үшеуінен болады» дегені бар, айтып отырған үшеуі: адамның адамдығы, ақылы, ғылымы.

Сөйлем әрі оның мағынасы жайында:

а) 1961 жылғыда: «Адамның білім хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің емес, һамманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді».

ә) 2010 жылғыда: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық-тықпенен табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һамманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді».

б) 2014 жылғыда: «Мәтін 2010 жылдыкіндей, тек «әр нәрсе» біріктіріліп, ынтықтықпенен сызықшасыз жазылған – өрескел қате емес, мазмұнына әсері жоқ.

Ойландыратыны:

Соңғы екі басылымдағы «Ол – Алланың ғылымы емес» сөздерінің, жартылай сөйлемнің енуі; жарайды, 1961ж. басылымда бұл тіркес түпкі мәтінде болса да, енбей қалды

дейік. Нені білдіреді; «ол» деген не? Алдыңғы сөйлемге қарасақ, «Ол» - хақиқатқа, растыққа құмар болу; «Ол» - әр нәрсенің даналығын білу. Сонда, бұл айтылғандар – Алла тағаланың ғылымы емес пе?

Әлде, «ол» - адам ба? Осы лайықтылау секілді, бірақ, кейінгі жолдарды оқысаң, адамға Алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымы, ынтықтығы оған өзіндік ғылым береді. Сонда, Алла ғылымы деген не, һәмманы білетұғын ғылым деген не деген сұрақ тұрады. Қайсысы жоғары, қайсысы құрамында бәрін қамтиды. Түсініксіз.

Ой: аталмыш мәтіндегі әрбір сөлем, сөз тіркестері қайта зерттеліп, аударылып, құрастырылып, бір пайымға келу қажет. Сөйлем анық, түсінікті болуы керек.

Түсіп қалған сөйлемдер жайында:

а) 1961 ж басылымда жазылған мынадай сөйлемдер кейінгілерде жоқ;

Әнің үшін ол алланың өзіне ғашықтық керек;

Бұл ғылым, құдірет екі сипат бірлән сегіз сипат бұзылмастан түгел болады;

Мұнша әуреленіп, сыртыңды бір сүйген қауымыңа ұқсатарсың.

Қорытынды: маңызды сөйлемдер, қалпына келтірілуі керек, яғни, жаңа басылымға енгізу қажет.

Түсініксіздік туғызатын сөйлемдер:

а) Үш басылымда да мына сөйлем бар: «Кәпірлерге жем болып кетуде қайсібір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетселер де керек».

Мәселе – «сабырсыз» бен «сабырда» тұр.

Түсінгеніміз: сабырсыз адам жолынан тайып, сабырмен тұрмақшы. Мүмкін, сабырмен емес сыбырмен, ыбыр-жыбырмен тұрып кетер.

Ұсыныс: талдап, бір тоқтамға келу.

ә) Үш басылымда да бар сөйлем: «Сыртқа қасиет бітпеді».

Ұсыныс: «сыртқа қасиет» емес «сыр қасиет» бітпеді деп жазған қисынды, бұл жерде ішкі қасиет, ішкі жан дүниесі айтылған секілді.

б) Тағы бір сөйлем жайында:

1961 ж басылымда: «Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның иманы жоқ»;

2010, 2014 жылдардағыда: «Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ»;

Айырмашылық – «иман» мен «хая» сөзінде. «Хая» сөзі – әрине, «әл-Хай», «хаят» сөздерінен алынып отыр. Негізінде, «хаят» - «тірі» дегенді білдірмей ме? Екіншіден, «хаяны» сөзі көзге көруге де, құлаққа естуге де жағымсыздау.

Ұсыныс: түпнұсқада «иман» ба, «хаят» па – анықтау қажет.

Терминдерді – араб сөздерін аудару жайында.

Араби сөздердің аудармасы, мағынасы әр басылымда жаңаша беріліп, толықтырылып отырады – бұл заңды құбылыс.

Дегенмен, зер салып қарасақ, бірінші (1961 ж) басылымдағы мәнді де, қисынды аударылымдар есепке алынбаған.

а) Мысалы: «Хакім, ғалым, асылда бір сөз, бірақ ғарафта басқалар дүр» сөйлемі, осындағы «Ғараф» сөзі:

1961 жылғыда – білу, тану;

2010, 2014 жылдардағыда – Арафа (таудың аты). Зуль-Хиджа айының 9-күні. Бұл күнде қажыға барғандар Арафат тауына шығады.

Сонда, қалай болғаны? Хакім мен ғалымның дәрежесі Арафа тауына шығуға байланысты болғаны ма? Білімге, танымға байланысты емес пе? Таудың қасиетті екені рас, олай болса, дәлелденуі керек емес пе?

Ұсыныс: «таным» сөзіне тоқталу. ә)

«Қарар» сөзі:

1961 жылғыда – тоқтану, беку;

2010, 2014 жылдардағыда – шешім қабылдау.

Ұсыныс: шешімді қабылдаумен бірге, тоқтану, тоқтамға келу, беку сөздерін енгізу керек.

б) «Батыл» сөзі:

1961 жылғыда – қиянат, теріс.

2010, 2014 жылдардағыда – теріс, қате.

Ұсыныс: барлық теріс қылықтардың, қателіктердің, кемшіліктердің жиынтық аты – қиянат, сондықтан, бұл сөзді шығарып тастамау қажет.

в) «Ишарат» сөзі:

барлық басылымдарда – нұсқау, көрсету.

Ұсыныс: «белгісі» сөзін енгізу қажет, мысалы, «Сөзде» «көрсеткен ишараты» деген жиі кездеседі. Мағынасы – көрсеткен «белгісі», көрсеткен нұсқауы немесе көрсеткен көрсетуі емес.

г) «Әдеби» сөзі:

1961 жылғыда – «мәңгі».

2010 жылғыда – «әдеби» деп жазылып, аудармасы – әдеби, мәдени, әдепті рухани;

2014 жылғыда – «әдеби» деп жазылған, аудармасы – әдеби, мәдени, әдепті, рухани;



Сөйлем, қысқартылып алғанда, былай: «Алла тағаланың сипаты... һәм әзәли һәм әдәби болады...» (2014ж. бойынша).

1961ж. аудармаға сүйенсек, сөйлем: Алла тағаланың сипаты әрі әуелден, әрі мәңгі болады.

2010, 2014 ж.ж. сүйенсек: Алла тағаланың сипаты әрі әуелден, әрі әдеби, мәдени т.б. болады.

Ұсыныс: 1961 жылғы аудармасы дұрыс, бұл жөнінде абайтанушылар да жазған болатын.

д) мәғмур» сөзі:

1961 жылғыда – қызық, жақсылық; 2010,

2014 жылдардағыда – әлем.

Соңғы аударма күмән тудырады. Аталмыш басылымдардағы сөйлем: «Дүниенің мәғмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе». Осыдан, енді «дүниенің мәғмурлығын» бөліп алайық.

Не болды?

1961 ж. бойынша – дүниенің қызығы, дүниенің жақсылығы.

2010, 2014 жж. бойынша – дүниенің әлемі (бір ұғым қосарланып тұр).

Ұсыныс: алғашқысы ақылға қонымды.

Мағынасын түсіндіруді талап ететін сөлем және сөз орамы:

а) барлық басылымда: «Аллаяр софының бір фәрәдән жүз фәрә бижай дегені басына келеді» деген сөйлем бер. Яғни, бәрінде мағынасы: бір адамнан жүз адам жайсыз, қолайсыз жағдайда.

Бір адамға қарағанда, жүз адам жайсыз болады – түсінікті. Бірақ, тап осы ұғымда болса, Абай оны қолданбас еді деп ойға қаласың. Керегі – бір адамға қарағанда, жүз адам – жайбарақат, алаңсыз. Алдыңғы сөйлемге зер салсаңыз: ғадалет – шапағат, жалғыз адам, яғни, ғадалеттің

нұрынан, көмегінен айырылып қалмау; одан айырылсақ, хәммасы – жүз адам – жайбарақаттыққа салынады; бір адам – ғадалет, шапағатты – қорғаушы күш. Мүмкін, бір нәрсе ... жүз нәрмеден артық бағаланады.

Ой: түпнұсқада, мүмкін, «бижай» емес «бейжай» болар.

ә) Барлық басылымда сөйлемнің ортасында ғашарән-мүбәшәрәдан» деген сөз орамы бар:

2010, 2014 жылдардағы түсіндірудің қателігі жоқ, бірақ, толық емес:

1961 жылғыда – танымды түсіндіру: Мұхамбет пайғамбардың тірі күйінде сендер ұжмаққа деп сүйеніш (сүйінші болу керек – М.И) берілген он сахаба.

Орыны ауыстыруға сұранып тұрған сөйлем:

Үш басылымда да: «Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушидиялар салынып, жаңа низамға айналған» деген сөйлем бар. Қарапайым тілмен айтсақ: «Түркияда соғыс өнерін үйрететін мектептер, дүние ғылымын үйрететін мектептер салынып, жаңа низамға айналған». Зер салайық:

Біріншіден – бұл сөйлем Абайдың білім беру ісінің ескі медреселер ғұрпында болып, заманға пайдасы жоқ екенін айтқанынан кейін тұр; екіншіден – аталған сөйлем енгізілгеннен кейін, «мұндағылар» деп бастап, ғылымға пайдасыз айтысталастардың болатыны, ақылсыз жандардың шығатынын, насихаттарының әлсіз екені жазылады, яғни, бірінші сөйлемді ашып отыр. Мұндағылар деген соң, Түркиядағы жағдайды айтып отыр екен деп ұғасыз.

Ұсыныс: аталмыш сөйлем, «Көбінесе мұндай сөздердің насихаты да тасирсіз болады» деген кейін тұруы керек.

Абайдың ең күрделі, ең ұлы әрі ең тағылымды еңбегі – отыз сегізінші Сөзі.

Түсінуі ауыр сөйлемдер, тақырыптар, жүздеген араб (аракідік-парсы) сөздері, ғибраты мол аят-хадистер, руханитанымдық айналымға дайын тұрған сөз орамдары, орнын не тура – не кері алмастырып отыратын сөз тіркестері – бәрі осы «Сөзді» оқып тануда үлкен ыждаһатталықты талап етеді. Басқа зерттеушілердің еңбектеріне зер салып, пайдалану әрі білу де – үлкен міндет.

Абай жылдар бойы жинаған рухани азығын сыртқа шығарды, ол – жалғыз; зерттеушілер «Сөздің» сырына үңілді, әр заман мінбелерінен сөйледі, олар – ондаған, жүздеген; әр жағдайдағы және әр дәрежедегі оқырмандар Абай ілімінің әліппесін алғаш рет жұмбақ ақ қағаздың бетін ашқандай күй кешіп, оқып, ойдың ойлы-қырлы жолдардан өтіп, Абай ілімінің негізгі идеясын білуге жетуі – ұзақ үрдіс, оқырмандар – мыңдаған, миллиондаған. Салмақ оқырманға, оқушыға түседі. Осындай жағдайда, оқырманға сапалы бастырылып шыққан кітапты, еңбекті ұсыну – өте жауапты іс, оқуға ынталандырудың бір жолы.

Аталмыш басылымдардағы кейбір кемшіліктерді атадық, осындай олқылықтар басқа да басылымдарда болуы мүмкін. Ендігі міндет – айтылған қателіктерден арылу, болашақта шығарманы сапалы етіп шығару, ол үшін:

кітаптің бет-әлпетінен (дизайнынан) бастап, ішкі дүниесінің (мәтіннің сауатты жазылуы) тазалығына дейін ерекше назар аудару;

мәтіннің үлкен тақырыптарды қамтуына байланысты, араларына шартты ажырату белгілерін, мүмкін болса, тақырыпшалар қоюды қарастыру әрі сөйлемдерді ой желісіне қарай, азат жолдардан жазылауын сақтау; сауаттылыққа аса мән беру: басы жоқ, аяғы жоқ сөйлемдердің орын алуына жол бермеу, тыныс белгілерінің (үтір, сызықша, қос нүкте, т.с.с.) қажетті жерінде дұрыс

қойылуын қамтамасыз ету; түсіндірме сөзді, яғни, аударманы беру тәртібін қарастыру – автор сөйлемдерімен, сөзімен қабыстыра беру; мысалы «сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ (еруші), бірі мәтбуғ (ерігуші) болады ғой; күрделілерін соңында арнайы, кеңінен түсіндіру, топтау;

терминдердің жазылуын бірдейлендіру: мысалы, гадалет, ғадәлат, ғадаләт; ниһаятсыз, ниһоятсыз т.с.с.;

«менен», «бенен», «пенен» қос жалғаудың соңғысын алып тастауды қарастыру: көзбенен, құлақпенен т.б.; басты міндет, әрине, - Абай шығармасына - «Сөзіне» қиянат жасамау.

Мақтанышымыз – Абайдың ұлы шығармасын сапалы шығарып, әлемге ұсыну – аса жауапты іс, аса үлкен абырой.

Бұл мәселеде абайтанушылардың, тіл мамандары, шығыстанушылар, тарихшылар, философтар, әсіресе, арабистер пен теологтардың бірлескен жұмысы, ұстанымы қажет, тіптен, зиялы қауым өкілдерінің де сын-пікірлерін ескерген жөн.

Өз елімізде, өз ана тілімізде кемеңгердің ұлы «Сөзі» сапасыз шығып жатса, шет тілдерде шыққандары жайлы не айтуға болады?

Осы уақытқа дейін, Абайдың шығармалары, оның ішінде, «Сөзі» шетел тілдеріне орыс тілі негізінде аударылғаны мәлім. Бәрінің сапасы туралы жансақ пікір айтудан аулақпыз, дегенмен, қынжылыс туғызатын бір жәйт бар.

Кейде болады: түсінуі күрделі мәтіндер, сөйлемдер, не болмаса, терминдер басқа тілде қалай берілді екен деп, сұрақ туатын кез болады. Тіптен, аудармадан іздеген нәрсеңізді табасыз да. Осындай мақсатпен, орыс тіліне аударылған жинақты қолыма алдым. Бір ғұламаның: «Кітапты оқымастан бұрын, мұқабасына қара, ішін ақтар,

мазмұнын оқы, көзің түскен жерді шолып өт» дегенін басшылыққа алып, қарай бастадым.

Абай. Слова назидания – Алматы: А13 «Өнер», 2013 – 136 с. (2005 жылы да шыққан болу керек).

Дизайны, форматы – айнақатесіз 2010 ж. шыққан (қазақша) Абайдың «Қара сөздері» іспетті.

Әдет бойынша, алғашқы бетті, сонсоң, соңғы бетті аштым, мына сөйлемге көзім түсті: «Даже у жеребца, когда он покрывает кобылу, проявляется чувство» (48-сөзден).

Бетті бастым... Шынында, Абай осылай жазды ма, оқып едік қой.

Аштым, оқыдым: «Айғыр биеге ие болмақта да, махаббат пен сезім бар».

Айтқысы келгені: Айғыр биеге (табынына) ие болуда да құмарлық, құштарлық сезімі болады, әрине, «артылғанда» деп тұрған жоқ.

Осындай дәрекі аударма жылдан-жылға баспаданбаспаға көшіп отырса, не деп айтуға болады?

Әрине, маған керегі – «Отыз сегізінші сөзі» еді.

Атап өту керек, бір сөйлемі – аудармасы қатты ұнады: «Как говорил суфий Аллаяр, бывает одна особенная истина, которую ставить выше ста других».

Бұл – «Аллаяр софының бір фәрәдан жүз фәрә бижай» дегені басыңа келеді сөйлемінің аудармасы. Менің осы сөйлемнің мәні жайында айтқаным – айтылған ақиқатқа жақындау ғана.

Тамаша аударма, ғұламаның ойының сырын ашудағы кілттің бірі.

Оқи бастадым: алғашқы сөйлемдер нақты, тиянақты, әрі қарай...

Жалпы ойым: аудармашы аталмыш қара сөзді бірнеше рет оқып алып, еркін аударма жасаған секілді. Мақсаты – жалпы мазмұнын беруге тірелген. Түсініксіздік туғызады.

Мысалы:

«Однако в большинстве случаев дети остаются недоучками, а то и вовсе невеждами. И причиняют всему – насилие со стороны, родителей и мулл, которые убивают в них искренность».

Бұл – мына сөйлемнің аудармасы болу керек:

«... көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды».

Мәтіннің мағынасы өзгеріп тұр:

балалар аударма бойынша – «недоучки», «невежды», молланың «насилиеге» қатысы жоқ.

Аудармашы өзіне тым еркіндік береді:

а) сөздің орта кезінде «О дети, утешение моего сердца!», «И желаю писать о мире» деп, бас кезінде айтылғанда қайталау қажет пе?

ә) «Аллах призвал людей к общему труду, и поэтами одному дал ум, другому – красноречие, третьему – волю».

Қандай сөйлем аударылды? Белгісіз.

б) ишандар жайында айтқанда, кемерінен асып кетеді: «Это ишаны, направляющие работу мулл целого уезда или даже губерний ... облеченные большой властью, чем муллы».

Түпнұсқада ишандардан билігі артық, ояз немесе губерния молдаларының жұмысын бағыттайды дейінгі сөз де, сөйлем де, ишара да жоқ.

Не деуге болады – «қой дейтін қожа жоқтың» белгісі.

Аударманың әр бетінен, кемшілік көрініп тұр.

Шет тілдерге, оның ішінде, еуропалық тілдерге аударуды негіз ретінде осындай орыс тілді мәтіндер алынса, әр жағын айтудың өзі де қиын болар.

Неше түрлі ой келеді: шет ел зиялылары да, Абайдан үзінді келтіріп, мәртебемізді көтеріп қояды, ол сол көтермелеу – дақпырт емес пе, біздің Абайды рухани азығымыз әрі қазығымыз деп есептеуден туған әдеп көрсету белгісі емес пе, ондай ойдан құдай сақтасын, бірақ, кірбің ой лықсып-лықсып көкірегіңізді ашытып, тамағыңа келеді. Кешірім сұраймын.

Аталмыш «Сөз» қанша мықты сауатты аударылса да, қаншалықты сұлу аударылса да әрі қаншалықты грамматикалық ережелері сақталса да, егер негізгі принципті ұстанбаса, - туынды тарихи-танымдық, философиялық мәнін жоғалтады.

Ол принциптердің мәні:

Тарихи-философиялық, рухани-танымдық айналымға енетін сөз орамдарын қалпында қалдырып, толыққанды түсіндірме жасау, әсіресе, ізгілік жағын, тарихын ашу – ғадалет – рафғат, ғадалет – шапағат, хақ пен батыл, аманат пен қиянат, ниет халис, халис сәлих, мүслим – тәсілім, иман, т.б.; ғалымдар бұл тәсілді қолданып жүргені бар.

Мысалы: Әбунәсір әл-Фарабидің еңбектерін араб тілінен орыс тіліне аударғанына назар салсаңыз, базалық-танымдық сөзге немесе сөз орамына тамаша түсініктеме беріп отырады.

Абай сөйлемдері сыдырта аударуға көнбейді, әр сөйлемінде терең ой жатыр.

Аят-хадистердің, араб тілінде келтірген ғұламалардың ойларын, қазақ мәтініндегі секілді, кириллицамен беру.

Мазмұнын ғана беру, болмаса, ауызекі әңгіме іспетті, баяндай салу – еңбектің нәрін кетіреді.

Алланың зытия, субутия сипаттарын және көркем есімдерін жазуда әрі аударуда өте сақ болу.

Бастысы – шығарма мәтініне, хакім ойына қиянат жасамау, шет тілдеріне сапалы аударуды жүзеге асыру.

Қазіргі уақытта, шүкірлік, тамаша аудармашылар қатары өсуде: философия, теология салаларында, т.б.

Абайдың «талап» пен «ұғым» сөздеріне өзгеше мән беретіні бар; аудармаға байланысты осыларды қолдансақ – айтарлықтай дұрыс талап жүйесін қалыптастырмай, бүкіл шығармаға әрі оның әрбір буынына қатысты дұрыс ұғым қалыптастырмай, сапалы аударманы қамтамасыз ете алмаймыз.

Тиісті кәсіби мамандардың пікірлерін есепке алу да – жемісті аударманың алғышарттарының бірі.

## Даналық кітабының («Сөздің»)

### Нақылдары

Адамға хәлінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ, өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес.

Айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер.

Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы.

Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.

Алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рахмет; бір ғана құдірет – пендеде болған қуат.



Адаспай, дұрыс іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің (адам ісінің) қазығы – осы жақсы хакімдер.

Әддүния мээрэгәтул – ахирет... (бұ дүние – ахиреттің егіндігі)

Әнің үшін де Алла тағалаға ғашықтық керек.

Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғалымдарының нақлиясын бірлән мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады. Хакімдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини болады.

Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық – бұл адамға нұр болады.

Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Әрбір наданның бір тарихатқа кірдік деп жүргені – біз бұзылдық дегеніменен бір болады.

Басына һәм бір өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс.

Бәлки, дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген.

Біз Алла тағаланы өзінің білгені қадыр құдіретін ғана білеміз, болмаса, түгел білмекке мүмкін емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз.

Бұл ғақыл, ғылым – екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді.

Адам баласынан махшарда сұрау алатын қылып жаратқанында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар.

Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін – ол не деген нысап?

Ғадаләт – рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаяты (тіршілігі) жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ.

Ғамалус – салих ғадаләтті дә мархамәтті болмақ. Күллі тән бірлән қылған құлшылықтардың ешбірі ғадаләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді: намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек пе?

Ғадаләт – барша езгүліктің анасы дүр.

Ғұмыр өзі – хақиқат.

Ғұмыр жоқ болса – кәмәлат жоқ.

Ғылым – Алланың сипаты.

Дос көбейтпектің табылмағы – өзінің өзгелерге, қолынан келгенше, достық мақамында болмақ.

Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһоятлысың (шектеулісін), ол жол – құдайдың жолы емес.

Дүниенің мәғмұрлығы (қызығы, жақсылығы) бір түрлі – ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе.

Ей, жүрегімнің қуаты – перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар (ескерткіш) қалдырамын. Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың толады.

Енді белгілі: иман құр инанышпенен болмайды, ғадаләтрафғат бірлән болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады.

Жә, бұл сөзден не ғибрәтлендік?

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады.

...Замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмеген білдіргені мағлұм болады.

Кімше достығың болса – достық шақырады.

Өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

Кім сені сүйсе, оны сүймектігің қарыз емес пе?

Қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек... дұшпандық шақырады.

Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақырғанда, дос келе ме?

Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса, шала мұсылман.

Қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман.

Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан.

Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф (жұмыс арту, міндеттеу) қылмады.

Құдай тағала... жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды (адам баласын) жаратыпты.

Құдай тағаланың жолы деген жол – Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз) болады. Оның ниһоятына (шегіне) ешкім жетпейді. Бірақ, сол жолға жүруді өзіне шарт

қылып, кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді.

Құдай тәбәрақаның затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз.

Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселермен.

Надандық – білім – ғылымның жоқтығы, дүниеден ешбір нәрсені оларсыз білуге болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы.

Ол инанмақтының құр ғана иманмақтықпен қалса саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтылығынан пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады.

Ол (сыртқы құлшылықтар) – ғибадат күзетшісі еді.

Өзі өзгеше боламын демектің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды.

Өзін өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан (жақсылық).

Өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып, ізденер қарызды ісінің алды – әуелі, дос көбейтпек.

Пенделіктің кәмалаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып, «һу» деп тарихатқа (дін ағымына) кірсе, дүние ойран болса керек.

Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруланғанша, мәнін ұғып, ғадаләтпен тәптештеу керек.

Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құр өзiмшiлдiк – адам баласын бұзатын фiғыл.

Сахиб нығметке (Алланың бергенiне) шүкiршiлiгiң жоқ болса, әдепсiздiкпен күнәкар болмайсың ба?

Сен де ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпен сипаттанбақ: ижтиһатiң (iздeнуiңдi, ой қорытуыңды, адамгершiлiгiң) шарт етiң, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болды.

Сiздiң заһирыңыздағы (сыртқы) ғибадат – батиныңыздағы (iшкi, сыр) иманның көлеңкесi һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрiк үшiн бұйырылған.

Сыр қасиет бiтпейдi: Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықласыңа қасиет бiтедi.

Талап, ұғым махаббаттан шығады.

Хакiм, ғалым асылында бiр сөз, бiрақ ғарафта (танымда) басқалар дүр.

Хикмет құдаға (күдайдың даналығына) пенде өз ақылы жетерлiк қадiрiн (күдiретiн) ғана бiлем деген әрбiр iстiң себебiн iздеушiлерге хакiм ат қойды.

... «һай-һой» менен, мақтанменен қауымды адастырып бiтiредi.

Шәкiрлiктен (шүкiрлiктен) ғибадаттың бәри туады.

Ынсап, ұят – бұл ғадаләттен шығады.

## Абай пайдаланған аят-хадистер, ғұламалар ойы

Абай рухани қорының нәрлiлiгi ислам құндылықтарын игеруiнде.

Аталмыш «Сөзде» оларды терең мағыналарына қарай орнымен пайдаланып отырған.

Ол – төмендегі аяттар, хадистер, имани сөздер, ғұламалар ойы:

Жақсыны – жаманнан, пайдалыны пайдасыз нәрседен айыра білу («жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны» айырмақтық);

Мен Аллаға, сол сияқты, оның есімдері мен күдіретті сипаттарына сенемін («әмәнту биллаһи кәмәһуә би әсмайһи уасифатихи»);

Тәңір туралы ойлану, ойға сүңгу («тәфәккару фиғла иллаһи»);

Шынында, Құдай әділ адамдарды сүйеді («инналаһу иухиббул муқситин»);

«Ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» деген Пайғамбарымыз.

Адамдарға жақсы іс істе деп бұйырыңыз және жақсылық етіңіз, өйткені, құдай жақсылыққа тартушыларды жақсы көреді («әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсану инналаһу иухиббул муқсин»);

Сондай адамдар бар: Құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны – мәңгі жұмақта («уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун»);

Ал, адал, жақсы іс атқаратын адамдар бар: Құдай олардың жақсылығын бағалайды әрі Ол залымдарды сүймейді («Уа, әммәзина әмәну уәғәмилу салихаты фәйуәфиһим ужурәһум уаллаһу лә иухиббуз-залимин»);

Кімде-кімнің ұяты болмаса, соның иманы жоқ («мән-лә хаяун лаһу»);

Дүние – ахиреттің егіні, бұ дүниеде жасалған ізгі, игілікті істер – ақыреттің жемісі («әддүния мәзрәгәтул – ахирет»);

Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәссәләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба – и – кәрәмләрі (шәкірттері) «бұл бір жылдың бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: «оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер» деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгеруімен қағидалар өзгерілмеген білдіргені мағлұм болады;

Істе (амалда) ниет керек, яғни, ниетіне қарай амалы бағаланады («иннама-ла-ағмал бин-ниет»);

Ғұламалар: иман екеу емес, біреу, бір-ақ, ізгі тағатпен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки, сөнү қаупі бар деген;

Талап қылсаң – табасың; ізденсең – мақсатыңа жетесің («әғәрше фатлубни тәжидуни»);

Басқа да емес, оның өзі де емес («лағаиру уәлә һәу»);

Аллаяр софы: бір адамнан жүз адам жайсыз, қолайсыз деген («бір фәрдадан жүз фәрдә бижай»);

Адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрады («әлинсан ғәдду ләма жәһилғә хисап»).

Адамның жақсысы – адамға пайда келтірген, зиян жасамаған адам («хайрун нас мән ианфағунас»).

Келтірілген ойлы жолдардың әрқайсысы бір-бір кітапқа қадау-қадау тақырыптар әрі материалдар.

Жер бетіндегі адам баласының міндеті – Жаратушының берген нығметтеріне ақыл көзімен үңіліп түсіну, сипаттары мен есімдерінің қасиеттерін зерделеп, ой қабаттарына жетуге ұмтылу.

Аталмыш үзінділердің түп мәні:

ізгілікті жақсы көру, залымдықты жек көру;

адамның ізгі ниетіне қарай – сауабының болуы; екі

дүниенің тізгінін бірдей ұстау; ар-ұят пен иманның

біртұтастығын сезіну; талап, іздену – жетістікке апаратын жол екенін білу;

## Алланың сипаттары мен көркем есімдері

Абай қара сөзінде Алланың сипаттары мен көркем есімдері, иманның шарттары аталғандықтан, олардың атауларын қосымша мәлімет ретінде беруді жөн көрдік. Негіздеме: Халифа Алтайдың ыждаһаттылықпен құрастырған «Иманшарты» және Смайл Сейтбековтің түсінікті тілмен баяндаған «Иман негіздері» еңбектері.

### 1. Зәти сипаттары

«Алла тағаланың заттық сипаттары алтау;  
«үжуд» - барлық, бар болу;  
«қыдем» - ежелден бар болу, барлығының әуелі болмау;  
«бақи» - мәңгі бар болу, барлығының соңы болмау;  
«уахданиет» - бірлік, біреу ғана болу, ортағы болмау;  
«мұхалафет лил хауадис» - жаратылғандарға ұқсамау;  
«қиам бинафсиһи» - өздігінен тұру.

### 2. Субути сипаттары

«Хаят» - тірлік, бірақ, жанмен емес, өзіне тән сипатпен тірі;

«ғылым» - білу, бірақ, өзіне тән сипатымен біледі;  
«самих» - есту, бірақ, өзіне тән сипатымен естиді;  
«басар» - көру, бірақ, өзіне тән сипатымен көреді;  
«ираде» - тілеу, қалау, бірақ, өзіне тән сипатымен;  
«қүдірет» - күші жету, бірақ, өзіне тән сипатымен;  
«кәләм» - сөйлеу, бірақ өзіне тән сипатымен;  
«тақуин» - жарату, жоқтан бар ету, бірақ, өзіне тән сипатымен жаратады.



Міне, осылайша Алла тағалаға барлық сипаттарымен бірге сеніп, иман келтіру, сондай-ақ, бұл сипаттарға ортақ қоспау шарт. Ашып айтқанда, осы сипаттарға ие болған заттың аты – «Алла», ғибадат құлшылық соған ғана лайық. Сол мағбуд!

(Құранның әліппесі және иманның шарттары, Алматы: «Шапағат» қоғамы, 1992 жыл., құрастырушы Халифа Алтай.)

Жаратушының зәти, субути сипаттарын және көркем есімдерін не үшін білуіміз керек? Абай жауабы: «Ол – Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылымыш сипаттарын бірлән тағрифламсақ, бізге мағрифатулла (Алланы танып, түсіну) қиын болады.

«Түгел білуге мүмкін бе? Абай жауабы: ...мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл еріштіре алмайды»

Жаратушыға ғашықтық деп айтуға бола ма? Абай жауабы: «Құдай тәбэрәканың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек орынсыз, ... махаббатына махаббатпенен ғана елжіремекті құдаға ғашық болды дейміз».

Ауыр, күрделі таным жолы. Оны тануға, түсінуге ұмтылыстың өзі де – адамдықтың белгісі болар.

### Алланың сипаттары мен көркем есімдері

1. Аллах
2. әр-Рахим – аса қамқор
3. әр-Рахим – аса мейірімді
4. әл-Мәлік – бүкіл әлемдердің егесі, әміршісі
5. әл-Қуддус – барша кемшіліктен пәк, қасиетті

6. әс-Сәлам – жаратқандарын амандықта ұстаушы
7. әл-Мумин – жүрекке иман беруші, азаптан қорғаушы
8. әл-Мухаймин – әр уақыт өз саясына алушы, үкімнің астына алушы
9. әл-Азиз – ұлы, жеңілуі мүмкін емес жеңімпаз
10. әл-Жаббар – өзінің үкімін барша әлемге жеткізуші, қалағанын күштеп жасатушы
11. әл-Мутәкәббир – барлық нәрседе ұлылығын көрсетуші
12. әл-Халиқ – барлық нәрсені жаратушы, жоқтан жаратушы
13. әл-Бари – кемшіліксіз жаратушы
14. әл-Мұсаууир – әрбір қалаған нәрсесіне бейне беруші
15. әл-Гаффар – күнәларды кешіруші, жарылқаушы
16. әл-Қаһһар – қалаған нәрсесіне үстем болушы
17. әл-Уаһһаб – түрлі нығметтерді қайтарымыз беруші
18. әр-Раззақ – жаратылғандардың рызық-несібесін беруші
19. әл-Фаттах – хайыр есіктерін ашушы
20. әл-Алим – барлық нәрсені өте жақсы білуші
21. әл-Қабид – рухтарды алып қалушы, жан алушы
22. әл-Басит – ризықты молайтушы, өмірді ұзартушы
23. әл-Хафид – кәпірлердің беделін түсіруші
24. әр-Рафиғ – муминдерді көтеруші, жоғарлатушы
25. әл-Муиз – ұлықтаған, ізеттілік пен күш беруші
26. әл-Музил – қиыншылықпен сынаушы
27. әл-Сәмиғ – барлық нәрсені естуші
28. әл-Басир – барлық нәрсені көруші
29. әл-Хакәм – үкім беруші, жақсыны жаманнан айырушы
30. әл-Адил – әділетті

31. әл-Латиф – құлдарына Лұтуф етуші, түрлі пайдаларға кенелтуші
32. әл-Хабир – барлық нәрседен хабардар
33. әл-Халим – пенделерге жаза берерде, жұмсақ болушы
34. әл-Азим – заты мен сипаттарында өте ұлық
35. әл-Ғафур – аса кешірімді, жарылқаушы
36. әш-Шәкур – аз амалға көп сауап беруші, шүкіршілік иесі
37. әл-Алиһ – өте жоғары
38. әл-Кәбир – өте үлкен
39. әл-Хафиз – сақтаушы, бәлекеттерден қорғаушы
40. әл-Мүқит – әрбір жаратылғандардың азығын беруші
41. әл-Хасиб – әрбір пенденің ғұмырлық hareketінен есеп алушы
42. әл-Жәмил – ұлылық иесі
43. әл-Кәрим – өте жомарт
44. әр-Рақиб – барлық жаратылысты бақылаушы
45. әл-Мужиб – дұғаларды қабыл етуші
46. әл-Уасиф – ілімі мен мейірімі кең
47. әл-Хақим – хикмет иесі, бүкіл ісінің хикметі бар
48. әл-Уәдуд – ізгі құлдарын жақсы көруші
49. әл-Мәжид – беделі, аты өте жоғары және есімдері әдемі
50. әл-Бағис – өлгеннен кейін тірілтуші, пайғамбар жіберуші
51. әш-Шахид – әрбір нәрсеге куә болушы
52. әл-Хақ – бар екендігінде ешқандай өзгермеген, ақиқат, шынайы
53. әл-Уәкіл – құлдарының істерін орындаушы
54. әл-Қауи – өте күшті
55. әл-Мәтин – өте берік, күшті

56. әл-Уәли – муминдерге дос әрі көмекші
57. әл-Хамид – мақтау мен мадаққа лайық
58. әл-Мухси – әрбір нәрсенің санын білуші
59. әл-Мубди – тіршілікті жоқтан бар етуші
60. әл-Муид – жаратылғандарды өлтіріп, қайта тірілтуші
61. әл-Мухи – тірілтіп, өмір беруші
62. әл-Мумит – жанды бір мақлұқтың жанын алушы
63. әл-Хай – тірі
64. әл-Қайюм – барлық нәрсені ұстап тұрушы
65. әл-Уәжид – қалағанын қалаған уақытта табушы
66. әл-Маажид – барлық есімдерінен жоғары, ұлық пәк болған
67. әл-Уахид – затында, сипаттарында, есімдерінде жалғыз
68. әс-Самад – еш нәрсеге мұқтаж емес
69. әл-Қадир – қалаған нәрсені істеуге құдіреті жетеді
70. әл-Мұқтадир – барлық нәрсеге күші жетуші
71. әл-Муқаддим – қалаған нәрсесін қалауы бойынша бірінші кезекке қоюшы
72. әл-Муаххир – қалаған нәрсенің кейінге шегеруші
73. әл-Әууәл – бастауы болмаған
74. әл-Ахир – соңы болмаған
75. әз-Захир – бар болуы ашық болған
76. әз-Батин – заты мен болмысы жасырын болған
77. әл-Уали – әлемді жалғыз өзі басқарып, иелік етуші
78. әл-Мутәәли – нұқсандықтардан пәк
79. әл-Бәрр – құлдарына деген жақсылығы көп
80. әт-Таууаб – тәубелерді қабыл етуші
81. әл-Мунтаким – күнәні әділ түрде жазаландырушы
82. әл-Афуу – кешірімшіл
83. әр-Рауф – мейірімі көп

84. Маликул мулк – мүліктің, дүниенің шынайы егесі
85. Зул-жаләли уәл-Икрам – ұлылық пен жомарттықтың иесі
86. әл-Муқсит – әрбір істі ретімен, уақытымен жасаушы
87. әл-Жамиғ – қалаған нәрсені қалаған уақытта бір жерге жинаушы
88. әл-Ғани – өте бай, ешнәрсеге мұқтаж емес
89. әл-Муғни – қалаған пендесін бай етуші
90. әл-Мани – қалаған нәрсеге кедергі бола алушы
91. әл-Дзарр – қалағанын зиянға душар етуші
92. ән-Нафи – қалағанына көп пайда беруші
93. ән-Нур – нұрландырып, нұр беруші
94. әл-Хади – дұрыс жолға салушы, хидаят беруші
95. әл-Бадиғ – ешқандай үлгісіз, мысалсыз жаратушы
96. әл-Бақи – мәңгілік, соңы болмайтын
97. әо-Уарис – мүліктің шынайы иесі
98. әр-Рашид – жол көрсетуші
99. әс-Сабур – асқан сабыр иесі

(Смайыл Сейтбеков, Иман негіздері, Алматы, Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011)

1) Жоғарыда байқағандай келтірілген Алланың көркем есімдерінің ішінде, Абай жазған «Сәттар» (кешіруші, ара тұрушы) есімі жоқ.

2) «Сәттар» ұғымына жақын екі есім келтірілген: а) «әл-Ғаффар» - күнәларды кешіруші; ә) «әл-Ғафур» - аса кешірімді

3) Ұқсас ұғымдар: а) «әл-Муид» - тірілтуші; ә) «әл-Мухи» - тірілтіп, өмір беруші

4) Ой туады: біріншіден, кейбір есімдер қайталанып отырған жоқ па; екіншіден, барлық

есімдердің иесі – Алла, сондықтан, оны жеке «Алла» деп алу дұрыс па?

5) Абай аталған есімді қайдан алды?

Кешірім тілей отырып, ойымды айтқаным.

### Иманның жеті парызы

1. Алланың барлығына, бірлігіне сену, иман келтіру;
2. Періштелеріне сену;
3. Кітаптарына сену;
4. Пайғамбарларына сену;
5. Ақырет күніне сену;
6. Жақсылық, жамандықтың тағдырын Алладан деп сену;
7. Өлгеннен кейін, қайта тірілуге сену

(Иманшарт, Алматы, «Шапағат» қоғамы, 1992, құрастырушы – Халифа Алтай)

Кешірім сұрай отырып, толық меңгермесем де, оқығаным мен түйгенім негізінде, оқырмандармен ой бөліскім келеді.

Біріншісі – иманның жетінші парызы, яғни, «өлгеннен кейін, қайта тірілуге сену» жөнінде.

Бұл күрделі, нәзік, шетін мәселені қозғамас та едім, егер біз, әсіресе, жастар аталмыш парызды тура мағынасында түсінбесе.

Абайдың кемелді қара сөзінде айтатыны бар: Хакімдердің көбісі – Алланы таниды, яғни барлығына, бірлігіне сенеді; ал қалған алтауына – иманның алты шартына бірі күмәнді, бірі қарсы болып, түсіндіре алмайды деп. Рас сөз.

Алла тағаланың көркем есімдерінде де тірілуге қатыстылары бар: «Әл-Муид» - тірілтуші; «әл-Мухи» - тірілтiп, өмiр берушi.

Шала билетiндерiмiз тiрiлудi – денеуи (тәни) тiрiлу деп түсiнемiз.

Жанмен әрi рухани тiрiлу деген не?

Ғалымдардың көпшiлiгi тiрiлу үрдiсiне жәндiктер мен өсiмдiктердi келтiредi. Олардың қысқа қарай ұйқыға кеткенiн – өлгенi деп есептейдi, оянғанын – тiрiлдiге жатқызады. Сұрақ туады – адамдар ше?

Абай айтады:

«Өлсе, өлер табиғат – адам өлмес,  
Ол, бiздiң, қайтып келiп, ойнап күлмес,  
«Менi» мен «менiкiнiң» айырылғаны  
«Өлдi» деп ат қойыпты өңкей бiлмес».

Мiне, «менi» – жаны, сезiмi, рухы, iлiмi iзгiлiктi «менiкiсi» – тәни, нәпсi құмарлығы.

Шығыс ақындарының ұстазы Рудаки:

«В могиле мертвый мирно спит, мертвец не оживет,  
такой закон предначертал извечный небосвод» дейтiнi бар.

Қайта тiрiлудiң астарында терең сырлар, жұмбақтар жатыр, сырын тарқатып, жұмбақтарын шешуге ұмтылатын iлiмдi ойшылдарға қауым зәру.

Ендi, иманның алтыншы парызы – «Жақсының, жамандықтың тағдырын Алладан деп сену, иман келтiру» жайында бiрер сөз.

Адам қаза болды. Адам күрмеуi шешiлмес оқиғаға тап болды. Адам науқастанды, т.с.с.

Айтамыз: «тағдырдың жазғаны, маңдайына (пешенеге) жазылып қойған соң ғой, не амал» деп.

Ғұмыр – тағдыр, ал, тағдыр мың тараулы. Тағдыр таңдау жолдарынан тұрады. Тағдырды, жолдарын жаратушы – Құдай, таңдаушы – адам.

Абай сөзіне (28-ші) құлақ түретін: «жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, бірақ, қылдырған Құдай емес, ауруды жаратқан – Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейшілікті жаратқан – Құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып, ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ».

Тағы бір мысал.

Омар (р.а.) Мәдина қаласындағы бірнеше сахабаны жанына ертіп, Шамға аттанады. Ол жолда, Шамда, оба ауруының жайлап алғанын естиді. Не істеу керек? Топ екіге жарылады, бірі – тәуекел етіп, жүрейік десе, екіншісі – кері қайтайық дейді.

Омар соңғыларына қосылады.

Сонда:

-Уа, Омар, Алланың тағдырынан қаштың ба? – дейді.

Омар:

-Мен Алланың тағдырынан оның басқа бір тағдырына қашып бара жатырмын, - деп жауап береді.

Омар ойын мысалмен түсіндіреді: егер түйені шұрайлы жерге жайсақ – Алланың тағдырымен жайған боласың да, шөлді жерге жайсан, Алланың тағдырымен жайған болмайсың ба дегенді айтады.

Олардың ойының дұрыстығын Пайғамбар хадисіне де сай келеді (Қ.Жолдыбайұлы, «Имани гүл» (2011) кітабынан, сәл өзгертіп, қысқаша мазмұнын алдым – М.Т.)

Алла жаратқан тағдыр жолын, шама келгенше, дұрыс таңдау адамның, ең бастысы, аман-есен өмір сүруге, пайдалы әрекет жасауына игі ықпал етеді.



Иманның соңғы екі шартына байланысты сөз қозғауым – олардың мәнін, терең болмаса да, білуімде емес, бұл тақырып – бүгінгі күні жас ұрпаққа тануына өзекті болуында жатыр.

Ойшыл ғалымдардың ойы, дәлелді, ғибратты ақыл, пікірлер керек-ау.

Үкім айту – ең қиын нәрсе; Алла үкімі, дін үкімі, шарифат үкімінің, қауым-қоғам үнінің астарлы мәні – адамзатты, адамды рухани азудан, дүниеден жоғалудан, яғни, мезгілсіз озудан қорғау – адамзатты аман алып қалу.

Үкім дәстүрден туындайды әрі оған сүйенеді деп дін ғұламалары айтып өткен.

Қандай мәселеде болсын, ең басты шарт – басқаға залал келтірме

## Түйінсөз

Абай «Сөзі» - Абай даналығы.

Ғасырлар бойы адамзат ойшылдары жасаған ізгілікті рухани ілімнен нәр алған Абай, осы еңбегінде жалпы адамзаттық, оның ішінде, мұсылмандық таным мәселесіне жаңалығын енгізді.

Абай танымының көкжиегі кең де терең, ол:

Алланы тануға; өзін тануға; дүниені тануға қатысты.

Абай дін танушы, діни ілімді уағыздаушы емес – діни ілімді, діни танымды жалпыадамзаттық рухани ілімге, танымға үйлесімді ұластырушы.

Абай дін қағидасының, ілімінің тәпсіршісі емес, оның адамзат үшін маңызды философиялық мәнін ашушы; дін философиясын – жалпыадамзаттық өмір сүру

философиясының құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырып, пайдаланып, Хақ жолымен жүрудің қажеттігін айтуға ұмтылған батыл ойшыл.

Абай ілімінің сырын, мүмкін, болашақ хакімдеріміз толық ашатын болар.

Абай танымы – қатып қалған көзқарастар жиынтығы емес, ол – үнемі қозғалыста, тың ой жетегінде әрі кемел пайымдар жасалуында,

Оның «заман өзгеруімен, қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады» деген қағидасын әсте естен шығаруға болмайды, бірақ, сол өзгеру қағидасы не дұрыс, не қате болуы мүмкін, бұған тарих куә.

Жаратушыға қатысты: Оның шексіздігінен бастап, Оған адам істерінің ұқсауына дейінгі; өзін тануға қатысты: байлықтан бастап, жоқшылыққа дейінгі аралықты қамтып, келелі ой айтып, нақты мысалдар келтіреді.

Абай үш танымның қайсысын қозғаса да, әңгіме тақырыбы адамға келіп тіреледі, адаммен байланыстырылады. Адам жоқ жерде – ғұмырдың мәні жоқ.

Адамтану – басты тақырып, ол дегеніміз оның Жаратушыны тануға қатысы, өзін тануға қатысы және дүниені тануға қатысы. Әр танымның негізі – саналы ізгілікте, өлшемі – әділеттілікте немесе әділетті пайдалана білуінде.

Осындай игілікті ойлардан, әрекеттерден келіп, жиналып, бір арнаға тоғысып, Абай ілімі құралады.

Адам – Абай ілімінің басты арқауы десең, Абай қандай адамды қалайды? Қандай адамдық жолды ұстануды ұсынды?

Абай «Сөзіне» терең үңіліп зерделесек, жауапты содан табамыз, ол:

ғадалет – рафғатты адам;  
 жәуәнмәртті адам;  
 айналымға енген «толық адам» немесе жұрттың көп  
 қолданатыны – «кемел адам»;  
 кәміл мұсылман, иманды адам;  
 ғылымды адам;  
 арлы адам; ынсапты, ұятты адам;  
 сау ақылды адам;  
 ізгілікті адам;  
 парасатты адам;  
 адал кәсіпті адам;  
 орта жолды ұстанушы – қалыпты адам;  
 жалпы айтсақ, Жаратушыға жақындап, кемел адам  
 жолын ұстануға ұмтылуға жетелейді.

Абай ілімінің сырын ашу үшін, аталмыш қасиеттердің қайсысына басымдық беру қажет? Бәрі де, бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінен бірі туындайды, бірі бірінің мәнін толықтырып, нұрландыра түседі.

Осы жерде Абайдың: «Біз Алла тағала бар «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демелік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз» дегеніне жүгінген дұрыс.

Яғни, аталмыш атаулар – мағыналы сөз айналымдары – Абай ілімінің тиянағы үшін қолданылғандар, оны ашу үшін пайдаланылған танымдық ұғымдар. Танымдық арналар – көп, ілім – біреу; ол – Абай ілімі.

Абай ілімі – Абай тағлымы жайында талай ғалымдар, зерттеушілер жазды да, жазылуда да. Әлі де зерттелер жазылар. Әр заман, әр ұрпақ ойын айтар, заман тұрғысынан байыптар. Бірақ, ақиқат біреу – ол Абай ілімінің сыры ашылған сайын, ол құлпыра түспек, ұрпаққа рухани қазына болмақ.

Абай ілімі – адамзаттың рухани мұрасына ислам әлемінің тұнығымен құйылған қазына.

Абай «Сөзі» - шынарлы да тамырлы, алып Ескерткіш.

Абай «Сөзі» - «жүректің көзі ашылып, Хақтың сәулесі түсуіне» жол ашады.

Иә, бұл «Сөзден» не ғибрат алдық?!

## 2-тарау

### Нақыл сөздері

## Алғысөз немесе Абай афоризмдерінің мәні хақында

«Абайдың әрбір сөзі-нақыл» - бұл халқымыздың көкейіне әбден орныққан ұғым.

Себебі – Абай қандай мәселені айтпасын, ойын түсінікті, бейнелі әрі қысқа да нұсқа жеткізеді. Оқығандар да, естігендер де зердесіне жеңіл сақтайды. Оңай көрінгенімен, терең де сырлы ойға жетелейді.

Абай афоризмдерінің аясы кең, мағыналы әрі сырлы: адамзаттың көкейтесті мәселесінен бастап, пенденің қарақан басына қатысты шаруаға дейін көтеріп, бір ауыз сөзге сиғызып отырады.

Ұлы ойшыл «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» дей отырып, баласы – ұрпағын да, жақынын да және халқы – қазағын да жақсы көреді. Келешек ұрпағының болашағына кәміл сеніп, Даналық кітабын (**«Отыз сегізінші сөзін»**) рухани Ескерткіш ретінде қалдырды. Перзентін, отбасын, жақынын әрі елін жақсы көру жолы – адамзатты сүю жолына бастайды және апарды.

**«Махаббатпен жаратқан адамзатты,**

**Сүй де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.**

**Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,**

**Және хақ жолы осы деп әділетті»,** бұл кестелі, ойлы жолдар – адамзат тарихы сахнасының төріне іліп, жазып қоятын сөздер. Алланы сүймесек, түсінбесек – Оның жолын ұғыну, сүю мүмкін емес; Оның жолын сүймесек – адамзатты шынайы сүйе алмаймыз; адамзатты сүймеу, құрметтемеу – еліңнің, халқыңның, жалғыз қалған адам іспетті, оқшауланып, дамуының тежелуіне соғады.

Аталмыш жолдар – өмір сүру қағидасы, өркениетті өміршендіктің алғышарты. Адамзатты сүю – қазіргі алаулы

замандағы ең өзекті мәселе һәм кемеңгердің пайымына құлақ асу – адамзатты рухани жоғалудан, болмаса, жұтандаудан, денеуи опаттан сақтанудың жолы.

Адам деген атқа адал болуды, әуелі, әкенің емес, адамның баласы болуға үндеуі – әрбір пендеге ұлы жауапкершілікті сезінуді жүктейді. Халқына арналған:

**«Бірінді, қазақ, бірін дос**

**Көрмесен, істің бәрі бос»,** «Әкесінің баласы-дұшпаның, Адамның баласы-бауырың» өсиетті сөздері мешіттің мұнарасынан шыққан сырлы, әуезді құрани үнді еске салады; «ажырамаңдар», «біріңдер», «бірінді бірін жақсы көріңдер» деп үн қатады.

«Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» ауыр сыны – ыдырау мен іштей іруге, ақырында, жоғалу мен құрдымға апару өз ішкі дүниемізден, ішкі қастасудан басталатынын айғақтап тұр. Алауыздық, іштей талас-тартыс, кикілжің, орынсыз сыртқа еліктеу талай мемлекеттер мен ұлттардың жойылуына немесе әлсіреуіне әкеліп соққанына – тарих куә.

Қазақ халқын ел ретінде, ұлт ретінде тарихтың ауыр сындарынан аман алып қалған факторлардың ішіндегі ең құндысы – оның имандылығында, қажетті кезінде артын ойлап, заман ағымына мойынұсынып, әділетсіздікті сезгенде қаруын алып, өткір тілін безеп, жанын пида етіп, бас біріктіріп, қарсы шығып көрсеткен ерлігінде, аrojданының беріктігінде әрі болашаққа деген сенімінде.

Иман дегеніміз Алланы сүю, Оның жолын сүю әрі адамзатты сүю-имани гүлді солдырмау, имани нұрды сөндірмеу. Алланы сүюдің шарты – Оған сондай сүйіспеншілікпен жауап беру; Оның жолын сүюдің шарты – әділеттілік, ізгілік, ар-ұждан жолымен жүру; адамзатты сүюдің шарты – мейірім, рақым әрі төзімділік, өзара сыйластық және сенім жолымен жүру.

Имандылық – ұлы хакім шығармасында ғаламдық мәселе, оған жетудің күрделі соқпақтары, жартасты жерлері бар.

Ұлы ойшыл айтқан «Мен»-ге жету үшін, бекіту үшін, кемелдену үшін не қажет? «Ақыл, қайрат, жүрек» - міне, сенімді тетіктер әрі мықты рухани қарулар, ақылманның «Үйірімен үш тоғызының» бірі.

«Жүректің суаты – ақыл», «Ғылым мен ақылдың сауыты – мінез», қастерлі егіз-ғылым мен сезім бар жерде, адамның ішкі әлемінің шамы – жан қуаты екі дүниеде де жарқырап, нұрын шашып тұратын болады.

Абайдың осы асылдардың ішінде ерекше көңіл бөлетіні «шын көңіл», жүрек жылуы мен сезімі, яғни, ішкі дүниенің қабылдауына қатысты ой толғанысы. **«Ақыл мен хауас барлығын Білмейдүр, жүрек сезедүр.**

**Мүтәкәллимін, мантикин**

**Бекер босқа ездүр»** күрделі философиялық пайымын қарапайым тілмен айтсақ, қысқаша баяны былайша зерттеушілер сан түрлі, ұтымды мысалдармен түсіндіріп жүрсе де – сөйлетіп көрейік.

Бір нәрсені алайық: белгілі, оны көзбен көреміз, құлақпен естиміз, мұрынмен иіскейміз, тілмен татимыз, қолмен ұстаймыз – қажеттілігіне қарай; яғни, сыртқы сезім мүшелерімізді қостық, пайдаландық – нәрсенің мәніне жете алдық па, әрине, жоқ, болмаса, жеткіліксіз; енді, мәніне жету үшін ішкі көзге көрінбейтін сезімдерімізді қосамыз: нәрсенің сырына, астарына үңілеміз, ой түйеміз.

Айтайық: жасыл желек жамылып тұрған, болмаса, жапырақтары сарғая бастаған ағаштарды көреміз әрі тамашалаймыз; ал, сыртқы сезімді қосу арқылы оның бойындағы нәрді ішіп, бүлдіре бастаған құртты көреміз бе?

Енді, бір қоғамдық немесе табиғат құбылысын алайық: ақыл-ой иелері қарастырады, талдайды, зерделейді әрі қорытынды жасайды. ойлары қисынды, есептері мығым, дәлелдері айқын - бәрі дұрыс секілді, алайда, бір нәрсе жетіспей тұр; құбылыс жүрек қалауына, ішкі жан дүниенің қалыбына жауап бере алмағандай.

Қоғамдық өзгерістің (төңкерістің немесе қоғамдар алмасуы) жаңалығы насихатталады, келешекте олардың асулары – жетістіктері (іске асырылуы әлі күмәнді) баяндалады, бірақ, алды-артын ойлайтын адам, көкірек көзі ашық пенде ертеңгісін ойлайды: «ақыры немен тынар екен, жемісін әділетті пайдалана алар ма екен» деп, яғни, құбылыстың ғадалетті-рафғатты болмайтынын жүрегі сезеді.

Нақтылай түсейік: алғашқыда қарудың ең үлкен жетістігі – садақ болды. Ол, бір жағынан, асырады, адамға ішіпжем мәселесін шешуге көмектесті. Бара-бара, қару түрлері өзгерді, күрделенді. Садақтан басталған қару атом бомбасына айналып, адамзатқа қатер төндірді. Мәңгілік сұрақтар, үміті мен күмәні аралас дүниелер. бәрі жиналып, жүрек сезіміне, сол жүректің лүпілдеген тағдырлы қағысына жауап бере ала ма, сай келе ме?! Сенейік, себебі, адамдарда Абай айтқан қасиеттер бар да: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Жер бетіндегі қалыпты тіршіліктің сақталуы – жан қуаты мен тән қуатының нәтижесі, әрекеттерінің жемісі. Жан қуаты мен тән қуаты – адам бойындағы құдірет, бұл Абайдың пайымы.

Жан қуаты деген не? Тән қуаты деген не? Нәтижелерінің көрінісі қалай білінеді?

Тән қуатының табатындары – дәулет, дүние-мүлік.

Жан қуатының нәтижелері – ақыл, ғылым, ізгі істер.



Ойшылдар жан мен тән мәселесіне, пікір-талас элементіндегі сана мен материя мәселесі секілді, әрқайсысына жеке дербестік беріп те, бірінің басымдылығын – алғашқылығын дәлелдеген болып әрі бірін бірімен байланыстырып та қарастырады. Қашан болары белгісіз шешімі табылғанша, ашық пікір алмасу жалғаса бермек. Асылы, бәлкі, жан қуаты мен тән қуатының: бірінің – мәңгілігін, екіншісінің – өтпелілігін қарастырумен бірге, олардың бірлігін, мәңгілік азықтың бүгінгі адамзат жасаған қазынадан нәр алып, нұрланатынын айту абзал болар.

Өтпелі дүниенің қазынасы - мәңгілік дүниенің мұрасы. Бұл дүние – о дүниенің егіндігі – ұлы ойшылдың келтірген имани пайымдарының бірі.

Абай жан қуаты мен тән қуатын, көп жағдайда, бірлестіріп, байланыстыра қарастырады. Ал, адам бойындағы қайрат қайсысына жатады? Жолыңдағы кедергі болып жатқан аса ауыр қара тасты көтеріп, аударып тастасаң – тән қуатың; залым патшаның арам пиғылын немесе заманның кеселін батыра айта алсаң, болмаса, нәпсінді тиып, залалды нәрседен құтылсаң – жан қуатың

Ақыл мен қайрат – пайда мен залалды айыратын екі мықты қуат, бұл кемегердің пікірі.

Ұлы ойшыл орыс тілінен алынған үш қуатқа (қандай еңбектен алды екен) ерекше мән береді: «подвижной элемент», «сила притягательная однородного» және «впечатлительность сердца».

Енді, осы ұғымдардың тікелей аудармасын әрі Абай баянына назар салып, басшылыққа алып, қарастырып көрейік, іске қосайық.

«Подвижной элемент» - «қозғалысты іске қосатын тетік», мәні:

естіген, көрген, білген, оқылған нәрсені тездікпен ұғу;  
оның қайдан шыққанын білу;

мәнін, нәтижесін тез аңғару, болжамдау үшін ақылды іске қосу; керекті уақытында ойлау, істеу және айту, яғни, мәңгілік өкінішке ұрынбау.

Түйіні: «Подвижной-элемент» дегеніміз әрбір нәрсенің алды-артын, анық-қанығын, пайдасын-залалын айыра алатын алғыр ақылдың үнемі қозғалысын қамтамасыз ететін қару (тетік).

2. «Сила притягательная однородного» - бір мәндестер (тектес, бірдей) қуатының (күшінің) тартымдылығы, мәні: ұқсас жерлерін тексеру, білу;

білмегенін, түсінбегенін байыз таппай білу, түсіну; пайдасын алу, иемдену.

Түйіні: әрбір мәндес нәрселердің мағынасы – өзегін салыстыру, іздену арқылы пайдалысын табу – айтылмыш «сила притягательная однородного».

3. «Впечатлительность сердца» - «жүрек сезімталдығы», мәні: Жүректі (ішкі жан дүниені) кеселдерден – мақтаншақтықтан, дүниеқоңыздықтан («пайдакүнемдіктен»), жеңілтектіктен («жеңілдіктен»), салғырттықтан сақтау, кірлетпеу.

Нәтижесі: сақталса – «сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті анық рәушан болып түседі»; сақталмаса – «жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күнгірт көрсетеді; онда, «оңды (дұрыс) ұғым болмайды».

Түйіні: «впечатлительность сердца» - жүрек тазалығын ауыр, зиянды кеселдерден сақтау, жансарайдың саулығын қорғау. Осындай айтылған аса салмақты, парызды адами жүктерді алып жүру үшін, сақтау үшін жан қуаты да, тән қуаты да шынығып әрі дамып отыруға мұқтаж. Жолы, ұлы кемеңгердің айтуынша, - екі қаруды пайдалану: есту, көру,

оқу, зерделеу, ғибраттану, пікір алмасу, ой қорыту («мұлаһаза») – бұл біріншісі; жоғарыда айтылғандарды іштей қайталап, пысықтап отыру, көңіл түкпіріне ұялату, бекіту (мұһафаза) – екіншісі. Әрі төрт кеселді нәрседен сақ болу, олар: уайымсыз салғырттық, ойыншыл-күлкішілдік, қайғыға салыну, бір нәрсеге орынсыз құмар болу. Сақталмаса, ақыл да, ғылым да тозады – міне, ұлы данышпанның ақыл-кеңесі.

«Бәрінің де өлшеуі бар...» деп, «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген ескі даналық ойды келтіреді.

Жан мен тән мәселесін үйлестіре қарау, үндестіре жүйелеп пайым жасау – заман талабы, тыныш әрі жасампаз өмір сүрудің рухани кепілдігі. Сонда ғана, ұлы істер, асқақ сезімдер, кемел ойлар, ең биік адами қасиеттер «Мен»-ге әрі «Жан»-ға айналар еді.

Адамзат ажырасу, араздасу заманы емес, ымыраласу, достасу дәуіріне аяқ басуы қажет.

Абайдың адам баласының жан қуаты мен тән қуатына, жалпы айтқанда, жаратылысына үңілуі әрі оны зерделеуі – оның Жаратушының затын, сөзін жанымен де, тәнімен де түсінгендіктен, оған деген махаббатынан туындап отыр. Жаратушының заты дегеніміз – ол Оның зәти, субути сипаттары мен көркем есімдері.

Бұл жөнінде «Даналық кітабы жайында Ой» еңбегімде баяндағандықтан, қысқаша айтарым: Жаратушыны тануда, оның затының мәнін ашуда Абай жаңашылдық танытты әрі ізгі пікірлерін батыл айтып, енгізді. Ұлы ойшыл оны көмескі ғайыптан алып шығып, адам баласының таным көкжиегіне жақындатты; сонымен қатар Оны тануға, Оған жақындауға пенденің өлшеулі болса да, мүмкіндігіне шек қоймады, тиып тастамады. Діни философия – жалпы адамзаттық

философияның рухани бұлақ көздерінің бірі екендігіне көзімізді жеткізді. Абайдың жаңашыл көзқарастары – ескі схоластикалық пікірлерге соққы.

Абай өмір атты тамырдың лүпілін – тынысын білген әрі бәрінің өтпелі, өзгермелі екені ақылмен сезген ойшыл. ол дүниенің даму заңын - диалектикасын түсінген ғұлама.

Пайғамбарымыздың айтқан сөзіне сүйене отырып әрі оны ғибрат-сабақ ретінде қабылдап, «замана өзгеруімен қағидалардың өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады» деген ой тұжырымы, немесе, «Дүние-үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын-ағалар, артық толқын-інілер, кезекпен өлінер, баяғыдай көрінер» пайымдары – осыған дәлел.

Түпкі мән өзгермесе де, замана өзгеруімен оны тану, зерделеу, өмір сүруге лайықты пайдалану ғылымы үнемі қозғалыста, жаңа тұрпатты, парасатты пайымдар аясында болады.

Абай өзінің ғұмырында тынбай қозғаған әрі қаузаған тақырыбы – мәңгілік таным ұғымы әрі өлшемі – ғылым мен оны (жемісін) ғаделетті пайдалану («ғадалет – рафғат») тандемі.

Жаратушының Ғылым, Құдірет сипаттарынан «Ғылымды Құдірет» ұғымын енгізуінде жаңалықтың сыры бар. «Ғылым сол үшеуінің жөнін біледі» деген даналық ой қорытындысы да мағыналы әрі саналы пайым. «Үшеуі» деп отырғаны – ақыл, қайрат, жүрек – бір жағынан; ақыл, ашу, күлкі – екінші жағынан; пайда, мақтан, әуеской – үшінші жағынан; тағы басқа кеселдер...

Ғұламаның адам баласының күнделікті, қалыпты өмір сүре білу тіршілігін, «дүние ғылымы» деп атайтыны бар.

Абай ғылымының мәні – барша ғаламдық болмыстың, құбылыстың сырларын ғылым жолымен тану, ашу әрі оның

жетістіктерін – жемісін әділет жолымен пайдалану. Әлемде, адам өмірінде, әрбір пенденің ойында, сөзінде, ісінде әділет ғылымының өлшемі – ғаделет-рафғат орын алса, сол жерде ар, намыс та, ұят пен ізгілік те орнығып, парасатты адамзат атты сарай (қоғам, мемлекет, жаһанды әлеумет) тұрғызылады.

Бұл дегеніміз – нәзік әрі шетін тіршілік дүниесінің амандығы, бақытты өмір сүруінің кепілдігі, алғышартты.

Абайдың «Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғлының мінездері туралы біраз сөз жазып, ядкар (Ескерткіш) қалдырайын» деп, ең сырлы «Отыз сегізінші сөзін» бастайтыны бар. Бұлай бастауы тегін емес; ұлы ойшылдың сөзі де, ойы да, әрекеті де адамның адамдығын, ішкі дүниесінің байлығын сақтауға арналған.

Иә, әрбір адам – тұлға, оның тұлғалық қасиеттері мінезінен, іс-әрекеттерінен көрінеді. Бар мәселенің шешілуі адамға келіп тіреледі, тарихи миссияны атқару тұлғаларға жүктеледі. Кемеңгер Абай парасатты адамдарды, оның ішінде, әділ, қайырымды әрі көшбасшылық қасиеттерге ие тұлғалардың ел-жер тағдырында жұртты жұмылдырып және ұйытып, аталы да баталы іске бастауын жоғары бағалайды.

«Единица – жақсысы,  
 Ерген елі – бейне көл,  
 Единица нөлсіз-ақ, Өз  
 басындық болар сол.  
 Единица кеткенде, Не  
 болады өңкей нөл?  
 Берекеңді қашырма,  
 Ел тыныш болса, жақсы сол  
 Рас сөзге таласып,

Ақжем болма, жаным, кел!» - тұлғатанудың сөлі осы жолдарда айқындалып тұр емес пе, «единицасы» - халқы сенген, елінің мұң-мұқтажын жоқтаушы, айбынды да айдарлы ел басылары, топ басылары, кешегі билер мен батырлар, бүгінгі зиялы қауымның таңдаулы өкілдері.

Артынан халқы ерсе, бірін-бірі түсініп, әрекет етсе-берекенің, тыныштықтың әрі игіліктің орнағаны.

«Ат аталып, аруақ шақырлығын жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен»..., «жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәліге жолығар» деп.

Мұндай мінез «арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді» - міне осылайша, халық жоқшысы елді ізгілікке және ынтымаққа шақырады, жол сілтейді.

Абай, сонымен қатар, адам баласының мінезіндегі келеңсіз қасиеттерді жанға батыра айтты.

«Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылып берсең де, разы болмас» дегені – қанағаты жоқ адамға бағытталғаны емес пе; жақсының кеңдігін, қанағатшылдығын паш еткені емес пе?

Ұлы сыншы адам мінезінің тұрақсыздығын, жалтақтығын әрі өз жақсымыздың қадірін білмейтіндікті қынжыла отырып, жылап айтқандай болады.

«Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?», «Біреуді досым деп, ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп, бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?», «Жаттың бір тәуір кісің көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?» осы айтылған жәйттер бүгін де орын алып отырған жоқ па, осындай адамдар арамызда жүрген жоқ па?!

«Айта берсе, сөз көп» дегендей, бұл мысалды мемлекетаралық қатынастарға да тіркеуге болады. Бір алып

мемлекеттің (империяның) алдап-сулап берген шамалы, күмәнді «көмегі» үшін негізгі, тарихи серіктес, бауырлас, діндес ел екенін естен шығаратын «куыршақ» жұрттар бар емес пе? Қоғам өміріндегі, адам өміріндегі мұндай жағдаяттардың орын алмауы үшін нені естен шығармау керек, кімнің ақылын тыңдау керек?

Бұл жалпыадамзаттық сұраққа Абай сөзімен ұялмай жауап беруге болады:

**«Досыңа достық – қарыз іс,**

**Дұшпаныңа әділ бол.**

**Асығыс түбі – өкініш,**

**Ойланып алмақ – сабыр сол,** мәні түсінікті: досыңа адал болу, қарызын қайтару, ең құрымаса, жамандық жасамау; дұшпаныңды жеңіп, таптап жатсаң да, шектен шықпау, бағалай білу, әділ болу; асықпау, сабыр сақтап, ойланушешім қабылдау – міне, Абайдың патшаға да, қарашаға да әрі мықтыларға да, әлсіздерге де есті ескерту сөзі.

«Қайтып келер есікті Қатты серіппе, жарқын-ау!

Жетілсең де, жетсең де, Керек күні бір бар-ау» - Үйдің есігін ғана емес, еліңнің есігін – табалдырығын, әлемнің жақсылығын бағалай біл дегені.

Жалғыздық, әрине, жараспайды; «бақытты бол, жақсы бол» деп бәрі тілейді; ақыры адамның өзіне келіп тіреледі.

**«Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас.**

**Қайғысыздан сақ бол,**

**Қайғылыға жақ бол»** немесе «Бағың өскенше, тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің; бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің» деуі – өмірдің шындығы, өнегелі сөздің атасы емес пе?

Абай қамтымаған өмір тақырыбы кемде-кем, мұнда бір парасы ғана айтылып отыр.

Енді Абай афоризмдерін кітапқа еңгізілуі және орналастырылуы жөнінде бірер сөз.

Басында айтқанымыздай, «Абайдың әрбір сөзі - мақал, мәтел» десек те, ішінен біразы іріктеліп алынды.

Нақыл сөздер әліпби бойынша орналастырылды, бір жағынан, олар неге тақырыбына сәйкес берілмеді деген сұрақтың туатыны заңды. Бірақ, кейбір даналық сөздерде бірнеше тақырып, яғни бірнеше мәселе қамтылатыны бар. Сонымен қатар, тек қанатты ойлардан тұратын тұтас беттер бар. Мысалы ойшылдың «Отыз жетінші сөзі» мен «Қырқыншы сөзі» бүтіндей – басынан аяғына дейін – өнегелі сөздерден құрылады; сол қалпында берілетін болса, оқырмандарды мәтінді қайтадан толығымен көру – жалықтыруы мүмкін, сондықтан, әрбір нақыл сөз әліпби бойынша берілді (бірақ-ақ, қатаң әліпби тәртібінде емес – кешірім сұраймын).

Бұл да қызығушылық, тартымдылық тудырудың бір тәсілі. Көптеген аталы сөздер тұтас бір мәтіннің, шумақтың, не ұзақ жолдардың ішінен бөлініп алынды. Халық аузындағы «болмасаң да, ұқсап бак», «адамның бір қызығы бала деген», «махаббат қызық мол жылдар» ойлы тіркестері сондай жағдайда кесіп алынған дүниелер.

Кейбір ғибратты ойлар, сөздер белгілі бір тақырыпқа-мәселеге байланысты айтылса да, өмірдің барлық болмысында пайдалануға болады, мысалы: «шала мейір шала байқайды», «ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартарсың» - деген секілді.

Абай афоризмдері мағынасының тереңдігі жағынан әлем ойшылдарының нақыл сөздерінен кем түспейді.

Бірақ, өкінішке орай, Абайдың философиялық пайымдары асыл ойлар мен сөздер төрінен өзінің лайықты орнын ала алмай келе жатқандай көрінеді.



Әлемдік тілдердің бірі – орыс тілінде жарық көрген афоризмдер жинағына назар салайық:

«В мире мудрых мыслей» (1962) жинағында – Абай нақылдары (үшеу) – үш жерде беріледі, «Афоризмдер» кітабында (2006) – мүлдем жоқ, «Энциклопедия мудрости» (2008) толыққанды еңбекте сол жағдай – жоқ. Соңғы аталмыш кітапта Шығыс ойшылдарының (Рудаки, Фирдоуси, Жәми т.б.) нақыл сөздері енген: барлығы 15 ойшылдың 235 нақыл сөзі – бұл аз емес.

Ал, Абайдың, болмаса, «екінші ұстаз» әл-Фарабидің бірде-бір сөзі жоқ; қайта «жүнін күнде жұлып, түгі қалмаған сорлы» кеңестік кезеңде мардымсыз болса да – берілген.

Себеп неден:

біріншіден, аударманың сапасыздығынан; екіншіден, насихаттың пәрменсіздігінен; үшіншіден, аудармашы немесе құрастырушылар тарапынан ықластың жоқтығынан.

Әуелі, өз тілімізді жайнатып, артынан әлемнің жетекші бес-алты тіліне сапалы аударылса, асыл сөз бен терең ой артқан көлік дөңгелегі әрі қарай өзінен өзі, өз екпінімен зырылдар еді.

Абай афоризмдерін шығарудағы мақсат – керекті сөздерді, қиындығы жоқ болып көрінетін ойлы сөз орамдарын көшіріп алып ұсынуда емес, берілген сөздердің сырына, тереңіне, қатпарына үңілу, зерделеу арқылы ой туғызу, сананы жаңғырту.

Абайдың асыл сөздері, ойлары мен нақылдары – оның қазыналы мұрасын асқақтатып тұратын алтын діңгегі.

Ұлы ойшыл афоризмдерінің аясы кеңейіп, молыға түсіп, зерттеу әрі танымдық нысанға айналатыны – шындық.

«Жә, бұл сөзден не ғибрәтләндік?» - Абай сұрағы, мәңгілік сұрақ.

Жауабы – бізден әрі сізден.

## Абайдың – нақыл сөздері

### А

Адамның бір қызығы - бала деген.

\*\*\* Ақыл мен

жан - мен өзім, тән - менікі, «Мені» мен

«менікінің» мағынасы - екі. «Мен»

өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

\*\*\*

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,

Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

\*\*\*

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек,

Таразы да, қазы да өз бойында,

Наданның сүйенгені - көп пен дүрмек.

\*\*\* Ант

ішіп, күнде берген жаны құрсын,

Арын сатып, тіленген малы құрсын.

\*\*\*

Адасқанның алды - жөн, арты - соқпақ,

Оларға жөн, арамның сөзін ұқпақ.

\*\*\*

Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,  
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық.

\*\*\*

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас, болса зерек,

\*\*\*

Арғын, найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме. Қайран  
сөзім қор болды Тобықтының  
езіне.

\*\*\*

Ақсақалды ауыл азар ма?

\*\*\*

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.  
Моласындай бақсысың  
Жалғыз қалдым - тап шыным.

\*\*\*

Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар Өтірік  
пен өсекке  
Бәйге атындай аңқылдар.

\*\*\*

Атамыз бар,  
Молдамыз бар,  
Айтқанына көнбедік.  
Арт жағында

\*\*\*

Біз саған зар  
Боламыз деп білмедік.  
Ақыл бітпес дәулетке,  
Дәулет бітпес келбетке

\*\*\*

Арсыз болмай, атақ жоқ,  
Алдамшы болмай, бақ қайда?

\*\*\*

Алдың - жар, артың - мұз,  
Барар едің қай жаққа?

\*\*\* Алла

мінсіз әуелден, пайғамбар хақ.  
Мүмин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.  
Құран рас, Алланың сөзі дүр ол, Тәуилін  
білерлік ғылымың шақ.

\*\*\*

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға.

\*\*\* Асаған,

ұрттағанға ез жұбанар, Сенімді дәулет  
емес сен қуанар. Еңбек қылмай тапқан  
мал дәулет болмас, Қардың суы секілді  
тез суалар.

\*\*\*

... ақын белін буынып, Алды  
– артына қаранар. Дүние кірін  
жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.

\*\*\*

\*\*\*

Адам ғапыл дүниені дер менікі,  
Менікі деп жүргенің бәрі оныкі,  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда,  
ойла, болады не сенікі?  
Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр, жүрек сезедүр  
Мүтәкәллимин мантикин  
Бекер босқа ездүр.

\*\*\*

Ақылмен ойлап, білген сөз  
Бойына жұқпас, сырғанар.  
Бінталы жүрек сезген сөз Бар  
тамырды қуалар.

\*\*\* Алды

үміт, арты өкініш алдамшы өмір,  
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?

\*\*\*

Алтын қайда, сөз қайда?  
Қу нәпсіден не пайда?

\*\*\*

Атымды адам қойған соң,  
Қайтып надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып, оңайын?

\*\*\*

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,  
Не қызық бар өмірде онан басқа?!  
\*\*\*

Ауыр ойды көтеріп, ауырған жан,

Қайғы, қасірет жүзіне белгі салған;  
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ,  
Сенің де басың имек жерге таман.

\*\*\*

Ақы беріп тыңдатқан Сөз  
көкейге қонар ма? Құлағын  
сатқан, тәңрі атқан Оңдырар  
ма, оңа ма?

Адамзатқа не керек:  
Сүймек, сезбек, кейімек,  
Харекет қылмақ, жүгірмек  
Ақылмен ойлап, сөйлемек.

\*\*\*

Алланың өзі де рас, сөзі де рас.  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөзі айрылмас.

\*\*\*

Азат басың болсын құл,  
Қолдан келмес іске ұмтыл.

\*\*\*

Атам, анам, қара жер, Сен  
аша бер қойнынды. Сенен  
басқа еш жерден  
Таба алмадын орнымды.

\*\*\*

Ақылға, өмірге де адам кенде.  
Өлмес өмір, қайрат, күш - бәрі менде Күніне  
жүз қуанып, күліп жүрген  
Осы адам уайымсыз не еткен бенде?

---

\*\*\*

\*\*\*

Ағайынға іс түспек  
Ол - бір үлкен қарғыс қой. Аларың  
сонда ең күштеп -  
«Бишара» мен «байғұс» қой.

\*\*\*

Адам

баласы жылап туады, кейіп өледі.

\*\*\*

Ахирет үшін бала тілегенің балам жасында өлсін  
дегенің.

Адам баласын артық көріп, қамын әуелден өзі ойлап

жасаған...

Енді, адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмайма?

\*\*\*

Адам еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.

\*\*\*

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

\*\*\*

Адам баласына адам баласының бәрі дос.

Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің - бәрі бірдей; ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұрауың - бірдей; екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауып, екі дүниенің жақсылығына рахатың - бәрі бірдей екен.

\*\*\*

Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

\*\*\*

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

\*\*\*

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.

Егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

\*\*\*

Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ - дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ.



\*\*\*

Адасқан күшік секілді

\*\*\*

Адамшылықтың алды - махаббат, ғаделет, сезім.  
Бұлардың керек емес жері жоқ, келіспейтұғын жері жоқ.  
Ол - жаратқан Тәңірінің ісі.

\*\*\* Алла

ішімді айтқызбай біледі, ойла,  
Бендесіне қастықпен кінә қойма.  
Распен таласпа, мүмин болсаң,  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма.

\*\*\*

Артын тіле құдайдан

\*\*\*

Алла тағала қалайтұған қалыбыңа, боямасыз ықласыңа  
қасиет бітеді.

\*\*\*

Аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз  
де ел қатарына кірер едік:

Әуелі - ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер  
болады екен.

Көш - қонды болса, дау - жанжалды болса, билік  
соларда болады екен,

Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен  
жүре береді екен.

Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе,  
халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды  
екен.

Екінші - намысқор келеді екен.

Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе,  
араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен.

Бұлар арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді.

Бұлардан айрылды.

Ендігілердің достығы - бейіл емес, алдау; дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

\*\*\*

Ахирет үшін бала тілегенің - балам жасында өлсін дегенің.

Егер де ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқараралық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап, өсірмек пе екен?

\*\*\*

Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиіп алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық, осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

\*\*\*

Адам баласына өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ - кербездің ісі.

\*\*\*

Ақылдылар, арлылар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін; жаман дегізбесем екен деп азаптанады.

Мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді.

Бай десін, батыр десін. Қу десін, пысық десін, әрдайым не болса да, «дейін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді.

\*\*\*

Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол.

\*\*\*

Ақ көңілді жақсыдан Аянбай  
салыс ортаға.  
Ақылы, ары тапшыдан  
Қу сөзін алма қолқаға.

\*\*\*

Ары кеткен алдағыш, Мені-ақ  
алда, сөкпейін. Балы тамған  
жас қамыс, Ормасаңшы  
көктейін!

\*\*\*

Алла деген сөз жеңіл, Аллаға  
ауыз қол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі хаққа жол емес

\*\*\*

Адалдан тапқан тиынды Сал  
да, сақта қапшықта.

\*\*\* АҚЫЛ

да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап,  
қайнап, бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

\*\*\*

Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер.

\*\*\*

Адал бол - бай тап, Адам  
бол - мал тап,  
Қуансаң қуан сол кезде.

\*\*\*

Антпен тарқайды, Жиылса  
кеңеске. Ор қазып байқайды,  
Туа жау емеске.

\*\*\*

Ауру жүрек ақырын соғады жай, Өз  
дертін тығып ішке білдіре алмай.  
Кейде ыстық тағы да қан басады, Кейде бір сәт  
тыншығар үн шығармай.

\*\*\*

Ата-анаға көз қуаныш  
Алдына алған еркесі.  
Көкірегіне көп жұбаныш,  
Гүлденіп, ой өлкесі.

\*\*\*

Адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен.  
Мұның табылмақтығына себептер хауас сәлим (өзіндік,  
дұрыс қасиет, өзіне тән мінез-құлық) һәм тән саулық.

\*\*\*

Алла тағала өзі - хақиқат, растықтың жолы. Қиянат -  
хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы  
шақыртқанда, дос келе ме?

\*\*\*

Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар  
болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықпенен  
табылады.

\*\*\*

Ат шаба алмас - мініменен

\*\*\*

Амалдап қарағайды талға жалғап,

Әркім жүр алар жердің ебін қолдап  
 Мақтан қуған, мал құмар нені ұға алсын,  
 Шықпаса, мыңнан біреу талғап-талғап.

\*\*\*

Алса да, аяншақтау кедей сорлы,  
 Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны

\*\*\*

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
 Сонда, толық боласың елден бөлек. Жеке-  
 жеке біреуі жарытпайды,  
 Жол да жоқ «жарыместі» жақсы демек.

\*\*\*

Асыл адам айнымас, Бір  
 бетінен қайрылмас.

\*\*\*

Аямай жанын дос ерер,  
 Жолдастықты ақтаса.  
 Алдында айдап кім келер,  
 Ерінбей жүріп бақпаса.

\*\*\*

Айтуға білсе, ерінбес,  
 Надандықпен жеңілмес.  
 Білген кісі айтса, оған, Надандығы  
 кемімес.

\*\*\*

Алла берген арманға.  
 Аһ ұрсам, болмас алданыш,  
 Айрылған соң барымнан  
 Жалғанда болмас жұбаныш

\*\*\*

Ақылға симас ол Алла,  
 Тағрипке тілім қысқа, аһ`

\*\*\*

Аңсаған шөлде су тапса, Бас  
қоймай ма бастауға.

\*\*\*

Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас үстірттер

\*\*\* Адам -

бір боқ көтерген боқтың қабы,  
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.  
Менімен сен тең бе деп мақтанасың,  
Білімсіздік белгісі - ол баяғы.

\*\*\*

Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ,  
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ, Ертең  
өзің қайдасың, білемісің,  
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

\*\*\*

Атасы басқа, өзі жат,  
Жалғыз жанша жат жерде

\*\*\*

Ақылсыз өзін мақтап, былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді?  
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!

\*\*\*

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға  
жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-  
кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі  
жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған  
байладым, енді, мұнан басқа жол жоқ.

\*\*\*

Адам алдын, артын, осы күнін - үшеуін де тегіс ойлап тексереді.

\*\*\*

Адамға халінше ихсанды болмақ - қарызды іс.  
Бірақ, өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес.

\*\*\*

Айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсін?  
Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер.

\*\*\*

### Ә

Әуелі - аят, хадис - сөздің басы.

\*\*\*

Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

\*\*\*

Өз тұтуға,  
Сыйлауға  
Қалмады жан бір татыр.

\*\*\*

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де-бір кірпіш дүниеге,  
Кетегін тап та, бар қалан

\*\*\* Әкесі

ұрысса балаға, ол да - достық,  
Баласы ұрысса, әкеге жараса ма?

\*\*\*

Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек.

Заманға жаман күйлемек,  
Заман оны илемек.

\*\*\*

Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі  
құмар болған нәрсеге жеткенде ... мастық пайда болады  
екен.

Әрбір мастық... бойды сынататұғын нәрсе екен.

\*\*\*

Әкесінің баласы - адамның дұспаны, Адамның  
баласы – бауырың.

\*\*\*

Әрбір хақиқитқа тырысып, ижтаһатыңмен көзің жетсе,  
соны тұт, өлсең айрылма!

Егерде, ондай білгенің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл  
болады?

Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтып құрмет  
тұтсын?

\*\*\*

Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның  
адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық -  
бұл адамға нұр болады.

\*\*\*

Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді  
де, күншілік күншілікті қозғайды.

\*\*\*

Әрбір орынды қарекет өзі де уайым-қайғыны азайтады,  
орынсыз күлкімен азайтпа, орынды харекетпен азайт.

\*\*\*

Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік  
дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды.

\*\*\*

Әрбір ғалым хақим емес, әрбір хақим - ғалым.



\*\*\*

Әннің естісі бар, есері бар,  
 Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
 Ақылдының сөзіндей ойлы күйді  
 Тыңдағанда, көңілдің өсері бар.

\*\*\*

Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына,  
 не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек.

Әрбір жинақылықтың түбі кеніш болса керек.

\*\*\*

Әділеттік, арлылық, махаббатпен - үй жолдасың  
 қабірден әрі өткенде.

\*\*\*

Әуелі - дін исламның жолындағы пенделер иманның  
 хақиқатын білсін.

\*\*\*

Әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық,  
 арамдық, амалға елдің бәрі есті.

\*\*\*

Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар  
 кісіге ғибадат парыз деген екен.

Құдай тағаланның «мені таныған ақылменен таныр»  
 дегені қайда қалады?

Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады?

Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не  
 болады?

\*\*\*

Әйел жақсы болмайды көркіменен.

\*\*\*

Әйелде ешбір опа жоқ,  
 Бүгін - жалын, ертең - шөк.

\*\*\*

Әнің үшін де ол Алланың өзіне ғашықтық керек.

\*\*\*

Әлеке, сіз сықылды ағаның бергенін аламын, бірақ, жаңылмас жақ болмайды, сүрінбес ат болмайды» деген мақал бар ғой, мен серке боп көпті бастасам, сіз қойшы боп сырттан бағып жүресіз.

\*\*\*

## Б

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,  
Көрге кірсең, үлгілі жақсы атақпен.  
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,  
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

\*\*\*

Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз.

\*\*\*

Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес.

\*\*\*

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,  
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол,  
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, Зарланып,  
неге ән салады – ол.

\*\*\*

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара  
\*\*\* Бай ұлына жалшы ұлы  
жалынышты, Ағып жүріп, ойнатар  
көздің жасы.

\*\*\* Байда

мейір, жалшы да бейіл де жоқ,  
Андастырған екеуін, құдайым – ай!

\*\*\*

Болыстықтан пайда қып,  
Шығыныңды алсаң, жаман ба?  
Қалжыңдаймын әншейін,  
Оған келе де бермес шамаң да!

\*\*\*

Бұл күніме бір күні  
Боламын ғой деймін зар, Ақыл  
айтар туғандар,  
Бұл сөзімді ойлаңдар.

\*\*\*

Бір ғылымнан басқаның  
Кеселі көп асқанға.  
Үйтіп асқан жолығар  
Кешікпей – ақ тосқанға.

\*\*\*

Біріңді, қазақ, бірің дос  
Көрмесең, істің бәрі бос.

\*\*\*

Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын кез.

\*\*\*

Баяғы жартас – бір жартас,  
Қанқ етер, түкті байқамас.

\*\*\*

Берекелі болса, ел –

Жағасы жайлау – ол бір көл. Берекесі  
кеткен ел -  
Суы ашыған батпақ көл.

\*\*\*

Батырдан барымташы туар даңғой,  
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.

\*\*\*

Бір жақсы күнім деп,  
Қызықпен сөйлесіп,  
Артынан «ол нем?» деп,  
Ұялып кездесіп.

\*\*\*

Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.

\*\*\*

Белгілі сөз: «өлді, өлді»  
Белгісіз оның мекені.

\*\*\*

Беталды жанға бой салма,  
Қорлық жүрмес сақтыққа.

\*\*\*

Біздің орын – қара жер.

\*\*\*

Бір тәуір дос  
Тым – ақ керек,  
Ойы мен тілі бөлінбес.

\*\*\* «Бұл

– адам көз сүйегі», - деді ханға, Тоя  
ма адам көзі мың мен санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе, тояр көзіне құм құйылғанда.

\*\*\*

Байлар... Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді.

Мал болса, құдай тағаланы да паралап, алам дейді.

Оның діні, құдайы, халқы, білім – ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал.

\*\*\*

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.

\*\*\*

Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды.

Біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз.

\*\*\*

Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ, оған хірслену жараспайды.

\*\*\*

Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген.

Енді, бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен.

\*\*\* Бір

ұят бар – надандықтың ұяты...

Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын кірістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялу – ақымақтық, жамандық.

\*\*\*

Биік мансап – биік жартас.

Ерінбей еңбектеп, жылан да шығаады, Екпіндеп ұшып, қыранда шығады.

\*\*\*

Бақпен асқан патшадан  
Мимен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан кәріден  
Еңбегін сатқан бала артық.

\*\*\*

Бағың өскенше, тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің,  
бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

\*\*\*

Біз

ғылым сатып, мал іздемек емеспіз.  
Мал менен ғылым кәсіп қылмақпыз.  
Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан.  
Адамға халінше ихсанды болмақ – қарыз іс.

\*\*\*

Білімсіздік хайуандық болады.

\*\*\*

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын,  
атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

\*\*\*

Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір  
дұшпандық келіп, бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

\*\*\*

Біреу біреудікіне келгенде, үйіндегі малының бәрін  
айдап келіп, өз үйіне кісі келгенде, бар малын далаға айдап  
жіберетұғыны қалай?

\*\*\*

Басына һәм өзіне өзгешілік бермек – адам ұлын бір  
бұзатын іс.

Әрбір наданның бір тариқатқа кірдік деп жүргені – біз  
бұзылдық дегеніменен бір болады.

\*\*\*

Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып,  
жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп,  
ақылмен біліп.

\*\*\* Біреуі

– көк балдырған, бірі – курай, Бір  
жерге қосыла ма қыс пен жаз.

\*\*\*

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай  
білетұғын пәндеміз.

Сол махаббат пен ғаделетке қарай таратпақпыз, сол  
Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен  
артылады.

Нандым, сендім демек нандырамын, сендіремін деген  
емес.

\*\*\* Бас–

басына би болған өңкей қикым, Мінеки,  
бұзған жоқ па елдің сиқын. \*\*\*

Басында әке айтпаса, ақыл жарлық,  
Ағайын табылмаса, ой саларлық.  
Қалжыңбассың, өткізген қайран дәурен,  
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық.  
\*\*\*

Бір жерде бірге жүрсең, басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып,  
Біріңді бірің ғиззәт, хұрмет етіс, Тұрғандай  
бейне қорқып, жаның шошып.  
\*\*\*

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе, қызар нәпсіге ерме.  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме.  
\*\*\*

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,  
 Іздегені не болса, сол табылар.  
 Біреуі астық алады, біреуі - маржан  
 Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

\*\*\*

Біз доспыз, асықпыз дегеніміз –  
 Жалғандықтан жасаған көңіл жүгі.

\*\*\*

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде,  
 адалдық, берекеде алысуға таба алмай, барымта алалық,  
 ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?

\*\*\*

Бір қайғыны ойласаң,  
 Жүз қайғыны қозғайды.

\*\*\*

Бенделіктің кәмәлатты әулиелікпен болатұғың болса,  
 күллі адам тәркі дүние болып, һу деп тариқатқа кірсе,  
 дүние ойран болса керек.

\*\*\*

Бұл жол (дін жолы) - бек шетін, бек нәзік жол.  
 Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып,  
 іздеген ғана кісі істін кәмәлатына жетпек. \*\*\*

Бұлардың (надандық, еріншектік, залымдықтың) емі –  
 һаллақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты,  
 тұрлаулы, ғадалат ісінің алды–артын байқарлық білімі,  
 ғылымы болсын.

\*\*\*

Біз алла тағала « бір» дейміз , «бар» дейміз, ол «бір»  
 демелік те – ақылымызға бір тиянағы үшін айтылған сөз.

Болмаса, «бір» демелік те, Алла тағалаға лайықты  
 келмейді.

\*\*\*



Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп, жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

\*\*\*

Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?

\*\*\*

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда, пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы бергені ендігі жылға жармайтұғыны қалай?

\*\*\*

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуы арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

\*\*\*

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу - мақтан.

\*\*\*

Болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіне дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

\*\*\*

Бала... ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ бала алмайды.

\*\*\*

Бала көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді.

Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.

\*\*\*

Біреу – болыс, біреуі – би.

Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді.

\*\*\*

Біреу жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді.

Ол – надан, ләкин надан да болса – адам.

Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді.

Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес.

Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді.

Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген – елім мақтаса екен дейді.

Еліме мақталсам екен деген – ағайыным мақтаса екен дейді.

Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген – өзімді өзім мақтап, жетем дейді.

\*\*\*

Білім – ғылым табылса, ондай – мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.

Білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады.

Сонда, әрбір естігеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

\*\*\*

Білім – ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде:

бірі – (пікір алысу) «мұлахаза», екіншісі –(сақтау) «мұхафаза» болмақ.

Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек.

Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

\*\*\*

Біріңе – бірің қонақ екенсің, өзің – дүниеге де қонақ екенсің.

\*\*\*

Білімдіден аяман сөздің майын.

\*\*\*

Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз. Ақыл  
сенбей, сенбеңіз Бір іске кез  
келсеңіз.

\*\*\*

Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты.

\*\*\*

Байбайшыл тартып, баға жоқ,  
Жастарға жаппас жала жоқ.  
Жат қораны күзеткен  
Қартаң шалда сана жоқ.

\*\*\*

Бейнет көрмей, дәулет жоқ.

\*\*\*

Бұл заманның қашқыны деп,  
Мен ғарыпты есіңе ал.

\*\*\*

Бәрі ақылды, бәрі есті, Бәрі  
желдей еседі.

\*\*\*

Борышқорлық – адамға қиын нәрсе,  
... өстіткізеді мал тапшылық

\*\*\*

Бас басыңа би болған өңкей қиқым,  
 Мінеки, бұзған жоқ па, елдің сиқын.  
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды  
 байлығың, баққан жылқың.

\*\*\*

Болмасаң да, ұқсап бақ, Бір  
 ғалымды көрсеңіз. Ондай  
 болмақ қайда деп, Айтпа  
 ғылым сүйсеңіз. Сізге ғылым  
 кім берер,  
 Жанбай жатып сөнсеңіз.

\*\*\*

Біреуден біреу артылса,  
 Өнер өлшеніп, тартылса,  
 Оқыған, білген-білген-ақ,  
 Надан-надан-ақ сан қылса.

\*\*\*

Бойда қайрат, ойда көз,  
 Болмаған соң, айтпа сөз

\*\*\*

Бір кісі мыңға, Жөн  
 кісі сұмға Әлі жетер  
 заман жоқ.  
 Қадірлі басым,  
 Қайратты жасым  
 Айғаймен кетті, амал жоқ.  
 Болмасқа болып, қара жер,  
 Қорлықпен өткен қу өмір.

\*\*\*

Бауырыңа тартқан,  
 Сырыңды айтқан  
 Сырласың сырт айналар.

\*\*\*

Болсам деген талапты ұмытқан соң, Құр  
кеудеге өмірдің несі дәрі?

\*\*\*

Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр  
Тамағы тойса, жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім - күн емес.

\*\*\*

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Жаз жіберіп, жан берген қара жерге  
Рахметіне Алланың көңіл сенер

\*\*\*

Байы - баспақ,  
Биі- саспақ, Әулексі  
аспақ, сыпыра қу.

\*\*\*

Балалық өтті, білдің бе?  
Жігіттікке келдің бе?  
Жігіттік өтті, көрдің бе? Кәрлікке  
көндің бе?  
Кім біледі, байғұстар,  
Баяндыдан сөндің бе?  
Баянсызға төндің бе?  
Әлде, айналып, кім білер, Боталы  
түйе секілді  
Қорадан шықпай, өлдің бе?

\*\*\*

Бір көрмеге тәп-тәтті  
Қазаны мен қалбаңы

Дөн айналмай, ант атты,  
Бүксіп бықсып, әр жағы

\*\*\*

Бет алды жанға бой салма  
Қорлық жүрмес сақтыққа.

\*\*\*

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,  
Қарашы дене біткен ретіменен. Істің  
басы - ретін танымақтың,  
Иман білмес тағатты қабыл демен.

\*\*\*

Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз,  
болмаса, түгел білмектікке мүмкін емес.

Заты түгел, хикметіне ешбір хақим ақыл еріштіре  
алмайды.

\*\*\*

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай – ақ, шырақтар, ұқсаң жарар .  
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

\*\*\*

Болмасын кекшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.

## Ғ

Ғашықтық, құмарлық пен - ол екі жол,  
құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

\*\*\* Ғашықтық - қиын жол.

\*\*\*

Ғашықтық тілі - тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл.

\*\*\*

Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ.

Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж,  
ешбір ғибадат (құлшылық) орнына бармайды.

\*\*\*

Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты  
болады.

Сол мінез бұзылмасын.

\*\*\*

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған  
ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр.

\*\*\*

Ғадалет - барша езгүліктің анасы дүр.

\*\*\*

Ғұмыр өзі – хақиқат.

Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ.

\*\*\*

Ғұламалар иман екеу емес.

Біреу, бір – ақ езгу тағатпенен нұрланады, тағат жоқ  
болса, күңгіртенеді, бәлки, сөнү қаупы да бар деген.

Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей  
қалса, иманы сөнер деген.

\*\*\*

Ғамалус – салих (ізгі іс) ғадаләтті мархамәтті болмақ,  
күллі тән бірлән қылған құлшылықтардың ешбірі ғадаләтті,  
мархаматты бермейді.

\*\*\*

Ғарып – қасар жатқан түйеге міне алмас, ол  
момындыққа есеп емес.

Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те  
жайы бар.

\*\*\*

Ғылымды – үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады.

\*\*\*

Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.

Онан соң, оқып үйреніп те, пайда жоқ.

Қоярға орны жоқ балған соң, оларды қайда сақтайсың?

\*\*\*

Ғылым таппай, мақтанба,  
Орын таппай, баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.

\*\*\*

Ғадәлет пен мархамат – көп азығы.

\*\*\*

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас  
Көп наданнан түңілдім  
Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың.

\*\*\*

Ғадәләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақыл.

\*\*\*

Ғалымнан надан артпас ұқпанменен,



Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен,

\*\*\*

Ғашық жар, ағайын, дос – бәрі

алдағыш.

\*\*\*

Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па?

Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма?

\*\*\*

## Д

Досыңа достық – қарыз іс,

Дұшпаныңа әділ бол.

Асығыс түбі – өкініш, Ойланып

алмақ – сабыр сол.

\*\*\*

Дүниеге дос, ахиретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей орынға алмас.

Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың,

Иманы түгел деуге аузым бармас.

\*\*\*

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,

Ар, ұятың бір ақыл – күзетшісі, Ар

мен ұят сынбаса, өзге қылық,

Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

\*\*\*

Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені.

Қапашылдықтың бәрі соның басында.

Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ, қызық та, ермек те –  
көпте.

Бастапқыға кім шыдайды?

С

---

Соңғыға кім азбайды?

\*\*\*

Досы жоқпен сырлас, Досы  
көппен сыйлас. Қайғысыздан  
сақ бол, Қайғылыға жақ бол.

\*\*\*

Дүние – үлкен көл, Заман –  
соққан жел.

Алдыңғы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер.

Дүниенің мағмұрлығы (қызығы, жақсылығы) бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе.

\*\*\*

Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық іс, ол құранда сөгілген.

\*\*\*

Дүние даяр өтерге,  
Ажал даяр жетерге.

\*\*\*

Досты қайдан табасың,  
Keңесерге адам жоқ. Әрлі-  
бері шабасың,  
Жалғыздықтан жаман жоқ.

\*\*\*

Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес.

\*\*\*

Досына – жаз, жауға – аяз

\*\*\*

Дүние ойдан шығады.

\*\*\*

Дәмі

қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

\*\*\*

Демеймің мені мақтасын, Я  
жақсын, я жақпасын. Сүйтсе  
де мұндай сыншыдан  
Құдайым бізді сақтасын.

\*\*\*

## Е

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек Періште  
төменшіктеп, қайғы жемек.

\*\*\*

Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Жеңді ғой деп, шайтанға болар көмек.

\*\*\*

Еңбек қылсаң, ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.

\*\*\*

Единица – жақсысы, Ерген елі  
бейне нөл.  
Единица нөлсіз – ақ,  
Өз басындық болар сол, Единица  
кеткенде,  
Не болады өңкей нөл.

\*\*\*

Ел де жаман,  
Ер де жаман – Андығаны  
өз елі  
Елде сияз, Ойда ояз,  
Оңбай – ақ түр әр түрі.

\*\*\*

Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,  
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

\*\*\*

Ел ішіне сау келсең, Тағлым  
айтпас ер ме едің? Жол  
көрсетіп, сонда өлсең,  
Арманым бар дер ме едім?

\*\*\*

Екі асылдан қосылған Сол  
алтынның сынығы. Өлгенше  
естен қалмайды Өзгеше  
біткен қылығы. Еске ойға

көңлім толады Тіріліп өткен  
 құрғырды.  
 Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,  
 Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін,  
 Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?  
 Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.

\*\*\*

Екі күймек бір жанға әділет пе?  
 Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

\*\*\*

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
 Келмей ме, тоқтаусыздың бәрі даңғой.  
 \*\*\* Еңбексіз мал дәметпек -  
 қайыршылық, Ақылды елге ар болар  
 ондай қылық.

\*\*\*

Еріксіз түскен ылдидан,  
 Еркіңмен шығар өр артық  
 Қорлықпенен өткен өмірден  
 Көсіліп жатар көр артық.

\*\*\*

Ешбір қазақ көрмедім.  
 Малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған.  
 Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады.  
 Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе  
 бойында қалмайды.

\*\*\*

Еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды;  
 екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды.  
 \*\*\*

Егер ісім өнсін десең, ретін тап. \*\*\*

\*\*\*

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен есеп ал!

Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің?

\*\*\*

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екенші – сол нәрсені я көргенде, ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселеді нәрселерден қашық болу керек.

Егер ой кез болып қалса, салынбау керек.

\*\*\*

Ер артық сұраса да, азға разы болады; Ез аз сұрар, артылтып берсең де, разы болмас.

\*\*\*

Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау; дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

\*\*\*

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

Талассыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

\*\*\* Еңбексіз

мал дәметпек – қайыршылық. \*\*\*

Ендігіге не сұрау, бұл жалғанда?

Ақыл–ой, ар–намыс жоқ еш адамда.

Өлген мола, туған жер жібермейді,

Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда.

\*\*\*

Екі жақсы бір елде сүйіскен, достығында тұра алмайды.

Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Елді пысық билеген несі?

Пысықтың бәрі кедей келетұғыны қалай?

\*\*\*

Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген.

\*\*\*

Ел тыныш болса, оның (ұрлықшының) ұрлығын ешкім сүймес еді.

\*\*\* Ер ісі –

ақылға келмек, бойды жеңбек.

Еріншек ездiгiнен көпке көнбек.

\*\*\*

Есіркегіш екенсің-деді шілік, -

Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!

\*\*\* Еңбексіз

мал дәметпек – қайыршылық, Ақылды

елге, ар болар ондай қылық. \*\*\*

Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей.

\*\*\*

Ел тыныш болса, азады,

Ерігіп өле жазады

\*\*\*

Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Адал бол – бай тап,

Адам бол – мал тап

Қуансаң, қуан сол кезде

\*\*\*

Екі елерме бітімге жөн келер ме,  
Ақылы болмаған соң, артын байқар?



\*\*\*

Екі көңіл арасы – жылшылық жер.

\*\*\* Есіңде бар ма жас күнің,

Кімді көрсең – бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ,

Көрінүші еді досқа ортақ.

\*\*\*

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

\*\*\*

Егер де мал керек болса, қол өнер үйренбек керек.

Мал жұтамды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қол өнерлі - қазақтың әулиесі сол.

\*\*\*

Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақыл жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз?

Оның несі адам?

\*\*\*

## Ж

Жас – қартаймақ, жоқ – тұмақ, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек,

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, Бір

құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

\*\*\* Жігіттер,

ойын арзан, күлкі сымбат, Екі түрлі

нәрсе ғой сыр мен сымбат. Арзан,

жалған күлмейтін, шын күлерлік Ер

табылса, жарайды қылса сұхбат.

\*\*\*

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес,  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

\*\*\*

Жаман тату қазады өзіңе ор, Оған  
сенсең, бір күні боларсың қор. Ары  
бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.

\*\*\*

Жүрегі – айна, көңілі – ояу,  
Сөз тыңдамас, ол бояу. Өз  
өнері тұр таяу,  
Ұқпасын ба сөзді тез.

\*\*\*

Жақынға айтсаң, жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп,  
Дертті ішіне ем көріп,  
Неге алтынды десін жез.

\*\*\*

Жартасқа бардым, Күндей  
айғай салдым Онан да  
шықты жаңғырық. Баяғы  
жартас – бір жартас, Қанқ  
етер, түкті байқамас.

\*\*\*

Жақсылығың күнде ұмыт, Бір  
жаңылсаң, болды кек.

\*\*\* Жарқ

етпес қара көңлім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.

\*\*\*

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.  
Надандықтың көңлін басып тұр  
Қараңғылық пердесі.

\*\*\*

Жүректе айна жоқ болса, Сөз  
болмайды өңгесі. Тыңдағыш  
қанша көп болса, Сөз ұғарлық  
кем кісі.

\*\*\*

Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы кәрі дүниенің Бір  
кетігін ұстап бақ.

\*\*\*

Жүйрік тіл, терең ой  
Сол күнде қайда едің?  
Ғашыққа мойын қой.  
Жеңілдің, жеңілдің!  
Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла, толғанып.  
Жұртым деуге арлымын,  
Өзге жұрттан ұялып.

\*\*\*

Жетім қозы – тас бауыр,  
Түңілер де, отығар. Сорлы  
жүрек мұнша ауыр Неге  
қатты соқтығар.

\*\*\*

Жақсылық ұзақ тұрмайды,  
Жамандық әркез тозбайды.

\*\*\*

Жамандық, жақсылық пен – оған бір бәс, Дін  
ісін, құдай ісін айыра алмас.  
Арын сатып, ант ұрып, іздегені –

Бір семіз ат, аяғы бір табақ ет.

\*\*\*

Жүректің сөзін сөйле, тіл, Жалғаны  
жоқ бояма.

\*\*\*

Жарлығына Алланың  
Ерте ойлаған көнбек–ті.  
Олар да тірі қалған жоқ,  
Тірлік арты өлмек–ті.

\*\*\*

Жасқа жас, ойға кәрі едің,  
Атаңның атын жоймаған  
Замана, неткен тар едің  
Сол қалқамды қоймаған?

\*\*\*

Жаңа жылдың басшысы – ол,  
Мен ескінің арты едім. Арман  
деген ащы сол,  
Сүйекке тиді, қарт едім.

\*\*\*

Жүйріктікпен шалқымай,  
Тура сөзді жақтаған. Бала  
айтса да хақ сөзді,  
Бұрылмастан тоқтаған.

\*\*\*

Жүректің ақыл – суаты.

\*\*\*

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, Соқтықпалы,  
соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

\*\*\*

Жүректе қайрат болмаса,  
 Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
 Ақылға сәуле қонбаса,  
 Қайуанша жүріп күнелтпек.

\*\*\*

Жүрегім менің – қырық  
 жамау Қиянатшыл дүниеден.  
 Қайтып аман қалсын сау,  
 Қайтқаннан соң әр неден.

\*\*\*

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас, Сол  
 қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

\*\*\*

Жұрт мұнымды көрмей ме?  
 Батыр атақ бермей ме? Қой,  
 бұл қанден – ер шіркін  
 Пілге де үрген демей ме?

\*\*\*

Жанымның жарық жұлдызы,  
 Жамандық күнде жарымсың.  
 Сөз болсын ескі ер сөзі,  
 Кейінгіге қалынсын.

\*\*\*

Жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар (үлкендер)  
 тозақтан да қорықпайды.

Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден  
 болса да, ұялмайды екен.

Сол ма артылғаны?

Қолымыздағыны үлестіріп талатпасаң, біз де өзіндей  
 болмасақ безеді екен.

Іздеген еліміз осы ма?

\*\*\*

Жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсы іске мықты кісі елде жоқ.

Қулық – сұмдық, арамдық амалға елдің бәрі де есті.

\*\*\*

Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің?

Енді, әлбетте, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалмен боламын деп, бергеніне жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.

\*\*\*

Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдыңда неше ат бар деп сұрар, артыңда неше ат бар деп сұрағанның несі сөз?

Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Жаманмен салысып жақсы бола ма?

Жақсыға салысып жақсы болады тағы.

\*\*\*

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?

\*\*\*

Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық төрт нәрсеменен кірлетпей, таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан (жарық) болып түседі.

\*\*\*

Жамандықты кім көрмейді?

Үмітін үзбек – қайратсыздық.

Дүниеде ешнәрсе баяны жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің?

Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

\*\*\*

Жаман дос – көлеңке:

Басыңды күн шалса,

Қашып құтыла алмайсың;

Басыңды бұлт алса,

Іздеп таба алмайсың.

\*\*\*

Жоқшылықтың адамды хайуандырып жіберетіні де болады.

\*\*\* Жат

елде қайыршылық қылып жүріп, Өз

елін бай деп мақтар құдай қарғап.

\*\*\*

Жүз тура, жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін.

\*\*\*

Жақынның сөзі тәтті деп,

Жақыным айтты дей көрме,

Надандықпен кім айтса,

Ондай түпсіз сөзге ерме.

Сізге айтамын, қауіп – бұл.

\*\*\*

Жастықтың оты, қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай?

Ғылымның біліп пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай?

\*\*\*

Жүректе қайрат болмаса,



Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.

\*\*\*

Жұрттың сөзі: тағдырға адам көнбек

\*\*\*

Жас бала әуел тату балар...  
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

\*\*\*

Жасық, жаман болмассың,  
Жамандықтан қашқанға.

\*\*\*

Жау қожандап, бұртайып,  
Дос құбылып әуре етер. Кімі  
тентек, кімі айып,  
Тексере алмай өмір өтер.

\*\*\* Жалға жүр,

жат жерге кет, мал тауып кел, Малың  
болса, сыйламай тұра алмас ол.  
Қаруыңның барында қайрат қылмай,  
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел .

\*\*\*

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,  
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек.

\*\*\*

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,  
Қайдан білсін өмірдің көбін–азын.  
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,  
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.  
Күз келген соң тамырын үсік шалып,  
Бетегеге жете аламай болар жазым

\*\*\*

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
 Пайдасаның көре тұра тексермедім.  
 Ержеткен соң түспеді уысыма,  
 Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

\*\*\*

Жүрегі жұмсақ білген құл,  
 Шын дос таппай,  
 тыншылмас. Пайда, мақтан  
 бәрі – тұл, Доссыз ауыз  
 тұшымас.

\*\*\*

Жоқ деп едің керегің;  
 Топ жиып ең бір, бөлек Кезек  
 келер демедің  
 Ендігі керек не керек?

\*\*\*

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ  
 Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.

\*\*\* Жау

жабылса, бұзылмас жан көрмедім,  
 Артық жолдас таппадым татулықтан.

\*\*\*

Жат есікті және қорып, Жара  
 салма сен маған. Жұрт  
 жамандар жатқа жорып,  
 Жалынамын мен саған.

\*\*\* Жақсы

болсаң, жарықты кім көрмейді Өз  
 бағанды өзіңнен кім сұрайды?! \*\*\*  
 Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,  
 Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.

Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр.

\*\*\*

Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.

\*\*\*

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар.  
Ата–ананың қызынан ғапыл қалма.

\*\*\*

Жас уақытта көңіл – гүл

\*\*\*

Жас теректің  
Жапырағы  
Жамырайды, соқса жел.

\*\*\*

Жамандық тұрмас күттіріп.

\*\*\* Жас

өспірім замандас қапа қылды, Сабыр,  
ар жоқ, аял жоқ, ілді – жұлды. Тұрлау  
қылып, ешнәрсе басқара алмай, Сенімі  
жоқ серменде өңкей жынды.

\*\*\*

Жылама, Мағаш, жылама,  
Алладан өлім тілеме!  
Қолдан ұшқан ақ сұңқар Қайтып  
келіп қонбайды.

\*\*\*

Жаманға «жар» деген – ақ ән көрінер.

\*\*\*

Жауған күнмен жаңғырып,  
Жер көтеріп, күн алар.

\*\*\*

Жалғыздықтан жаман жоқ.

\*\*\*

Жапырағы қуарған ескі үмітпен  
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін

\*\*\*

Жамандық жақсылыққа қарар салқын,  
Долығы тез басылып, қайтар қарқын.

\*\*\*

Жалғыздық – бір тәңірінің сыбағасы

\*\*\* Жапа –

жалғыз білімнен бақ шықпайды  
Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген.

\*\*\*

Жас бала де анадан туғанда, екі түрлі мінезбен туады:  
біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады.

Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ  
үй бола алмайды, хәм өзі өспейді, қуат таппайды.

Жан құмары – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен  
деген.

Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең  
болмаса – денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды.

Оны білмеген соң, сол жан адам жаны болмай, қайдан  
жаны болады.

...Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек  
еді. Жоқ, біз олай қылмайдық... жанды тәнге бас ұрғыздық,  
ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса,  
сенбедік.

Сырын қалай болады деп көңілге салмадың, оны  
білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.

\*\*\*

## 3

Замана неткен тар еді?

\*\*\*

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

\*\*\*

Заман ақыр жастары  
Қосылмас ешбір бастары.  
Біріне бірі қастыққа  
Қойнына тыққан тастары.

\*\*\*

Зар етсе, бендесі,  
Бермей ме Алласы.

\*\*\*

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді, Оларға  
кез-кезімен нәби келді.  
Қағида шарифаты өзгерсе де Тағриф  
Алла еш жерде өзгермеді.

\*\*\*

## И

Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл,  
босанбас буын керек екен.

Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғыранға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, қараны не ақ деп, өтірікті шын деп кісіні не дейміз? Құдайтағала өзі сақтасын. Өрнесін білмек керек, жоғары екі түрліден басқа иман жоқ.

\*\*\*

Иждиһатсыз (талап, жігер), михнатсыз.

Табылмас ғылым сарасы.  
 Аз білгенін көпсінсе,  
 Кімге тиер панасы?

\*\*\*

Ит үрсе, бала  
 Таяғын ала,  
 Қуады итпен кектесіп.

\*\*\*

Инандым, сендім демек – инандырамын, сендіремін  
 деген емес.

\*\*\*

## К

Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан, Қолға  
 түсер сілесі әбден қатып.  
 Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, Әркім  
 бір ит сақтап жүр ырылдатып.

\*\*\*

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, Алдамаған  
 кім қалды тірі жанда?  
 Алыс–жақын қазақтың бәрін көрдім, Жалғыз  
 – жарым болмаса, анда –санда.

\*\*\*

Күн жауғанда – қойныңда,  
 Күн ашықта – мойныңда.  
 Арылмас міндет болған соң,  
 Әркімнің көңілі суысқан.  
 Кімге достық көп еттім,  
 Түбі болды бір кейіс.

\*\*\*

Күн – күйеуі, ер – қалыңдық сағынысты,  
 Құмары екеуінің сондай күшті. Күн

қырындай жүргенде, көп қожандап,  
Күйеу келді – ай, жұлдыз к... қысты.

\*\*\*

Кейбірі пірге қол берген,  
Іші залым, сырты абыз.  
Кейбірі қажыға барып жүр,  
Болмаса да, қаж–парыз.

\*\*\*

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі, Өзіңе  
құмар қылған оның әмірі. Халыққа  
махлұқ ақылы жете алмайды,  
Оймен білгеннің нәрсенің бәрі – дәһрі.

\*\*\*

Кісіге сідет жүктетпей,  
Еңбекпен тапқан қоректі.

\*\*\*

Кімде – кім үлкен болса, екі мүшел, Мал  
беріп алғанмен, қатын емес.

\*\*\*

Көп жасамай, көк орған,  
Жарасы үлкен жас өлім,  
Күн шалған жерді тез орған  
Күншіл дүние қас өлім.  
Артына белгі қалдырмай,  
Бауыры қатты тас өлім.  
Жыламайын десе де,  
Шыдарлық па осы өлім?

\*\*\*

Көзді көрсең – бересің, тайсаң – танып, Алдамшы  
атанғанның несі пайда?

\*\*\*

Көк тұман – алдындағы келер заман, Үмітті  
сәуле етіп, көз көп қадалған.  
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, Сипат  
та жоқ, сурет те жоқ – көзім талған.

\*\*\*

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.  
Ғадәләт пен мархамат – көп азығы,  
Қайда көрсең, болып бақ, соған көмек.

\*\*\*

Көптің қамын әуелден тәңрі ойлаған, Мен  
сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін.

\*\*\*

Күн артыннан күн туар,  
Бір күн дамыл өткізбес,  
Ой артынан ой қуар,  
Желге мінсең, жеткізбес.

\*\*\*

Күшік асырап, ит еттім, Ол  
балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген  
болды, мені атты. Көптің ауызын  
күзетсең, күн көрмейсің, Өзінді өзің  
күзет, кел, шырағым!

\*\*\*

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей–ақ болады екен.

\*\*\*

Көптің бәрі осындай, мысал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең,



Ғапыл боп, көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай,  
көп сөзімен жүріп кетсең.

\*\*\*

Күлкі өзі – бір мастық.

\*\*\*

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды  
шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я  
тілден сөз болып ағады.

\*\*\*

Кеселді: жалқау, қылжақпас,  
Әзір тамақ, әзір ас.

Сыртың – пысық, ішің – нас,

Артын ойлап, ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан  
да. Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

\*\*\*

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ, көңілде сенім  
жоқ.

Құр көзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?

Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек  
те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз.

\*\*\*

Күзетушісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықласымен өзі  
аңдып, шын діни шыншылдап, жаны ашып тұрмаса,  
салғырттың иманы бар деп болмайды.

\*\*\*

Көштің соныға итше ере бермей, адасқан көптің  
атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл  
мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау,  
әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса,  
мойындамау - ерлік, батырлық.

\*\*\*

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда, өңі қашады.

\*\*\*

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

\*\*\*

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан кашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші - еріншектік, үшінші – залымдық.

\*\*\*

Күнде тілін алатуғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай?

\*\*\*

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні таба алмайды.

Қылының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

\*\*\*

Кімге достығың болса, достық достық шақырады.

\*\*\*

Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

\*\*\*

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп болу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам; сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады.

Бұлай етіп, бұл харакетке түсінген адамды ақылды дейміз.

\*\*\*

Көргейсің ерлігіңнің берекесін.

\*\*\*

Көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай күдіретпен жарыстырып,

қандай құрметпен орналастырған – ешбір адам баласының ақылы жетпейді.

\*\*\*

Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, дұшпан сол болатұғыны қалай?

\*\*\*

Кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек, онан соң ғибадат қыл.

\*\*\*

Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз, кім болса соған жеміт болып жүр.

\*\*\*

Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып жүр.

Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр.

\*\*\*

Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,  
Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес.  
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен Бос  
сөзбенен қастаспай, түзу келмес.

\*\*\*

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

\*\*\*

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?

Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.

\*\*\*

Кедейі – ер,  
Кеселі – зор,  
Малды байдан сорлы жоқ.

\*\*\*

Кірлеген жүрек өз ішін Тұра  
алмас әсте жуынбай.

\*\*\*

Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін, Тоймас  
кезің толар деп қайғы жеме.

\*\*\*

Қу өмір жолдас болмас әлі–ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ түпке жетер.

\*\*\*

Күллі тән бірлән қылған құлшылықтардың ешбірі  
ғадаләтті, мархаматты бермейді.

\*\*\*

Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

\*\*\*

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату, Тілеуі,  
жақындығы – бәрі сату.

\*\*\*

Көп надандар өзіне тартар бейім.

\*\*\*

Көрмеген көп дүние көл көрінді, Кірлемеген  
көңілдің ашығында.

\*\*\*

Көптен тату қимасың,  
Басыңа жұмыс түскен күн,

Татулықты бұрынғы  
Не қылып, ол ойласын:  
Ашып берер жауыңа  
Өзі көрген қоймасын.

\*\*\*

Көп топта сөз танырлық кісі де аз–ақ,  
Ондай жерде сөз айтып, болма мазақ

\*\*\*

Көп айтса, көнді,  
Жұрт айтса, болды –  
Әдеті надан адамның.

\*\*\*

Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

\*\*\*

Кеш деп қайтар жол емес, Жол  
азығым мол емес.

\*\*\*

Көп шуылдақ не табар, Билемесе  
бір кемел.

\*\*\*

Кімге достық көп еттім, Түбі  
болды – бір кейіс.

\*\*\*

Көңілде қайғы, қалың зар,  
Айтатұғын сөзім бар, Салсын  
құлақ ұққандар.

\*\*\*

Кейде егер көңіл құрғырың  
Махаббат іздеп талпынар.  
Ішем деп бейнет сусынын  
Асау жүрек алқынар.

\*\*\*

Кеудесі – талған қулық ой,  
 Бәрі де пысық, езбе емес,  
 Құмары оның – айт пен той,  
 Пайда мен мақтан – өзге емес.

\*\*\*

Кісі айтпаған сөз бар ма,  
 Тегіс ұғар қай құлақ.

\*\*\*

Өзгені ақыл қондырады,  
 Біле алмай, бір тәңріні болдырады.  
 Талып ұйықтап, көзінді ашысымен,  
 Талпынып, тағы да ойлап, зар қылады,  
 Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,  
 Сонда да оны ойламай, қоя алмаймын.  
 Ақылдың жетпегені арман емес.  
 Құмарсыз құр мүлгігуге тоя алмаймын.

\*\*\*

Көргені мен білгені,  
 Жүзге келген шалдан көп.

\*\*\*

Күйік ішке түскен соң,  
 Кетеді екен сабырдан.

\*\*\*

Көбінесе, ән басы келеді ащы.

\*\*\*

Көріп пе ең, я, болмаса, ұмыттың ба, Іштегі  
 отты достық пен қастық деген?

\*\*\*

Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,  
 Дұшпандығың қатайған шығар сенің.  
 Егер менің ішімді жарып көрсең,  
 Жылауыңды ұмытып, шошыр едің.

\*\*\*

Кеңшілікте дос та дос, қасың да дос, Таршылықта  
қайрылған дос та өзгеше.

\*\*\*

Кімде кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе,  
білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей  
болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей  
болмайды.

Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін  
емес.

Қ

\*\*\*

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,  
Күйкентайы үстінде шықылықтап. Өзі  
алмайды, қыранға алдырмайды, Күні  
бойы шабады бос салақтап.

\*\*\*

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз  
аузыңа түсті мұртың.

Жақсы мен жаманды айырмадың,  
Бірі – қан, бірі – май боп, енді, екі ұртың.

\*\*\*

Қазақтың қайсысының бар санасы?  
Қылт етерде, дап–дайын бір жаласы.  
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,  
Жоқ тұрса, бес бересі, алты аласы.

\*\*\*

Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді,  
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді,

\*\*\*

Қайтып келер есікті

Қатты серіппе, жарқын – ау!  
Жетілсең де, жетсең де,  
Керек күні бір бар – ау.

\*\*\*

Қайратым мәлім –  
Келмейді әлім,  
Мақсұт – алыс, өмір – шақ.

\*\*\*

Қазақтың данасы – Жасы  
үлкен ағасы.

\*\*\*

Қайғың – қыс, жүзің – жаз, Боламын  
көрсем мәз.

\*\*\*

Қасиетсіз туған – ол да жат, Күңкілдеп  
берер сазыңды.

\*\*\*

Қайғы шығар ілімнен,  
Ызы шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар  
шығады тілімнен.

\*\*\*

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең.

\*\*\*

Қазақтың өзге жұрттап сөзі ұзын,  
Бірінен бірі шапшаң, ұқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іште мұзын.

\*\*\*

Қаруынның барында қайрат қылмай, Қаңғып  
өткен өмірдің бәрі де – жел.

\*\*\*



Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, Сұм  
нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

\*\*\*

Құйрықты жұлдыз секілді,  
Туды да, көп тұрмады.

\*\*\*

Қажыны алған бұл өлім  
Сабыр қылсақ керекті  
Оспанды алған бұл өлім,  
Тәубе қылсаң керекті.

\*\*\*

Қолдан келген қайратым – Барымды  
айтып, шыққан күн,

\*\*\*

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Содан  
тапқан – шын асыл, тастай көрме.

\*\*\*

Құр дәрімен атқанға өлмейді екен, Өмірі  
мақтаншаққа нысанамыз.

\*\*\*

Құлақтан кіріп, бойды олар, Жақсы  
ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар.  
Әнді сүйсең, менше сүй.

\*\*\*

Қай қызығы татиды қу өмірдің, Татуды  
араз, жақынды жат қыларға?

\*\*\*

Қараңғы, саңырау қайғы ойды жеңген,  
 Еркелік пен достықты ауру көрген.  
 Ақын жоқ, ары жоқ шуылдақты  
 Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

\*\*\*

Құдай – ау, қайда сол жылдар,  
 Махаббат, қызық мол жылдар?!  
 Ақырын, ақырын шегініп,  
 Алыстап кетті-ау, құрғырлар.

\*\*\*

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,  
 От азайса, әр істің бәрі тайғақ.

\*\*\*

Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
 Тоймас көңлің толар деп қайғы жеме,

\*\*\*

Қорғалап, құр өтпе өмір бос,  
 Тағдырыңа қарсы бар. Бір  
 өзіңнен басқа бір дос  
 Таппасаң, өл, жүрме зар.

\*\*\*

Қызығы зор қайран дос, қайран тату, Сендер  
 өлдің, мен – дағы өлсем керек.

\*\*\*

Қуаныш, қайғы – бәрі бос.

\*\*\*

Қарасаңшы бойыңа,  
 Ұзын құлақ қалпың ғой.  
 Жұрт ергені соңына –  
 Үстіңдегі алтын ғой.

\*\*\*

Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі.

Әуелі – құдайға сиынып, екінші – өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

\*\*\*

Құдай берді, бергенін алмайсың.  
 Құдай саған еңбек қылып, мал табарлық қуат берді.  
 Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсамайсың.  
 Ол қуатты орнын тауып, сарып қыларды білерлік  
 ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса,  
 ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?

\*\*\*

Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді.

\*\*\*

Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?

\*\*\*

Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ.

\*\*\*

Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керек.

\*\*\*

Құдайдан қорық, пендеден ұят, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма .

Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсетер ме, өзі рахат көрер ме, я жұртқа рахат көрсетер ме?

\*\*\*

Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып, және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай?

\*\*\*

Қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес.

\*\*\*

Қайратсыз ашу – тұл.  
Тұрлаусыз ғашық – тұл.  
Шәкіртсіз ғалым – тұл.

\*\*\*

Қашан бір бала ғылым – білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық...

\*\*\*

«Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа ғой» Бас – басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің деп... жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен... ел басы, топ басы деген кісілер.

\*\*\*

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай кетпейтұғыны қалай?

\*\*\*

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп, қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында болу керек.

Екіншісі – ол адам есепсіз бай боларға керек.

\*\*\*

Қазақтың жаманшылыққа үйір болатұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?

\*\*\*

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма, бекер!  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

\*\*\*

Қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек – дұшпандық шақырады.

\*\*\*

Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан  
һәм адам баласын өссін – өнсін деп жаратқан.

Сол өсіп-өну жолында адамның талап қылып, ізденер  
қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейтпек.

\*\*\*

Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл  
сондай ғашықпын демек те орынсыз.

\*\*\*

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады.  
Шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айырылып, азайып отырса  
да, бірімен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

\*\*\*

Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның  
басынан пәрмәне (мәпелеп) болып жүріп, ержеткен соң,  
суық тартатұғыны қалай?

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан  
азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер,  
қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады.

\*\*\*

Қайғысыз бенде  
Көрдiң бе,  
Өмiрiнде?

\*\*\*

Қайрат, ақыл, жүрек бiр кiсiде табылса, табанының топырағын көзге сүртерлiк қасиеттi адам – сол.

\*\*\*

Қазақ құлшылығын құдайға лайық болса екен деп қам жемейдi.

Тек жұрт қылғанды бiз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейдi.

Саудагер несиесiн жия келегенде, тапқаным осы, бiтiм деп, алсаң – ал, әйтпесе, саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы едi.

Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейдi.

\*\*\*

Қазақтың қуанышы – елде бiр жаманды тауып, я бiр адамның бұл өзi қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады.

Жаманға салысып, жақсы бола ма? Жақсыға салысып, жақсы болды-дағы.

\*\*\*

Қазақ тамыршылдау келедi алдамшы

шайтан... тамырым, досым десе, мен де керектiнiң бiрi болып қалыппын ғой деп,... күнi өтiп, еңбек қылар уақытынан айырылып «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киiм, борыш есiнен шығып кетiп, ендi, олар қысқан күнi бiреудiң малын бұлдап қарызға алады.

\*\*\*

Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкенi, мыңнан бiр кiсi-ақ үлкенi, мыңнан бiр кiсi-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

\*\*\*

Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға  
да, қуғанға.

Әділет, рахым («шапқат») кімде бар,  
Сол жарасар туғанға  
Бастапқы екеу соңғысыз,  
Біге қалса, қазаққа. Алдың –  
жалын, артың - мұз, Барар  
едің – қай жаққа.

\*\*\*

Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олақ

\*\*\*

Қулықты көргіш,  
Сұмдықты білгіш  
Табылар кісі жөндерге.

\*\*\*

Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен өтті, амал жоқ.

\*\*\*

Қарашада өмір тұр,  
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң, қайтып келер ме?  
Майдағы жұрттың іші – қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар, Қар  
жауса да, сөнер ме?

\*\*\*

Құдай берген бұл достық – кәннің бірі, Мұңдасқанда,  
қалмайды көңіл кірі.

\*\*\*

Қолдан ұшқан ақ сұңқар  
Қайтып келіп қонбайды

\*\*\*

Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса, - шала мұсылман.

\*\*\*

Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз) болады.

\*\*\*

Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф (міндет, борыш) қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар.

\*\*\*

Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді, осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап, екенін білерсің.

\*\*\*

Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген.

\*\*\*

Қылып жүрген өнері:  
Қаракеті – әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған,  
Кімге ойлайды берекет

\*\*\*

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек, Ашуың  
– ашыған у, ойың – кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық, Кім  
көңілді көретін, болады ермек.

\*\*\*



Қазаққа өлең деген бір қадірсіз.

\*\*\*

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы.

\*\*\*

Қулықты көрген,  
Сұмдықты білгіш Үш-  
төрт жылғы әдетің, Өзіңе  
болар жендетің.

\*\*\*

Құйрығы шаян, беті адам –  
Байқамай, сенбе құрбыға!  
Жылмаңы сыртта, іші арам  
Кез болар пайда сорлыға.

\*\*\*

Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,  
Жақсылық пен жамандық – болды сегіз

\*\*\*

Қара жер адамзатқа болған мекен,  
Қазына іші толған әртүрлі кен.  
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,  
Солардың ең артығы немене екен?

\*\*\*

Қайғылы қартаң біздей шал;  
Қарай берсең, қайда жоқ?  
Есер, есірік болмасаң,  
Тіршіліктен пайда жоқ.

\*\*\*

Құр айғай бақырған.  
Құлаққа ән бе екен?  
Өнерсіз шатылған  
Кісіге сән бе екен?

\*\*\*

Құдайтағала бұл ғаламады жаратты,  
ерінбеді, келісімменен, хикметпен кәмәлатты бір  
жолға салып жасады, сіздердің істеріңізде де бір  
жақсылықтып бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпен  
болсын.

\*\*\*

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не  
жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін  
емес. Етінен өткен, сүйгеніне жеткен, атадан мирас алған,  
оның сүтіменен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан  
кетірген.

\*\*\*

## Л

Лай суға май бітпесе, қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.  
Сол қасқырша алақтап , түн таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ол кеткен бе?

\*\*\*

## М

Мәдәт бер я шағиры фәрияд.

\*\*\*

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көңлін қойып, көзін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел бастан.

Мендей ғарып кез болса,  
Мойын салсын, ойлансын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын.

\*\*\*

Махаббат – өмір көркі.

\*\*\*

Мақтау – жел сөз, жанға қас, қошеметшіл шығарған.

\*\*\*

Мен – мақтанның құлы емес,  
Шын ақылға зорлық жоқ.  
Антұрған көп пұл емес,  
Өлім бар да қорлық жоқ.

\*\*\*

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан.  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

\*\*\*

Мен ішпеген у бар ма?

\*\*\*

Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса.  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?

\*\*\*

Махаббат пен жаратқан адамзатты, Сенде  
сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті

\*\*\*

\*\*\*

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең.

\*\*\*

Мен... – бір уыс топырақпын.

\*\*\*

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,  
Жеп жүр ғой біреуінің бірі етін,  
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің  
сырты бүтін, іші түтін.

\*\*\*

Мұңдасып, шер тарқатар кісі болмаған соң, ғылым өзі –  
бір тез қартайтұғын күйік.

\*\*\*

Малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба  
алмасаң, балаң тапсын.

\*\*\*

Мақтан деген нәрсенің екі түрлісін байқадым: біреуінің  
атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін.

Олар (бірінші) өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман  
дегізбесем екен деп азаптанады.

Екінші, мақтаншақ деген біреуді «демесін» демейді,  
«десін» дейді.

\*\*\*

Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау  
керек.

\*\*\*

Мен егер закон қуаты бар кісі болсам, адам мінезін түзеп  
болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

\*\*\*

Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым  
деген нәрселермен.

Мұның табылмақтығына себептер – әуелі һауас сәлим, һәм тән саулық; бұлар туысынан болады, қалмасы жақсы ата, жақсы ұстаздан болады.

Мал таппақ, мақтан таппақ, ғызат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқатын табылмайды.

Мал, мақтан, ғызат – хұрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады.

Егер де адам өзі оларға табынып, іздесе, тапса да, таппаса да, адамдығы жоғалады.

\*\*\*

Мен өзі тірі болсам да, анық тірі емеспін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі.

\*\*\*

Мал үшін аш қатасың, жан сатасың  
 Әкесі аштан өлген кісідей – ақ  
 Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

\*\*\*

Мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын!

Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

\*\*\*

Мазлұмға (зәбір көруші) жаның ашып, ішің күйсін,  
 Харакет қыл, пайдасы көпке тисін.

\*\*\*

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

\*\*\*

Малыңды жауға,  
Басыңды дауға  
Қор қылма, қорға, татулас

\*\*\*

Мақсұт – алыс, өмір – шақ.

\*\*\*

Момыннан жаман қорқақ жоқ,  
«Қу», «пысық» деген ат қайда?

Арсыз болмай атақ жоқ,  
Алдамшы болмай бақ қайда?

\*\*\*

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа.

\*\*\*

Мен – қажыған арықпын,  
Қатын – бала қонағы.  
Сендерге де қанықпын,  
Жұртың анау – баяғы.

\*\*\*

Мынау азған қу заман Қалыбына  
тұрмайды.

Біреу малды ұрлайды,  
Біреу басты қорлайды.

\*\*\*

Махаббатсыз – дүние бос, Хайуанға  
оны қосыңдар.

Қызықтан өзге қалсаң бос, Қатының,  
балаң, досың бар.

\*\*\*

Майданға түспей, бәйге алма.

\*\*\*

Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек.  
Жанбасқа батар, ұйқы жоқ.

\*\*\*

Майданға түспей, несі өнер.

\*\*\*

\*\*\*

Маған қылған қарызыңды Алла өтесін.  
Бір құдайың хақы үшін мен тілеймін.

\*\*\*

Алла хақы деген соң, амал да жоқ.

\*\*\*

Мінеки, келіп қалдық атар таңға,  
Жарқырап күнде шығар тірі жанға,  
Табытқа салып алып, әлде мені  
Апарар сырын білмес далаңға.

\*\*\*

Менің кеудем сендерге сандыкпен тең, Мүмкін  
болса, қақ жарып ашып көрсен.  
Ішін түгел көрген соң, өз көзіңмен,  
Тахиқ мені күнәһар, қу демес ең.

\*\*\*

Майысқаннан шіліктің несі кетті.

\*\*\*

Миллион хикмет бірлән жалаған машина, фабрика адам  
баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы  
махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе?

Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?

\*\*\*

## Н

Нанымы жоқ, анты бар, Ел  
нұсқыны кетті ғой.

Елмін деген салты бар Әлі  
күнге уайым

Қылған жан жоқ, ұялмай.

\*\*\*

Наданның көңлін басып тұр Қараңғылық  
пердесі.



\*\*\*

Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,  
Қазысы оның – арым мен бірақ құдай.

\*\*\*

Нысап, ұят бұл ғаделеттен шығады.

\*\*\*

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз білім болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

\*\*\*

Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

\*\*\*

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартарсың» деген бұрынғы ғылымдар.

\*\*\*

Нандым, сендім демек нандырамын, сендірмін деген емес.

\*\*\*

Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп, қарамаққа тез қозғап жібереді бұл – «подвижной элемент».

\*\*\*

Не жаманшылық болса да, бір әдетінен еріксіз қорыққанда, я өлгенде тоқтайды, болмаса, ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп, ойланып, өздігінен тоқтаған адамды көрмессің.

\*\*\*

Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік

қылып, ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес  
– надандық ұят, ақымақтық, жамандық.

Надан қуанар, арсаңдар,

\*\*\*

Танырқан тұра қалсаңдар.

\*\*\*

**О**

Осы жалған дүниеден  
Шешен де өткен не бұлбұл,  
Көсем де өткен не дүлдүл.

\*\*\*

Оқыған білер әр сөзді,  
Надандай болмас ақ көзді.

\*\*\*

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен.

\*\*\*

Ол күндер (келетін) – өткен күнмен бәрі бір бәс.

\*\*\*

Ойға түстім, толғандым,  
Өз мінімді қолға алдым.  
Мінезіме көз салдым,  
Тексеруге ойландым.  
Бойдағы мінді санасам,  
Тау тасынан аз емес,  
Жүрегімді байқасам,  
Инедейін таза емес.

\*\*\*

Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсің деген сөз.

\*\*\*

Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді.

Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Осы біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандықтан аманы жоқ болатұғыны қалай?

\*\*\*

Ол (тағат) – ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағын қасд қылса, ол не күзет. Күзеткен нәрсесі қайда кетеді?

Мақсат – күзетілген нәрсенің амандығы, тазалағы емес пе?

\*\*\*

Ойынға ойсыз надан бәрі құмар.

\*\*\*

Оның (өнердің, кәсіптің) бәрі – бірін бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері.

\*\*\*

Осы күніде анық мырза әлде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп.

\*\*\*

Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек.

\*\*\*

Орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес.

Малды қалай адал еңбек еткенде, табады екен соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік.

\*\*\*

\*\*\*

Оған (ақылсызға) ақыл – арам без.

\*\*\*

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандаманен күн кешкен түспе ізіме.  
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті Сен  
есірге, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме.

\*\*\*

Ортақтық, тыныштық достық қой,  
Оның қадірін кім білер? Әр кімге  
– ақ тілек қостық қой, Бәрі –  
алдамшы саудагер.

\*\*\*

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық, Үзілмес  
үмітпенен бос қуардық.  
Әйтеуір, ақсақалдар айтпады деп, Жүрмесін  
деп, аз ғана сөз шығардық.

\*\*\*

Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді.  
Өз еліме айтамын;  
«бергенім жоқ – деп білімді»

\*\*\*

«ой, тәңір – айшыл» кер есек, Қулық,  
еұмдық не өсек.  
Болмаған соң, бір есеп – Мейілі  
қамқа, мейілі без.

\*\*\*

Оны дағы байқарсыз, Біраз  
ғана сынасаң.

\*\*\*

Ортақтық тыныштық достық қой,  
Оның қадірін кім білер.

Ой көзімен қарасаң  
Қойдан жылқы асыл ма?

\*\*\*

Ойсыз доссыз бақытсыз,  
Жыбырлақпен өмір өтті.

\*\*\*

Осы өлең – оқитұғын дұғам менің .

\*\*\*

Отырғанда үйінде,  
Ылдидан төрін алады.

\*\*\*

Олар (ақылдылар, арлылылар) өзімді жақсы демесе мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуді демесін демейді, десін дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, десін деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді.

\*\*\*

Ортаға кеп салдым  
Өзімде барымды  
Япырмау , ненді алдым,  
Сау қоймай арымды.

\*\*\*

## Ө

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер, мал шашпақ – Бес  
дұшпаның білсеңіз.

\*\*\*

Өткен күннің бәрі ұмыт,  
Қолдаң келер қайрат жоқ.

\*\*\*

\*\*\*

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,  
 Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.  
 Ойшылдың мен де санды бірімін деп, Талап,  
 ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

\*\*\*

Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы Қиыннан  
 қиыстырар ер данасы.  
 Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп  
 – тегіс жұмыр келсің айналасы.

\*\*\*

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы, Сөз  
 қосарлық, орайлы жарасымы.

\*\*\*

Өмір, дүние дегенің  
 Ағып жатқан су екен.  
 Жақсы – жаман көргенің  
 Ойлай берсең, у екен.  
 Сөзі тәтті мағынасы түзу келсе. Оған  
 кімнің ұналар таласуы?

\*\*\*

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп,  
 екі басын ұстаған хақ.  
 Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ.  
 Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

\*\*\*

Өмірін берген құдайым,  
 Ажалын да беріпті.

\*\*\*

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол,  
 бірақ, қайтып келіп, ойнап – күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

\*\*\*

Өткен күнгі қызығым  
Ұйықтап көрген түстен кем.  
Өмірдің алды – ыстық, арты – суық, Алды  
ойын, артжағы мұңға жуық.

\*\*\*

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?

\*\*\*

Өткен өмір – ку соқпақ.

\*\*\*

Өз қораның қақпасын сен қатты жаптың, не айтайын?  
Жат қораның тақтасын мен жастанамын, қайтейін.

\*\*\*

Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан.

\*\*\*

Өзін өзі өзгешілікпен артық көрсетпек – адамдықтың  
нұрын, гүлін бұзады.

\*\*\*

Өткен өмір – көрген түс.

\*\*\*

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір, Арттағыға  
бір белгі қойса, нетер?

\*\*\*

Өз сөзім – өзімдікі.

\*\*\*

Өлімге шыдайтуғын қазақ көргеніміз жоқ, өлімге  
шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ. ... кеңірдегін  
көрсетеді - ау «қиылып қала қалайын» деп.

\*\*\*



---

\*\*\*

Өсіп – өну жолында адамның талап қылып, ізденер қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейтпек.

\*\*\*

Өзі өзгеше боламын демектің түбі – мақтан.

Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді де, күншілік күншілікті қозғайды.

\*\*\*

Өздерінің ырбаңы бар ма, пышпышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеді ешбір қызықты нәрсе бар дем ойламайды, ойласа да, бұрылмайды, сөз айтсақ, түгел тындап тұра алмайды: не көңілі, не көзі аландап тұрады.

\*\*\*

Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі.

\*\*\*

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

\*\*\*

Өнерсіздің қылығы –  
Тура сөзін айта алмай,  
Қит етеуге бата алмай,  
Қорлықпенен шіруге.  
Аз ақшаға жалданып,  
Өнбес іске алданып  
Жол таба алмай жүруге  
Алыс та болса, іздеп тап,  
Кореннойға (тұрақты)кіруге.

\*\*\*

Өзің үшін үйренсең,  
Жамандықтан жиренсең,  
Ашыларсың жылма – жыл.  
Біреу үшін үйренсең,  
Біреу білмыс, сен білсең,  
Білгеніңнің бәрі – тұл.

\*\*\*

Өзіңде бармен көз ұрып,  
Артылам деме өзгеден.

\*\*\*

Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.  
Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,  
Алды – ойын, арт жағы мұнға жуық.  
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,  
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

\*\*\*

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын  
артынына сөз қалдырған.

\*\*\*

Өткен күннің бәрі – ұмыт, Қолдан  
келер қайрат жоқ.

\*\*\*

Өз үйінде қипаңдап, Кісі  
үйінде күй тандап.  
Ақылы бар кісіні  
Ғайбаттайды, даттайды

\*\*\*

Өнісіз іске шеп – шебер,  
Майданға түспей несі өнер?

\*\*\*

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?  
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?  
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан  
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

\*\*\*

Өткен өмір – қу соқпақ,  
Қыдырады, талайды.  
Кім алдады, кім тоқпақ  
Салды, соны санайды.

\*\*\*

Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

\*\*\*

Өзін өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді,  
Ол – арсыздық белгісі.

\*\*\*

Өңкей жалған мақтанмен  
Шынның бетін бояйды.

\*\*\*

Өлім айтпас,  
Келсе қайтпас  
Кісіге.

\*\*\*

Өтті өмірім,  
Қайтты көңілім  
Бұл дүниенің ісіне.

\*\*\*

Өздерің де ойландар,  
Неше түрлі жан барсың.  
Ғылым де жоқ, ми да жоқ.

\*\*\*

Өмірдің, алла, беріпсің,  
Күнде өртерлік шыжығын.  
Баяны жоқ, байлаусыз,  
Тілекте жоқ бұзығын.

\*\*\*

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,  
Өсте өлмесін білгендей, қылық қылған,  
Ажал келіп, бас салса, жанды ұрласа,  
Өмір қайда, сен қайда, соны де ойла.

\*\*\*

\*\*\*

Өзі алданып, өзгеден соққы жеген

Және өзі біреуді алдай алмас.

\*\*\*

Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,  
 Ұйқы, тыныштық, ұмыту – бер дегінім.  
 Көкірегімде өмірдің күші тұрып,  
 Іздеймін дем алысты үзбегенім.

\*\*\*

## II

Пәндеде бір іс – жалығу деген.

Бірақ, осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген,  
 дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы  
 адамнан шығады.

\*\*\*

Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой.

Бір ақыл қуатымен мұны тоқтатып болмайды һәм ақыл,  
 һәм қайрат – екі мықты қуап қосылып тоқтатады. Ол екеуі  
 кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң, онан  
 шығатып бір жорға атпенен тең.

Егерде, бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яғни бірі бар,  
 бірі жоқ болса, бағанағы екі қуат – бір басы қатты асау ат:  
 жүгенсіз: тауға ұра ма, тасқа ұра ма, жарға ұра ма – құдай  
 білсін, әйтеуір, жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар  
 хәлінде сұрай да алмай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек  
 жайылып, екі көзің аспанда, масқара болып кеткенің  
 өлгенше.

\*\*\*

Пайда ойлама, ар ойла,  
 Талап қыл артық білуге.  
 Артық ғылым кітапта  
 Ерінбей оқып көруге.

\*\*\*

Пікірлемектің соңы ғибратламақ болса керек.

\*\*\*

Пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәсәллам «ақыр заманда бір жылдық – бір күн болар» дегенде сахаба – кәрәмләр (ғылым үйренушілер) «бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар деп сұрағанда, оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер» деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады.

\*\*\*

Пайданы көрсен, бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей, бәйге алмай.

\*\*\*

Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі.

\*\*\*

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,  
Ол тұрмас бастан жыға (бақ таю) қисайғанда,  
Мұнан менің қай жерім аяулы деп, Бірге  
тұрып қалады кім майданда.

\*\*\*

Пенде өлмейді арманнан.

\*\*\*

Пайдасыз ақыл,  
Байлаусыз тақыл,  
Атадан бала ойы өзге.

\*\*\*

Пайда, мақтап, әуесқой – шайтан ісі, Кәне  
біздің нәпсіні тыйғанымыз.

\*\*\*

## С

Саудасы – ар мен иманы.

\*\*\*

Соқпақ дауыл секілді біздің өмір,  
Не тыныштық тауып берді, ойла, өзің көр.

\*\*\*

Сап – сап, көңілім, сап көңілім, сап көңілім! Сабыр  
түбі – сары алтын.

\*\*\*

Сөзіне қарай кісіне ал,  
Кісіге қарап сөз алма. Шөн  
сөзі қайсы біле алмай, Әр  
нәрседен құр қалма.

\*\*\*

Сенімі жоқ серменде сырды бұзады.

\*\*\*

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел.

\*\*\*

Сый дәметпе, берсе алма, еш адаманан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?  
Сүйенерлік адамды құрмет қыл, Аулақ  
бол әнін сатып, алғаннан.

\*\*\*

Сен асыққан екен деп,  
Алла әмірін өзгертпес.

\*\*\*

Сүйер ұлың болса, сен, сүй,  
Сүйенерге жарар жол.

\*\*\*

Сұм – сұрқия, қу заман  
Гүл көрінер жігітке –  
Қызықты өмір жайнаған  
Кеудесі толып үмітке.



Көрік – тәңірі дәулеті!  
Қылса ұнар құрметі.

\*\*\*

Сұлуды сүймектік –  
Пайғамдар сүндеті.

\*\*\*

Сенделеді ит жүрек,  
Тірлікте бір қана алмай.

\*\*\*

Суық қабыр – қаранғы ұйқы орны ғой.

\*\*\*

Сырты абыз бар,  
Желқабыз бар,  
Алты ауыз бар – өзге жоқ.

\*\*\*

Сарғайды жүзіміз,  
Сарылды көзіміз.  
Қатайып сауықсаң,  
Сағынған өзіңіз.

\*\*\*

Сөзіңнің басы ыржаң, соңы қылжаң,  
Жүгенсіз жүре бермек – сенің ырзаң.  
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,  
Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

\*\*\*

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған, Өмірді  
білдірмеген, күнде ұрлаған.

\*\*\*

Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің. Ырғағына  
билесін ол құлаққа.

\*\*\*

Сұлу аттың көркі – жал,

Адамзаттың көркі – мал,  
Өмір сүрген кісіге Дәулет –  
қызық, бала – бал.

\*\*\*

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре  
етеді, ішіне қулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзінді алып шығар  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

\*\*\*

Сырым сау болса да , ішім өліп қалыпты.  
Ашулансам, ызалана алмаймын.  
Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, -  
бәрі де – әлдекімдікі.

\*\*\*

Сен, жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ,  
қылдырған құдай емес;  
Ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес;  
байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей  
қылған құдай емес деп ұқсаң болар, айтпесе жоқ.

\*\*\*

Сабын жаққан терідей жылп – жылп етіп.  
Шіркін – ай, бір орыннан табылмайды.

\*\*\*

Сіздің заһирыңыздағы (сыртқы) ғибадат –  
батыныңыздағы (ішкі) иманның көлеңкесі һәм сол иманның  
нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған.

\*\*\*

Сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын  
шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол  
секілді сөз болады.

\*\*\*

Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстықпенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

\*\*\*

Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

\*\*\*

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?

Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

\*\*\*

Сенісерге келгенде,  
Сене берер талғамай.  
Жұрты құрғыр сенгішке Тұра  
ма қулық жалғамай.

\*\*\*

Сыпайы жүр де, шаруа ойла, Даңғойланып  
қақтықпа.  
Бет алды жанға бой салма,  
Қорлық жүрмес сақтықта.

\*\*\*

Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң, Қандай  
жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

\*\*\*

Су жұғар ма,  
Сөз ұғар ма,  
Сыпыра жылмаң желбуаз?

\*\*\*

Соры қалың соққы жеген пышанамыз,  
Қайтып суып, жалғаннан күсе аламыз.

Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,  
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.

\*\*\*

Сөз мәнісін білсеніз,  
Ақыл – мизан өлшеу қыл.

\*\*\*

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсекызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан алауыз.

\*\*\*

Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.

\*\*\*

Сыналар, ей, келді жерің,  
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.  
Жан құмары дүниеде немене екен – Соны  
білсең, әрнені білгендерің.

\*\*\*

Сөз қыдыртқан,  
Жұрт құтыртқан,  
Антын, арын саудалап.

\*\*\*

Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
Һәмишә өмір өтпес – ол білдірмек.  
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас, Өтгі,  
өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

\*\*\*

«Сіз білесіз» дегенде;  
Күнге күйіп, пісіппін;  
Мақтанбасқа мақтанып,  
Деп жүріппін пысықпын.

\*\*\*

Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,  
Сүйтсе де, ірісімен кеңесіп жүр.  
Кайбірін қауіптендір мінін тауып,  
Кайбірін жылы сөзбен көңілін тауып.

\*\*\*

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,  
Көңілді көтереретін қуаныш бар.

\*\*\*

Сараңның дәулеті - өз соры.

## Р

Рәсүлді алған бұл өлім Кімнен  
жөн сұрайды.

\*\*\*

Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам  
баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай, оларға да болса  
игі еді демек, бұлар – жүрек ісі.

\*\*\*

Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ – әрбір адамды бұзатын  
фиғыл.

\*\*\*

Растық бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы  
қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек.

\*\*\*

Руза, намыз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсақ, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бектітпей, соңғы төртті  
Қылғанмен татымды бермес жеміс.

\*\*\*

## Т

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес  
 асыл іс көнсеңіз.

\*\*\*

Туғанда, дүние есегін ашады өлең,  
 Өлеңменен жер қойынына кірер денең.  
 Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
 Ойлансаңшы бос қақпай елең – селең.

\*\*\*

Тамағы тоқтық,  
 Жұмысы жоқтық  
 Аздырар адам баласын.

\*\*\*

Тәңрі – қазы, тас – таразы.  
 Сертті сұрамас деп қалма  
 Серт бұзғаның біл, орын – жоқ.

\*\*\*

Тұлпардан тұғыр озбас табылса да, Оған  
 да үкі, тұмар тағылса да.

\*\*\*

Тыңдамаса, еш адам, Өз  
 жүрегім толғансын. Әр  
 сөзіне қарасын, Іштегі  
 дертім қозғалсын.

\*\*\*

Тірі адамның ісі – үміт.

\*\*\*

Түзде мырзаң,  
 Үйде сырдаң,  
 Сөзі қылжаң еркесің.

\*\*\*

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?  
 Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?  
 Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп, Сендіре  
 алмай, сене алмай, сенделеді.

\*\*\*

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
 Еңбек қылмас ерін шек адам болмас.  
 Есек к...н жусаңда, мал тауып кел  
 Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

\*\*\*

Тиянағым, тұрлауым, Енді  
 кімге асылдым?

\*\*\*

Туғызған ата, ана жоқ, Туғызарлық  
 бала жоқ.  
 Туысқан – туған, құрбылас, Қызығымен  
 және жоқ.

\*\*\*

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,  
 Осы күнді күн демес, қарғап, мінеп.  
 Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық  
 Келде қайғы, азапты тағы іздеп.

\*\*\*

Туысқаның, достарың – бәрі екі ұшты, Сол  
 себепті досыңнан дұшпан күшті.

\*\*\*

Тегінде адам басы сау бола ма?  
 Бойында тексерілмес дау бола ма? Ері  
 ашу айтса, әйелі басу айтып отырса,  
 Бұрынғыдай жау бола ма?

\*\*\*

Тірлік... көкірегі, көңлі тірі болса, соны айтады.  
 Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз  
 ұға алмайсың.

Адал еңбекпен ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла  
 алмайсысың.

Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді.

\*\*\*

Тоқ тіленші – адам сайтаны,  
 Харекетсіз – сопы монтаны.

\*\*\*

Тегінде ойлаймын, бұл да жақсы.

Өлер кезде «әттеген – ай, сондай – сондай қызықтарым  
 қалды – ау» деп, қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса,  
 артқа алаң болмай өлуге.



\*\*\*

\*\*\*

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық.

\*\*\*

Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын.

\*\*\*

Тәңрі добы – бұл ғарып бас.

\*\*\*

Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым – білімге махаббатандырмақ әлгі айтылған үшеуінен (адамның адамдығы, ақыл, ғылым ) болады.

\*\*\*

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

\*\*\*

Тоқал қатын өр келетұғыны несі?

Кеселді кісі ер келетұғыны несі?

Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

\*\*\*

Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді. пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді.

Жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір

қызығының ақырының шолақтығын көрген – білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда, ақымақтақ, қайғысыздық та бір ғанибепт екен деп ойлаймын.

\*\*\*

Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей; жанын қарманып, адал еңбекпенен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

\*\*\*

Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,  
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын,  
Көптің ауызын күзетсең, күн көрмейсің,  
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!

\*\*\*

Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасың.

\*\*\*

Тіл өнері дертпен тең.

\*\*\*

Татулықты, тыныштықты  
Қоныр көрер, кем көрер.  
Ұрлық пен қулықты Қызық  
көрер, өңі енер.

\*\*\*

Тартқан бейнет, өткен жас.  
Жүректің отын сөндірмес.  
Махаббат – өмір көркі, рас,  
Өлген соң ол да үндемес.

\*\*\*

Тәңірі қосқан жар едің сен.

\*\*\*

Толғауы тоқсаң қызын тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.

\*\*\*

Тынымадық,  
Жарымадық  
Жақсыға біргелі.

\*\*\*

Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп, тыя алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай, Таба  
алмадық өңге елді.

\*\*\*

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып, ұялған соң,  
Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.

\*\*\*

Тіпті оңбассың, өзіңе өзің мәз боп,  
Дастарханның байлығын мақтан көрсең.

\*\*\*

Тәуекел мен батыр ой  
Өткір тілді найза етіп,  
Сайысып – ақ бақты ғой,  
Неше түрлі айла етіп,  
Оянбай, қайран жұрт,  
Ұялмай қал жым – жырт.

\*\*\*

Тән сүйгенін бермесе,  
Жан шыдамас жаны ашып  
Бере берсең бер десе,  
Үміт етер таласып.

\*\*\*

Түбінде баянды еңбек салған  
Жасынан оқу оқып, білім алған. Би

\*\*\*

болған, болыс болған өнер емес,  
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.  
Таласпа, жаным – ай,  
Қолыңнан келмеске.  
Боларсың бақадай,  
Көп түссең егеске.

\*\*\*

Тау жебелеп, жортады көк бөрілер,  
Олдағы ат артына бөктерілер, Қиыр  
жайлап шет қонған ағайынның  
Талай жанның көзіне жек көрінер.

\*\*\*

### Ү

Үш – ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

\*\*\*

Үшеуің (қайрат, ақыл, жүрен) ала болсаң, жүректі  
жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта. Құдай  
тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны  
осы.

\*\*\*

### Ү

Ұрлық қылар тентіреп, тамақ асырар,  
Болмаған соң, жұмыс қып мал табарлық.

\*\*\*

Ұрлаған сөз деп айтасың,  
Сөз ұрлыққа жүре ме?

\*\*\*

Ұзақ өмір не берер,  
 Көрген, білген болмаса?  
 Жатқан надан не білер,  
 Көңіліне сәуле толмаса.  
 Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Үннің  
 тәтті оралған мәні оятар.

\*\*\*

Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ, осы бұзақының  
 тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?

\*\*\*

Ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен  
 ұялмайды.  
 Мұның бәрі надандық, ақымақтықтың әсері.

\*\*\*

«Ұялмас бетке талмас жақ береді» деген.

\*\*\*

Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы,  
 иттігіңді ішіңнен өз мойыныңа салып, сөгіс қылған  
 қысымның аты.

\*\*\*

Ұяламын дегені көңіл үшін, Ұсақ  
 қулық бір ғана өмір үшін.  
 Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ, Жігері  
 жоқ, маңызы жеңіл үшін.

\*\*\*

Ұмытқаның жарамас  
 Жаратушы құдайды.  
 Халық билеген патшалар,  
 Уақыты жетсе, құлайды.  
 Дәл уақыты жеткенше,  
 Талайдың гүлі курайды.

\*\*\*

\*\*\*

Ұлыққа жәрдем өткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады (Абай қол қойған Ережеден)

\*\*\*

## X

Халықтың аты керек қой,  
 Я мақтауға, боқтауға.  
 Хақ салған жол – кеудемде бір закон бар,  
 Оны құдай өзгеннен кем деместі.  
 Ақтығымды біледі сол көкірік,  
 Сол законге билеткен біздің жүрек.  
 Алла берген қауыпты осы сырым  
 Көрге бірге өзіммен барса керек.

\*\*\*

Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ мақтаншақ, қорқақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан келеді, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ – өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

\*\*\*

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болды, өшкені де болады.

\*\*\*

Хақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме?

\*\*\*

Хақим, ғалым асылда бір сөз, бірақ ғарафта (біліп – тануда) басқалар дүр.

\*\*\*

\*\*\*

Хикмет құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадарі ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хақим ат қойған.

\*\*\*

Хақиқат та, дін – дағы тереңінде.

\*\*\*

«Һай – һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді.

\*\*\*



### Ш

Шын ұят – сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыйұрлы бойға теріс бір іс.

\*\*\*

Шәкірліктен (шүкіршіліктен) ғибадаттың бәрі туады.

\*\*\*

/Шын/ ұят екі түрлі болады.

Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай – ақ, бір бөтен адамнан шыққанып көргенде, сен ұялып кетесің.

Екіншісі – я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады.

\*\*\*

Шала мейір шала байқайды.

\*\*\*

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса – күйсе.

\*\*\*

Шын жүрек – бір жүрек.

\*\*\*

Шыны ғашық жар болса,  
Неге өлдім деп налымас.  
Онда екеуі кез келсе,  
Бірін бірі танымас.

\*\*\*

Шыны сорлы – мендағы,  
Мағыш байқап қара.

\*\*\*

Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан.

\*\*\*

### Ы

Ынсапсызға не керек  
 Істің ақ пен қарасы.  
 Нан таппаймыз демейді,  
 Бүлінсе елдің арасы.

\*\*\*

Ынсап – ұят, ар – намыс, сабыр, талап,  
 Бұларды керек қылмас ешкім қалап,  
 Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
 Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

\*\*\*

Ішім өлген, сыртым сау,  
 Көрінгенге деймін – ау:  
 Бүгінгі дос – ертең жау,  
 Мен не қылдым, япырма – ау?!

\*\*\*

Ішімен жау боп, сыртымен  
 Кім тояр қылған құрметке.

\*\*\*

Ішінде кімнің оты бар, Қар  
 жауса да, сөнер ме?

\*\*\*

Іздеп табар жалғаннан  
 Бала берген бенде едім.  
 Бенде өлмейді арманнан  
 Мінеки, мен де өлмедім.

\*\*\*

Ызалы жүрек, долы қол,  
 Улы сия, ащы тіл,  
 Не жазып кетсе, жайы сол,  
 Жек көрсеңдер, өзің біл.

\*\*\*

Ішіп терең бойлаймын,  
Өткен күннің уларын

\*\*\*

Ызалы күлкі – өзі де қайғы.

\*\*\*

Ішім – толған у мен өрт, сырым дүрдей,  
Мен келмесеке кетерлік түк өндірмей.  
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын, айта бермей.

\*\*\*

Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ,  
сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ,  
алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар.  
Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

\*\*\*

Іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым  
еді ғой.

Оның да нешетүрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар.  
Оны білмесең, бақпасаң – айрыласың.

Және әрбір жақсы нәрсенің «өлгешеуі бар, өлшеуінен  
асса – жарамайды».

\*\*\*

Істің басы – ретін танымақтық, Иман  
білмес тағатты қабыл демен.

\*\*\*

Ынсап, ұят, терең ой  
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

\*\*\*

## Ф

Фзули, Шәмша, Сәйхали,

Навои, Сағди, Фирдауси,  
Қожа Хафиз – бу һәммам  
Мәдәт бер я шағири фәрияд.

\*\*\*

Фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

\*\*\*

Фиғыл пәнденің (адам ісін) қазығы – осы жақсы жақсы  
хакимдер.

Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран  
болар еді.

\*\*\*

Уайым – ер қорғаны, есі барлық,  
Қиыны біл дүниенің – қолы тарлық.  
«Еһе – еһеге» елірме, бозбалалар, Бұл  
– бес күндік бір майдан сынарлық.

\*\*\*

Уайым – қайғысыздығыңа уайым – қайғы қылдағы, сол  
уайым – қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет  
табу керек һәм қылу керек.

\*\*\*

Уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, сақ бол  
(«зинһар») жаным соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі –  
құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші  
– ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны.

Ол бар жерде бұлар болмайды.

\*\*\*

## Я

Я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан гадаләт,  
шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың  
болса, ол жол – құданың жолы.

## Мазмұны

## 1-тарау

Алғысөз	3
..... Ұлы	
Ескерткіш	7
Беташар немесе мәнашар жолдар	
..... Ұрпақ тәрбиесі	14
..... 10 Өзін тану	
.....	
Жаманшылықтан	арылу
..... 19	
Кемелдік	жолы
..... 23	
Дүниені	тану
..... 35	78
.....	87
Дін: оқу орындары, қызметшілері, ғибадат мәселесі	
..... 45	
Алланы тану	
..... 59 Абай –	113
суреткер	118
Абай сөздерінің сыры хақында	
.....	
Абай «Сөзінің» басылымы жайында	
..... 93	
Нақылдары	
..... 106	137
Абай пайдаланған аят-хадистер, ғұламалар ойы	
..... 110	
Алланың сипаттары мен көркем есімдері	
..... Иманның жеті парызы	
.....	

Түйінсіз .....121

**2-тарау**

Алғысөз немесе Абай афоризмдерінің мәні хақында.....124

Абайдың – нақыл сөздері .....

## Абай сөзі – даналық көзі

Редакторы – Мұстафин Серік Қамзаұлы  
Техникалық редакторы – Мұстафин Азамат Серікұлы  
Компьютерде тергендер: Жакашова Ляззат Қасенқызы

Басуға 16.06.2020 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Қағазы офсеттік.  
Қарпі «Times New Roman». Көлемі 10,8 ш.б.т.  
Таралымы 50 дана. Тапсырыс № 21429  
«Tengri.ltd» ЖШС баспаханасы,  
Қарағанды қ. Бұқар Жырау даңғ, 84  
Тел. +7 7212 434954, +7 702 222 3022, +7 700 222 3022